

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ



Атбасар қаласы
2024 оқу жылы

Мазмұны

- 1- тарау. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.....
- 2- тарау. Кадрлық құрамға талдау.....
- 3- тарау. Білім алушылар контингенті.....
- 4- тарау. Оқу-әдістемелік жұмыс.....
- 5- тарау. Оқу материалдық активтер
- 6- тарау. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор
- 7- тарау. Білім алушылардың білімін бағалау
- 8- тарау. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы.....

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ -нің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытындысы

I тарау. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/> мектеп сайты.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұда нәрі-Заң) басшылыққа ала отырып, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен мектептің өзін-өзі бағалау жұмыстары 2024 жылғы 23 - қаңтар күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңесінің шешімімен бекітілген аттестаттау комиссиясымен (бұдан әрі-комиссия) келесі құрамда өткізілді.

Бұйрық

өзін –өзі аттестаттау комиссия құрамы-

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/3075-28-03-24-23-12-31-prikaz-o-sozdanii-komissii-dlya-provedeniya-sam>

Білім беру ұйымын аттестаттау туралы педагогикалық кеңес

1. Алкенова Нурсулу Амандыковна – «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры, комиссия төрайымы;
2. Шакеева Мина Ескеновна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Жиенгарина Аридаш Мырзағалиевна – директордың бастауыш сынып бойынша оқу ісінің орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Смагулова Бахыт Сериковна - директордың тәрбие ісінің орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Нағашыбаев Нурболат Ермуратович– кәсіподақ төрағасы, комиссия мүшесі;
6. Тохил Айгуль – шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі
7. Шахметова Асемгуль Назымбековна – психолог, комиссия мүшесі;
8. Акпаева Жанат Каримбековна – кітапханашы, комиссия мүшесі;
9. Муканова Гульзада Кابدешовна – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;

Комиссиямен Бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді. Талдау барысында 2021-2024 оқу жылдар барысындағы мектеп қызметі сарапталды.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет және құрылтай құжаттары:

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Занды мекен-жайы: 020400, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы Ш.Уалиханов көшесі 13 .

Заңды тұлға: «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Байланыс телефоны: 8 (71643) 2-56-14

Электрондық мекен-жайы: atbasar_sh7@mail.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі) <http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/prikaz-o-naznachenii-na-dolghnosty-direktora-shkoly>

Мектеп директоры Алкенова Нурсулу Амандыковна 2023 жылы 3 сәуірден бастап «Ақмола облысы Білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша Білім бөлімі» ММ №02-08/29 31.03.2023 ж бұйрығымен «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ басшысы қызметіне тағайындалды.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/9050-24-03-24-15-20-26-obschaya-harakteristika-organizaciy-obrazovaniy>

1. Уәкілетті орган: «Ақмола облысы Білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша Білім бөлімі» ММ ; Құрылтайшысы «Ақмола облысының әкімдігі».

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 14 қаңтарында берілген. Қабат саны-3, жалпы ауданы-2319,2м², жер учаскесінің алаңы-0,3720га, салынған жылы-1963 жыл.

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Есіл ауданаралық әділет басқармасында 14.01.2021 жылы тіркеліп, Ақмола облысының әкімдігінің 2021 жылғы 05 қаңтар №А-1/3қаулысымен бекітілген;

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/ustav-shkoly>

Бизнес идентификациялық нөмірі - 900940000011

Рұқсат беру құжаттары:

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/svidetelystvo-o-gosudarstvennoy-pereregistracii-yuridicheskogo-lica>

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 15 ақпан 2021 жылғы KZ32LAA00023584. мерзімі– шектелмеген <http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/licenziya>

Оқыту тілі: Қазақша.

Оқу ауысымы: 2

1-4 сынып -12 сынып комплект – 220 оқушы

5-9 сынып – 13 сынып комплект - 235 оқушы

10-11 сынып – 3 сынып комплект – 56 оқушы

Барлығы: 511 оқушы 1-11 сынып – 28 сынып комплект

Жалпы 551 оқушының 278 –ұл, 273 – қыз

Даярлық сыныбында 40 оқушы – 2 сынып комплект

Сонымен қоса мектепте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының негізінде құжаттар жүргізілуде:

Педагогикалық кеңес хаттамасы

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/protokoly-pedagogicheskogo-soveta>

Оқушыларды тіркейтін Алфавиттік кітап

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/alfavitnaya-knighka-dlya-registracii-uchaschihsya>

Оқушылардың үлгерімі туралы табельдерді есепке алу кітабы

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/ghurnal-ucheta-uspevaemosti-uchaschihsya>

Мақтау грамотасы және мақтау қағаздарын беруді есепке алу кітабы

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/kniga-ucheta-pochetnyh-gramot>

Негізгі орта білім беру бітіргендігі туралы аттестатты беру және есепке алу кітабы

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/kniga-registracii-svidetelystv-ob-okonchanii-osnovnogo-srednego-obrazo>

Жалпы орта білім туралы аттестаттарды беру және есепке алу кітаб

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/kniga-vydachi-i-registracii-attestatov-ob-obshchem-srednem-obrazovanii>

Кеткен, келген оқушыларды тіркеу журналы

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/ghurnal-registracii-vybyvshih-i-pribyvshih-uchaschihsya>

Мектепшілік бақылау жоспары

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/plan-vnutrishkolynogo-kontrolya>

Штаттық кестеге сәйкес мектеп әкімшілігінде директор саны – 1, директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары – 3, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары – 1.

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/9130-25-03-24-08-45-49-shtatnoe-raspisanie>

Әкімшілік-басқару аппаратының құрамы туралы мәліметтер

1. Алкенова Нурсулу Амандыковна, 02.11.1982 жылы туылған, білімі жоғары, диплом бойынша мамандығы биология-химия пәні мұғалімі, біліктілік санаты биология пәні мұғалімі ретінде «педагог-сарапшы» (2019 жылы берілді), мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары терінде үшінші біліктілік санатты орынбасары (2020 жылы берілді) педагогикалық өтілі 17 жыл, осы оқу ұйымында 12 жыл, осы лауазымда 1 жыл (директор), тағайындалу бұйрығы №02-08/29. 31.03.2023ж

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/alkenova-na>

Директордың оқу, ғылыми және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

1. Шакеева Мина Ескеновна, 24.05.1969 жылы туылған, білімі жоғары, диплом бойынша мамандығы педагог-психолог, біліктілік санаты өзін-өзі тану пәні мұғалімі ретінде «педагог-модератор» (2020 жылы берілді), мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары ретінде үшінші біліктілік санатты орынбасары (2020 жылы берілді) педагогикалық өтілі 34 жыл, осы оқу ұйымында 9 жыл, осы лауазымда 3 жыл (завуч), тағайындалу бұйрығы №02-01/88. 01.09.2021ж
<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/shakeeva-me>
2. Джиенгарина Аридаш Мырзағалиевна 22.09.1991 жылы туылған, білімі жоғары, диплом бойынша мамандығы бастауыш сынып мұғалімі, біліктілік санаты "педагог-сарапшы" (2019 желтоқсанда берілді), педагогикалық өтілі 12жыл 7 ай, осы ұйымда 12жыл 2 ай. Осы лауазымда 1 ай тағайындау бойынша бұйрық №01-06/28. 05.02.2024ж <http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/dghiengarina-am>
3. Смагулова Бахыт Сериковна, 02.03 1968 жылы туылған, білімі жоғары, диплом бойынша мамандығы физика және математика пәні мұғалімі, біліктілік санаты "педагог-модератор"(2022 жылы берілді), мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ретінде екінші біліктілік санаты (2023 жылы берілді) педагогикалық өтілі 33жыл, осы оқу ұйымында 21 жыл, осы лауазымда 16 жыл.
<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/smagulova-bs>
4. Шахметова Асемгул Назымбековна 19.10.1982 жылы туылған, білімі жоғары, педагог - психолог, біліктілік санаты педагог - психолог ретінде "педагог-модератор" (2023 жылы бекітілді) педагог - психолог ретінде 18 жыл, осы оқу ұйымында 18 жыл.
<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/shahmetova-an>
5. Муканова Гульзада Кабдешовна, 30.11.1972 жылы туылған, білімі жоғары, диплом бойынша мамандығы бастауыш сынып мұғалімі, педагогикалық өтілі 22 жыл 9 ай, осы оқу ұйымында 1жыл 4 ай, осы лауазымда 1 жыл 4 ай, тағайындау туралы бұйрық №02-03/97. 01.12.2022ж <http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/mukanova-gk>

2- тарау Кадрлық әлеуетті талдау.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына критерийлер.

Білім беруді жаңғырту жағдайында оқытудың барлық үлгілері білім беру сапасын арттыру функциясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік білім беру стандарты контекстінде іске асырылады.

Білім беру сапасын арттыру мұғалімнің дайындық деңгейі мен кәсібилігіне, оның құзыретіне тікелей байланысты, сондықтан педагог кадрларды қайта даярлауға көп көңіл бөлінеді мұғалімнің кәсіби шеберлігіне де елеулі талаптар қойылады.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға "Өрлеу "Біліктілікті Арттыру Ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы, "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы арттыру курстары ықпал етеді.

Мектеп әкімшілігі кадрлардың біліктілігін жоспарлы түрде арттыруды қамтамасыз етеді. Біліктілікті арттыру курстарынан өтудің перспективалық жоспары жүргізілуде.

Педагог кадрлар жайлы мәліметтер, сапалық құрам туралы мәліметтер

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/>

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/4332-24-03-24-15-47-13-2023>

2021 жылдан 2024 жылға дейін педагогтардың 46 -сі курстық дайындықтан өтті. Оның ішінде:

- 1) «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ – 31 ;
- 2) "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы – 9;
- 3) Адам үйлесімді даму институты -2 ;
- 4) "Ұлттық-ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы" РМҚК – 3;

Курстан өтпеген мұғалімдер саны – 1 жас маман .

Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер саны – 23. Оның ішінде: «Педагогикалық қоғамдастықтағы көшбасшылық» курсын бітіргендер – 5,

«Тәжірибедегі рефлексия», яғни тренерлік курсын бітірген мұғалімдер саны – 5.

«Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» (тренерлік) курсын бітірген мұғалімдер саны –

Мұғалімдердің білім деңгейі

Оқу жылы	1-4 сыныптар			5-11 сыныптар		
	Мұғалімдер саны	жоғары білімді	орта арнаулы білімді	Мұғалімдер саны	жоғары білімді	орта арнаулы білімді
2021-2022	12	9 (75%)	3 (25%)	37	36 (97%)	1(2,7%)
2022-2023	12	10 (83%)	2 (17%)	36	35 (97%)	1 (2,7 %)
2023-2024	12	12 (100%)	0	34	33 (97%)	1 (2,7)

Мұғалімдердің біліктілік санаттары

Оқу жылы	1-4 сыныптар						5-11 сыныптар							
	Мұғалімдер саны	педагог- шебер	Педагог- зерттеуші	педагог- сарапшы	педагог- модератор	екінші санат	Мұғалімдер саны	педагог- шебер	педагог- зерттеуші	педагог- сарапшы	педагог- модератор	жоғарғы санат	бірінші санат	екінші санат
2021-2022	12	0	3 (25%)	4 (33%)	4 (33%)	1 (1)	34		10 (27%)	8 (24%)	4 (10%)	2 (5%)	3 (8%)	3 (8%)

)))	%))))))
2022-2023	12	0	3 (25%))	3 (25%))	4 (33%))		36	10 (28%))	7 (19%))	5 (13%))		1 (2%))	1 (2%))
2023-2024	12	0	3 (25%))	3 (25%))	4 (33%))		32	9 (28%))	9 (28%))	9 (28%))			

Бастауыш мектеп

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтардың жалпы санынан педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі - 54%.

Бастауыш сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдердің барлығы – 12, оның ішінде:

педагог- зерттеуші - 3

педагог- сарапшы – 3

педагог- модератор – 4

педагог – 2

Негізгі мектеп және орта мектеп

Негізгі және орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі – 53 %.

Негізгі және орта мектепте жұмыс істейтін барлық мұғалімдер саны – 34, оның ішінде:

педагог- зерттеуші - 9


педагог- сарапшы – 9

педагог- модератор – 9


педагог – 6

Мектептің кадрлық әлеуеті бірнеше жылдар бойы өзгерді, бірақ тұтастай алғанда тұрақты болып қалды, кәсібилік пен өз жұмысының нәтижелері үшін жауапкершіліктің жеткілікті жоғары деңгейіне жетті. Мектепте оқытудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге, оқушылардың жеке дамуына жағдай жасауға қабілетті жоғары білікті педагогикалық ұжым жұмыс істейді.

Ағымдағы оқу жылында мектеп 44 педагогикалық қызметкермен (әйелдер - 34, ерлер - 10) жасақталған. Оның ішінде жоғары білімді 45 (97%), арнаулы орта білімді 2 (2,7%).



Штаттық 46 педагог қызметкердің 5 жылға дейінгі педагогикалық өтілі бар – 1; 5 жылдан -15 жылға дейін – 10; 15 жылдан -25 жылға дейін – 12; 25 жылдан жоғары – 21.




Жасы бойынша педагогикалық ұжым келесі құрамдағы педагогикалық штаттық қызметкерлердің болуын білдіреді: 30 жасқа дейін - 4 (10%); 30 жастан 39 жасқа дейін – 5 (23%); 40 жастан 49 жасқа дейін – 18 (39%); 50жастан 59 жасқа дейін-16(34%) 60 және одан жоғары – 2 (4,3%).



Жас құрамын талдау мектепте жас және орта жастағы педагогтардың, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру және өзара іс-қимыл жасау үшін тәжірибелі педагогтардың жеткілікті әлеуеті бар екенін көрсетеді.

Біліктілік санаттары бойынша сапалық құрамның деректерін талдау педагог зерттеушілер мен сарапшылардың үлесі бастауыш буында 50%, орта және аға буында 53% құрайтынын көрсетеді. Жалпы «педагог-шебер», «педагог- зерттеуші», «педагог- сарапшы» білктілік санаттары бойынша педагогтердің үлесі - 54%.



Сапалық құрамның осы бағытын талдай отырып, келесі суретті анық байқауға болады: 2022-2023 оқу жылы зерттеушілердің, сарапшылардың өсуі. Сонымен қатар, санаты жоқ педагогтар саны азайды. 2023-2024 оқу жылында зерттеуші саны азайғандығы көрінеді. Оған себеп педагогтердің кезекті аттестаттауы кезінде тестілеу нәтижесі бойынша бір педагогтің санаты бір деңгей төмендетілді.

Мектепте Lesson Study тәсілін тәжірибеге енгізу мәселелері бойынша сертификатталған мұғалімдердің желілік ынтымақтастығы жұмыс істейді. Жұмыс жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Аталған қоғамдастық жұмысының мақсаты-педагогтердің деңгейлік даярлық идеяларын енгізу бойынша кең өзара іс-қимылы-семинар-практикум, коучинг, мастер-класс, ашық сабақтар. Сертификатталған мұғалімдердің желілік қауымдастығы оқытудың инновациялық технологияларын енгізу үшін жұмыс істейді. Желілік қоғамдастықтың көмегімен мұғалімнің психологиялық жайлылығының өзіндік кеңістігі жасалады.

Мұғалімдердің сапалық құрамы олардың кәсіби жетістіктерінен көрінеді, көптеген мұғалімдердің еңбектері кәсіби марапаттарға ие болды. Педагогикалық ұжымның қазіргі құрамынан аттестатталатын кезеңде көптеген мұғалімдер марапатталды.

Мектеп әкімшілігінің қызметі мектептің педагогикалық қызметкерлерінің қызметін ынталандырудың тиімді әдістерін, оның даму стратегиясына сәйкес келетін барлық қызмет бағыттарын іздеуге бағытталған.

Педагогикалық кеңестің шешімімен 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс мектептің әдістемелік тақырыбы шеңберінде ұйымдастырылды, оның таңдауы мектеп үшін өзекті мәселелермен және кәсіби қиындықтарды диагностикалау нәтижесінде анықталған мектеп педагогтерінің білім беру сұраныстарымен түсіндірілді: «Заманауи білім беру технологияларын шеберлікпен қолдану арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру»

Мақсаты: мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беру саласындағы жаңалықтарды, озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты әдістемелік көмек көрсету.

Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысы жоспар негізінде құрылады. Мектептің әдістемелік жұмысын жоспарлау кезінде педагогикалық ұжым мектепті дамыту бағдарламасын, бастауыш жалпы, негізгі жалпы және орта білім берудің негізгі білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға ықпал еткен формаларды таңдауға тырысады. Мектептің әдістемелік жұмысының рөлі қазіргі жағдайда оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістемелерін, тәсілдері мен нысандарын ұтымды және жедел пайдалану қажеттілігіне байланысты айтарлықтай артып келеді. Әдістемелік

кеңестің жұмысы әдістемелік бірлестіктермен тығыз байланыста, педагогикалық кеңестер, "дөңгелек үстелдер", семинарлар арқылы құрылды.

Мектепте мұғалімдердің 6 әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Әрбір ӘБ мектептің әдістемелік тақырыбымен тығыз байланысты өзінің әдістемелік тақырыбымен жұмыс істейді.

2022-2023 оқу жылында оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін әдістемелік бірлестіктер, деңгейлік мұғалімдер, эстетикалық цикл мұғалімдері, бастауыш сынып мұғалімдері, пәндік апталықтар өткізілді. Мектептің әдістемелік жұмыс жүйесіндегі ашық сабақтар мұғалімнің өзінің педагогикалық технологиясын көрсетуі ретінде қарастырылады, онда ол әртүрлі мәселелерді шешу жолдарын көрсетеді. ӘБ отырыстарында өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптары бойынша педагогтердің сөз сөйлеуі тәжірибе алмасуға және олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға қызмет етеді.

Оқу жылының басында мектеп педагогтарын аттестаттау және біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілді. Педагогтер педагогтерді аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттарымен танысты.

Бірлестіктер мен мектеп әкімшілігінің жұмысында озық педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылады. Педагогикалық тәжірибені жалпылау педагогикалық қызметті талдау, бағалау және жоспарлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, мұғалімдерді шығармашылық ізденіске қосады.

Жетістіктерді дәріптеу, мұғалімдердің ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы бойынша жұмыстар мақсатты түрде жүргізілуде.

3- тарау Білім алушылар контингенті

Мектепте 1-11 сынып оқушылары оқытылады. Оқу тілі-қазақша.

3 жылғы титулка <http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/titulka>

Мектеп келесі режимде жұмыс істеді:

- 1-11 жалпы білім беретін сыныптар 5 күндік жұмыс аптасы;

Сабақтың басталуы:

- 1 ауысым – 8:30 бастап;
- 2 ауысым – 14:00 бастап.

Сабақтың ұзақтығы- 45 минут

Күндізгі және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен анықталады.

Оқу жылының ұзақтығы сыныптарда- 36 апта.

Оқушылар контингенті

2022-2023 оқу жылының басында мектепте 513 оқушы 504 оқушымен аяқтады. Оның ішінде

1 сынып 51 оқушы

2-4 сыныптар 150 оқушы

5-9 сыныптар 252 оқушы

10-11 сыныптар 51 оқушы

Үйде оқитын

1- сынып 1 оқушы

4- сынып 1 оқушы

2022-2023 оқу жылында сынып жиынтықтарының саны -31 .

Соның ішінде:

Бастауыш сыныптар

1 сыныптар 3 жиынтық

2-сыныптар 3 жиынтық

3-сыныптар 3 жиынтық

4-сыныптар 3 жиынтық

5-сыныптар 3 жиынтық

6-сыныптар 3 жиынтық

7-сыныптар 3 жиынтық

8-сыныптар 3 жиынтық

9-сыныптар 3 жиынтық

10-сыныптар 2 жиынтық

11-сыныптар 2 жиынтық

Сыныптардың орташа толымдылығы: 15-21 оқушыдан

Соның ішінде:


1-4 сыныптар 15-18 оқушы

5-9 сыныптар 16-18 оқушы

10-11 сыныптар 11-15 оқушы

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Оқушылар контингенті	508	504	511



Оқушылар саны соңғы үш жыл ішінде тұрақты емес, 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда 2022-2023 оқу жылы 4 оқушыға кем болса, 2023-2024 оқу жылы 7 оқушыға артқанын көрсетіп отыр.

3 жыл ішінде білім алушылар контингентінің динамикасы

Оқыту кезеңдері	2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы (І ж/ж)		
	Саны		Орташа толымдылық	Саны		Орташа толымдылық	Саны		Орташа толымдылық
	Оқушылар	сынып		Оқушылар	сынып		Оқушылар	Сынып	
Бастауыш мектеп	206	12	15-21	201	12	15-18	220	12	22-24
Негізгі мектеп	246	14	15-20	252	15	16-18	239	13	15-23
Орта мектеп	56	4	12-16	51	4	11-15	56	3	15-24
Мектеп бойынша барлығы	508	30	15-20	504	31	11-18	515	28	15-24

Мектептің ішкі ережесі

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ педагог кадрларды қабылдау педагог қызметкердің басшылары арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Мұғалімдерге Педагогикалық кеңесте мектептің ішкі тәртіп ережесі таныстырылған.

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/vnutrishkolynyy-poryadok-raboty>

Кадрларды іріктеу педагогикалық ұжым мүшелерінің біліктілік деңгейі ескеріле отырып, мектептің жұмыс оқу жоспарын іске асырудың объективті қажеттіліктерін негізге ала отырып, жоспарлы және мақсатты түрде жүзеге асырылады.

Кадрларды алдын ала жинақтау жаңа оқу жылына оқу жүктемесін бөлу әрбір ағымдағы оқу жылының мамыр айында жалпылама жүргізіледі, бұл мұғалімдерге өздерінің перспективалық жоспарларын құруға және жаңа оқу жылына арналған қызметтің басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді. Әрбір мұғалімнің оқу жүктемесі әдістемелік бірлестіктің пікірін ескере отырып, нақты кәсіби деңгейге сүйене отырып және мектеп кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша анықталады. Оқу сағаттарын бөлу кезінде оқытудағы сабақтастық, педагогтардың біліктілігі, сондай-ақ әрбір мұғалімнің жеке-коммуникативтік қасиеттері ескеріледі.

Мектепте кадрларды орналастыру дайындық деңгейі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырылады. Педагогтар мен мектеп басшылығының жұмысындағы негізгі критерий педагогикалық этиканы сақтау, «Білім туралы» заңның, ҚР Еңбек кодексінің орындалуы болып табылады. Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға, шығармашылық жұмыс пен өзін-өзі тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасауға тиісті көңіл бөледі. Мұғалімдердің сапалы құрамы олардың кәсіби жетістіктерінен көрінеді.

Мемлекеттік қызмет "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіле отырып көрсетіледі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 3 маусымдағы бұйрығы 2021 жылғы № 275.

Мемлекеттік қызмет балаларды 1-сыныпқа қабылдауды электрондық түрде көрсетеді. egov.kz "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы және ЭЦҚ бойынша ата-аналар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 маусымдағы № 275 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес құжаттар топтамасын Мемлекеттік қызметке ұсынады. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін стандарттерге құжаттар тізбесі туралы ақпарат берілген. Электрондық түрде қабылдау 1 тамызға дейін жүргізіледі.

Оқушыларды 10-сыныпқа қабылдау және басқа білім беру ұйымдарынан ауыстыру кезінде мемлекеттік қызмет қағаз түрінде көрсетіледі. Барлық құжаттар бумаға тігіліп, мемлекеттік қызмет көрсетуді есепке алу журналы жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: 1-сыныпқа қабылдау кезінде ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап орта білім беру ұйымына қабылдау және қабылдау туралы хабарлама; оқушыны ауыстыру кезінде тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, сыныбы, оқу тілі және мектебі көрсетілген келу ұйымына ұсыну үшін шығу туралы есептен шығару талоны беріледі.

4-тарау. Оқу-әдістемелік жұмыс.

Оқыту нәтижесіне бағдарла отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Оқу жоспары – 2021-2022 <http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/9040-31-03-24-14-42-46-2021-god>

Оқу жоспары – 2022 -2023 <http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/8054-31-03-24-14-43-51-2022-god>

Оқу жоспары – 2023-2024 <http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/7402-31-03-24-14-45-14-2023-god>

Сабақ кестесі 2021-2024 оқу жылы <http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/5128-30-03-24-22-49-24-raspisanie-urokov>

Мектепте білім беру ҚР Бастауыш, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады. Бастауыш, негізгі орта білім берудің базалық мазмұны инвариантты бөлімнің оқу пәндері арқылы толық көлемде іске асырылды.

Білім беру процесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету жыл сайын тиісті оқу жылының нұсқаулық-әдістемелік хатындағы құжаттар тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

2021-2022 оқу жылының оқу жоспарына талдау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті – білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру.

2021-2022 оқу жылында білім беру процесінің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі:

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыруды «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып және оқу тәрбие процесін келесі нормативті құжаттар негізінде жүзеге асырды.

1-сыныптар 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрық) төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік жоспар негізінде білім алды. 2-11 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 20-тамызындағы 415-бұйрығына сәйкес үлгілік оқу жоспарымен білім алды.

2021-2022 оқу жылында мұғалімдердің санаты төмендегідей көрсеткішті көрсетті.

Педагог шебер – 0

Педагог зерттеуші- 13

Педагог сарапшы- 12

Педагог модератор- 8

Жоғары санат-3

Бірінші санат- 4

Екінші санат- 2

Жалпы мұғалім саны: 46

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпанындағы №332 «Терроризм және экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру үшін Білім және ғылым министрлігінің 14.09.2009ж. №430 бұйрығының негізінде оқушылардың дін туралы әлеуметтік мәдени білімдерін қалыптастыру мақсатында 9-сыныптарға вариативті компоненттен 9-сыныптар үшін «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсына 1 сағат апталық жүктеме берілді.

«2021 -2022 оқу жылында мектептердің дайындығына (қалалық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзіреттіліктер» курсы тандауға болатындығы туралы, ҚР жалпы орта білім беретін (сонымен бірге инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын) ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген ұсыныс негізінде бастауыш сыныптарда:

2021-2022 оқу жылының оқу жоспарына вариативтік компоненттер төмендегі ретте бөлінді:

1-4 сыныптарда:

1Ә,Б гимназия сыныптарында 5сағат:

1 сағаттан «Спорттық ойындар»-ға

2 сағаттан « Мен әлемді зерттеймін»-ге

2сағаттан «Логика әлемі»-не бөлінді.

2Ә,Б гимназия сыныптарында 5сағат:

1 сағаттан «Спорттық ойындар»-ға

2 сағаттан « Мен әлемді зерттеймін»-ге

2сағаттан «Логика әлемі»-не бөлінді.

2А сыныбында

1 сағат «Тіл дамыту»-ға

3 сыныптарда:

1 сағаттан «Тіл дамыту»-ға

4 сыныптарда:

1 сағаттан «Тіл дамыту»-ға бөлінді.

1Ә,Б гимназия сыныптарында 5 сағаттан, 1 А сыныбында -0 сағат.Барлығы-10 сағат.

2Ә,Б-гимназия сыныптар 5 сағаттан, 2 А сыныбында -1 сағат.Барлығы-11 сағат.

3-сыныптар 1сағаттан. Барлығы -3 сағат.

4-сыныптар 1 сағаттан. Барлығы-3 сағат

Барлығы-27 сағ.

9-сыныптарда: «Зайырлылық және дінтану негіздері»

10-11сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» бойынша арнайы сағаттар бөлінді.

5 сыныптар бойынша :

5 «ә» -сыныбы бойынша оқу жоспарының вариативті бөлігінен:

«Қызықты математика» – 1сағат

«Спортық ойындар» - 1 берілді.

5 «а,б» сыныптар бойынша оқу жоспарының вариативті бөлігінен:

«Қызықты математика» – 1сағат

«Спортық ойындар» - 1 сағат

Лицейлік компонентен вариатив сабақтар

математика -2 сағат,

жаратылыс -2 сағат,

информатика – 1 сағаттан берілді

6 сыныптар бойынша

6 «ә» -сыныбы бойынша оқу жоспарының вариативті бөлігінен:

«Қызықты математика» – 1сағат

«Робототехника»- 1 сағаттан бер

6«а,б» сыныптар бойынша оқу жоспарының вариативті бөлігінен:

«Қызықты математика» – 1сағат

«Спортық ойындар» - 1 сағат

Лицейлік компонентен вариатив сабақтар

математика -2 сағат,

жаратылыс тану -2 сағат,

информатика – 1 сағаттан берілді

7-сыныптар бойынша оқу жоспарының вариативті бөлігінен:

«Спортық ойындар» - 1 сағат

8-сыныптар бойынша оқу жоспарының вариативті бөлігінен:

«Спортық ойындар» - 1 сағат

« Информатика әлемі» - 1 сағат

9-сыныптар бойынша оқу жоспарының вариативті бөлігінен:

«Абайтану» – 1 сағаттан 2сағ,

«Зайырлылық және дінтану негіздері» –1сағаттан 2 сағ.

10 а – сыныбы бойынша оқу жоспарының вариативті бөлігінен: жаратылыс- математикалық бағыт

«Тіршіліктану» – 1 сағат

«Экология » –2сағат

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері -1 сағаттан берілді.

10 ә – сыныбы бойынша оқу жоспарының вариативті бөлігінен:

Қоғамдық – гуманитарлық бағыт

«Абайтану» – 1 сағат

«Шешендік -сөз» – 2 сағат

« Морфология» -2 сағат

« Язык и речь » -1 сағат

«Grammar `» - 2 сағаттан берілді.

11 а – сыныбы бойынша жаратылыстану- математикалық бағыт оқу жоспарының вариативті бөлігінен «Абайтану» – 1 сағат

«Экология» – 2 сағат

«География және экология» –1сағат

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері -1 сағаттан берілді.

11 ә – сыныбы бойынша : қоғамдық гуманитарлық бағыт оқу жоспарының вариативті бөлігінен:

«Оқу сауаттылық» – 2 сағат

«Эссе жазу - өнер» – 2 сағат

«Наука о языке » -1 сағат

«Entry word » 1 сағат

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері -1 сағаттан берілді

2021-2022 оқу жылында 18.08.2021 жылы Қамқоршылық Кеңестің шешімі және 27.08.2021жылы №1 Педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша 1-11-сыныптардың жұмыстық оқу жоспары жасалды.

2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

1) 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) сыныптарда:

- күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда),
- қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда),
- көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда);
- 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда). 2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі (www.nao.kz)

2022-2023 оқу жылында осы Стандартқа мынадай өзгерістер енгізілді:

1) «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінде іске асырылады», оқу жүктемесі аптасына 1 сағат. 2) «Көркем еңбек» пәні «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлініп, тек 1-сыныптар үшін дербес оқу пәндері болып айқындалды. «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінде іске асырылады», - деген өзгеріс енгізілді. ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңестің шешімімен осы Оқу жоспарларының бірін таңдау арқылы оқу процесін ұйымдастыру жүзеге асырылады. 2022-2023 оқу жылында республикадағы жалпы білім беретін мектептердегі бастауыш білім беру процесін ұйымдастыруда Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен(2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 6-қосымшасы) негізінде 1-4сыныптарға оқу жоспары құрастырылды

Вариативтік компоненттен 1 «А»,«Ә», 2«А»,«Б», 3 «Ә»,«Б»-сыныптарында – «Математика және логика» -2 сағаттан, 1 «Б», 2 «Ә» , 3 «А», 4«А», 4«Ә», 4«Б» сыныптарында «Математика және логика» -1 сағаттан;

1 «А»,«Ә», 2«А»,«Б», 3 «Ә»,«Б»-сыныптарында – «Жаратылыстану жұмбақтары» -2 сағаттан;

1 «А»,«Ә» сыныптарында – «Шахмат» -2 сағаттан;

3 «Ә», «Б»-сыныптарында «Математика күнделікті өмірде»- 1 сағаттан;

1 «А», «Ә», 2 «А», «Б», 3 «Ә», «Б», 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» --сыныптарындағы «Математика және логика» элективті курстының **мақсаты:**

- Оқушыларға математикалық білім, білік, дағдыларын игерту;
- Шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- Зейінін, еске сақтау, байқағыштық, бақылағыштық, қиялдау, танымдық іс – әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу;
- Оқушыларды жоғары сыныптарға дайындау, логикалық ойларын дамыту, шапшаң есептеуге үйрету.

1 «А», «Ә», 2 «А», «Б», 3 «Ә», «Б» -сыныптарындағы «Жаратылыстану жұмбақтары» элективті курстының **мақсаты:**

бастауыш сыныпта оқыту үдерісін жаратылыстану саласы бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік- мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды.

1 «А», «Ә» -сыныптарындағы «Шахмат» элективті курстының **мақсаты:**

«Шахмат ойыны» ұғымдарымен таныстыру; шахмат тарихи үдерісте ғылым мен шығармашылықтың дамуымен бірге өзгеріп отырғанын, эволюциялық жолмен бірте-бірте дами түскенін түсіндіру; Шахмат – зияткерлік ойын екенін түсіндіру. шахмат ойлауды, жадыны, зейінді дамытуға ықпал ететінін; ойынның құпияларын игеруге қызығушылықтың, зияткерлік қызметке деген сүйіспеншіліктің негізін салу, ойын ережелерін рет-ретімен үйренуге бағыттау, шахматта еңбексүйгіштер, шыдамдылар мен талаптылар табысқа жететінін түсіндіру.

3 «Ә», «Б»-сыныптарында «Математика күнделікті өмірде» курстының **мақсаты:**

білім алушылардың бойында теориялық білімдерін күнделікті өмірмен нақты, практикалық әрекеттер, ойындар, саяхаттау әрекеттері арқылы байланыстыра отырып, білімдерін өмірде пайдалана білу жағдаяттарына төселдіреді, үнемділік, 2022-2023 оқу жылында 2022 жылдың 31 тамызындағы педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес 3-11 сынып оқушылары жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарымен, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша білім алды.

3-11 сыныптарда білім беру процесі:

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);
- ✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);
- ✓ «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;
- ✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
- ✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

Осы негізде оқу үрдісін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды.

2022-2023 оқу жылында мынадай өзгерістер енгізілді: Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрады. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары бойынша мектебімізде 1 сыныптар бойынша төмендегідей өзгерістер енгізілді: - «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады; - «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды; - «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

2022-2023 оқу жылында мұғалімдердің санаты төмендегідей көрсеткішті көрсетті.

Педагог шебер – 0

Педагог зерттеуші- 13

Педагог сарапшы- 11

Педагог модератор- 8

Жалпы мұғалім саны: 48

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу қалалық жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда: 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша; 2) шетел тілі бойынша; 3) цифрлық сауаттылық бойынша (1 сыныптан басқа) бойынша жүзеге асырылады. Білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны қалалық жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болған жағдайда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша сыныпты екі топқа бөлуге болады. Ескертпе: «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 1-сыныпта сынып екі топқа бөлінбейді. «Шет тілі» пәні 2022-2023 оқу жылы ҮОЖ сәйкес 2 сыныптарда оқытылады.

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) сәйкес топқа бөлінетін пәндер талапқа сай оқытылды.

Білім беру ұйымдарында технология бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға сыныпты екі топқа бөлуге болады». Бұл бағытта барлық талаптарға сай білім беру процесі толық жүрілді.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) сәйкес топқа бөлінетін пәндер талаптарға сай оқытылды.

Қазақстандық білім беру реформасы бағыттарының бірі бәсекеге қабілетті білім беру кеңістігін құруға бағытталған жалпы орта білім деңгейіндегі бейінді оқыту болып табылады. Бейінді оқыту жалпы орта білім деңгейінде оқытуды саралау жүйесі ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес 10-11 сыныптар **жаратылыстану-математика** және **қоғамдық-гуманитарлық** бағыттары бойынша оқытылады.

2022-2023 оқу жылының оқу жоспарына вариативтік компоненттер төмендегі ретте бөлінді:

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (жалпы білім беру оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерінің қамтиды, оның ішінде:

Бастауыш білім беру деңгейі:

ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 №500 бұйрығы 6-қосымша бойынша бұйрығымен

Ең жоғары оқу жүктемесі:

1А,Ә-сыныптар- 24,5сағат, 1Б сыныбында-19,5сағат.

2А,Б-сыныптар- 27сағат, 2Ә сыныбында-24 сағат.

3Ә,Б-сыныптар- 29 сағат, 3А сыныбында 26 сағат.

4А,Ә,Б-сыныптар- 26 сағат.

- ✓ 1-3 сыныптарда «Математика және логика», «Шахмат», «Спорттық ойындар» курсы білім алушылардың танымдық қабілетін дамыту, құрастырылған тапсырмалар арқылы білім алушының ойын жүйелі дамытып оқыту идеясын жүзеге асыруға және түрлі жарыс, сайыстарға дайындалу мақсатында

1А,Ә-сыныптарында 7 сағаттан,1 Б сыныбында- 1сағат, 2А,Б-сыныптарында 5 сағаттан, 2Ә сыныбында-1 сағат, 3 Ә,Б сыныптарында 6 сағаттан, 3 А сыныбында -1 сағат.

- ✓ 4- сыныптарда «Математика және логика» курсы білім алушылардың теориялық білімін жетілдіріп, функционалдық сауаттылығын арттырып, күнделікті өмірде білімдерін практикалық түрде қолдана білуге баулиды. Тапсырмаларды түрлендіре отырып, оқушыларды бәсекеге қабілетті, ұшқыр болуға тәрбиелейді. 4-сынып 1 сағаттан

- ✓ Бастауыш сыныптарда жалпы вариативтік сағаттар бойынша 42 сағат.

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді.

- 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет)

5-сыныптарда: 5А, Ә, Б сыныптарында аптасында 0,5 сағаттан барлығы 1,5 сағат.

6-сыныптарда: 6А, Ә, Б сыныптарында аптасында 0,5 сағаттан барлығы 1,5 сағат.

7-сыныптарда: 7А, Ә, Б сыныптарында аптасында 0,5 сағаттан барлығы 1,5 сағат.

8-сыныптарда: 8А, Ә, Б, В сыныптарында аптасында 0,5 сағаттан барлығы 1,5 сағат.

- 9-11- сыныптарда – 1 сағат (аптасына бір рет) оқу жылында 36 сағат

9-сыныптарда: 9А, Ә, Б сыныптарында аптасында 1 сағаттан барлығы 3 сағат.

10-сыныптарда: 10А, Ә сыныптарында аптасында 1 сағаттан барлығы 2 сағат.

11-сыныптарда: 11А, Ә, сыныптарында аптасында 1 сағаттан барлығы 2сағат.

Лицейлік компонент есебінен:

5 « А,Ә» сыныптар:

-математика элективка 2 сағаттан;

- информатика элективка 1 сағаттан;

-робототехника 1 сағаттан;

-жаратылыстану 1 сағаттан:

6 «А,Ә» сыныптар:

-математика элективка 2 сағаттан;

- информатика элективка 1 сағаттан;

-робототехника 1 сағаттан;

-жаратылыстану 1 сағаттан:

7 «А,Б» сыныптар:

-алгебра элективка 2 сағаттан;

-физика 1 сағаттан;

- химия 1 сағаттан:

7 «А,Б» сыныптар:вариативті компонент таңдау пәні есебінен бес пәннен алты сағат :

-геометрия 1 сағаттан;

-физика 1 сағаттан;

- биология 1 сағаттан;

-география 1 сағаттан;

-орыс тілі 2 сағаттан:

8 «А» сыныбы:

Лицейлік компонент есебінен:

-геометрия элективка 1 сағаттан;

- физика 1 сағаттан;

-химия 1 сағаттан;

- биология 1 сағаттан;

-география 1 сағаттан;

Вариативті компонент таңдау пәні есебінен алты пәннен алты сағат :

-алгебра 1 сағаттан;

-қазақ әдебиеті 1 сағаттан;

-химия 1 сағаттан;

- биология 1 сағаттан;

-қазақстан тарихы 1 сағаттан;

- орыс тілі 1 сағаттан;

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ: 10-11 СЫНЫПТАР:

10-11 сыныптар:

- жалпы білім беретін сыныптар;

Оқу жоспарлары: дене шынықтыру: Жаһандық құзыреттіліктер 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;

Инвариантты компонент есебінен жүзеге асырылады:

- негізгі мектептің негізгі компонентін толық сақтау; 10 «А»-11 «А» сыныптары жаратылыстану-математикалық бағыт : вариативтік компоненттен бір пән:

-алгебра 1 сағаттан:

10 «Ә»-11 «Ә» сыныптары қоғамдық-гуманитарлық бағыт : элективтік курстан екі пән:

- Абайтану 2 сағаттан;

- Орыс тілі 2 сағаттан:

Әдістемелік нұсқау хат негізінде 2022-2023 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарлары дайындалып, жұмыстар жүргізілді және нәтижесі сарапталды.

2023-2024 оқу жылының оқ жоспарына талдау

Оқу жылында білім беру процесін іске асыруда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және де басқа да заңнама актілерін басшылыққа ла отырып бірқатар нормативтік құжаттар негізінде оқыту процесін жүзеге асырады.

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022ж. №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012ж. №500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің бұйрығы бойынша:

1-4 сынып 18.08.2023ж. 500 бұйрық №264 бұйрығы 1-қосымша негізінде,

5-9 сыныптар 12.08.2022ж. 500 бұйрық 6-қосымша негізінде,

10-11 сыныптар 30.09.2022ж. 500 бұйрық 85-86 қосымшалар негізінде мектептің оқу жоспары жасалынды.

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптары оқу процесін жүргізеді. Білім беру процесі осы нормативтік-құқықтар негізінде жүзеге асырылады:

✓ 1) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

Мектепте осы 2023-2024 оқу жылында екі даярлық сыныптары ашылып, онда 39 бала білім даярлануда.

✓ Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

- ✓ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)-сыныптарда- 34 оқу аптасын құрайды.
- ✓ 1-2 сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4 сыныптарда- «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.
- ✓ 1-сыныптарда «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныптарда «Орыс тілі» пәнін оқу басталады.
- ✓ Биылғы оқу жылы мектебіміздің барлық 5-8 сынып оқушылары және 10-сынып оқушылары негізі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейлерінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру қағидасын сақтай отырып, оқу жылы соңында емтихан тапсырады. Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж. №500 264-қосымша, №500 6-қосымша, №500 85-86 қосымшалар) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.
- ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (жалпы білім беру оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерінің қамтиды, оның ішінде:
 - Бастауыш білім беру деңгейі: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 18.08.2023 №264 бұйрығымен
 - Ең жоғары оқу жүктемесі:
 - 1-сыныптар- 19,5 сағат
 - 2-сыныптар- 24сағат
 - 3-сыныптар- 26 сағат
 - 4-сыныптар- 26 сағат
- ✓ 1-4 сыныптарда «Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті» курсы білім алушылардың оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру және жетілдіру; көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын дамыту; ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін (ойын еркін жеткізу, сауатты да мәнді жаза білу) дамыту; өзіндік ой-пікірін айта біліге баулу; оқушылардың бойына ізгілік пен имандылық адалдық пен мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді дарыту мақсатында жүргізіледі.
- Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары:
 - ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 №500 бұйрығы 6-қосымша бойынша
 - 5-сыныптар 28,5 сағат
 - 6-сыныптар 28,5 сағат
 - 7-сыныптар 31,5 сағат
 - 8-сыныптар 32,5 сағат
 - 9-сыныптар 34 сағат
 - Орта білім беру деңгейінде:
 - Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары
 - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 №500 бұйрығы 86-қосымша
 - 10-сыныптар 35 сағат
 - 11-сыныптар 35 сағат
 - Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану - математикалық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары
 - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 №500 бұйрығы 85-қосымша
 - 10-сыныптар 34 сағат
 - 10 «А» сыныбы жаратылыстану-математика бағытында,
 - 10 «Ә» сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағытта білім алады
 - 11»А» » сыныбы жаратылыстану-математика бағытында білім алады.
 - 2023-2024 оқу жылы бойынша вариативтік компоненттер бойынша:

Әдістемелік нұсқау хатты негізге ала отырып элективті курстардың тақырыптары төмендегі түрде алынды

- ✓ 10 «А» сыныбында «Бағдарламау» курсы заман ағымына сай оқушыларды ақпараттық сауатты болуға, цифрлық сауаттылыққа, қазіргі кең тараған программалау тілдерін үйренуді міндеттейді. 2 сағат
- ✓ 10 «Ә» сыныбында «Құқықтық ақпараттандыру» курсы оқушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және тәрбиелу арқылы білім алушылардың адалдық пен ашықтық қағидаттарын нығайтуға бағытталған. 2 сағат
- ✓ 11 «А» сыныбында «Математикалық сауаттылыққа» курсы оқушыларды математикалық сауаттылыққа, қиындық тудыратын есептерді жобалай білуді, функционалдық тапсырмаларды орындауды, күнделікті кездесетін мәселелерді жобалап шеше білуді көздейді. 2 сағат
- ✓ **Жаһандық күзiреттiлiк бойынша:**
- ✓ 5-сыныптардан 0,5 сағаттан 11 сынып комплект 5,5 сағат
- ✓ 6-сыныптарда 0,5 сағаттан 10 сынып комплект 5 сағат
- ✓ 7-сыныптарда 0,5 сағаттан 9 сынып комплект 4,5 сағат
- ✓ 8-сыныптарда 0,5 сағаттан 8 сынып комплект 8 сағат
- ✓ 9-сыныптарда 1 сағаттан 8 сынып комплект 8 сағат
- ✓ 10-сыныптарда 1 сағаттан 4 сынып комплект 4сағат
- ✓ 11-сыныптарда 1 сағаттан 5 сынып комплект 5 сағат

Үйде оқытылатын оқушылар туралы

Білім алушыларды арнайы мектептерге/сыныптарға қабылдау «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

Соңғы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдаы бойынша үйде оқытылып жатқан оқушылар бойынша мәлімет. <http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/9246-30-03-24-20-03-20-nachalynye-klassy>

2023-2024 оқу жылы: <http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/obuchenie-uchaschihsya-s-osobymi-potrebnostyami>

Үйде оқытылатын оқушылар туралы мәлемет

№	2021-2022	Сыныптар	2022-2023	Сыныптар	2023-2024	Сыныптар
1	Аманбекұлы Ердаулет	1Б	Есеней Зере	4А	Куанышпек Қарақат Арманбек Амина	7 «А» 9 «Ә»

2023-2024 оқу жылында мектебімізде үйде оқитын оқушылардың саны 2.

Үйде оқыту бойынша нормативтік құжаттар, әр оқушының оқу-жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері, дәрігерлік консультациялық қорытындысы, психологиялық, медициналық, педагогикалық консультация қорытындысы, бақылау динамикасы және жеке құжаттары тексеріліп, жинақталды.

Оқу жоспарына сәйкес мектеп директорының бұйрығымен денсаулығына байланысты үйде оқытылатын оқушыларға, жалпы 16 мұғалім бекітілді, оның ішінде 16 пән мұғалімдері.

Үйде оқытылатын оқушылардың сабақтары кестеге сәйкес өткізіледі.

Әлеуметтік педагог тарапынан үйде оқитын балалармен, олардың ата аналарымен әңгіме, жүйелі жұмыстар жүргізіліп, үнемі бақылауда ұсталынып отыр.

ГОСО-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компонентті таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру (бағаланатын кезеңдегі вариативті компоненттің сабақ кестелерінің көшірмелері, соның ішінде зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі). Оқу жоспарының вариативтік бөлігі ГОСО-ға сәйкес қаралады және білім алушылардың білім алу қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жалпы білім беру ұйымы айқындайтын оқу

пәндері мен курстардың жиынтығын көздейді. Вариативті курстардың бағдарламалары жыл сайын тамыз айында болатын әдістеме бірлестігінің отырысында келісіліп педагогикалық кеңесте қаралып директормен бекітіліп отырады. "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" негізінде вариативті компонент сағаттары бастауыш сыныптарда және 5-11 сыныптарда негізгі сабақ кестесіне сабақтардың саны барынша аз күндерге қойылды, факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі 2021 -2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары инвариантты сабақтармен бірге жасалды

2023-2024 оқу жылы бойынша

Жаһандық құзыреттілік және таңдау курстары бойынша.

<http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/raspisanie-variativnogo-komponenta>

Вариативті компоненттің сағаттары оқушылардың мүдделерін ескере отырып бөлінді және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге және т.б. бағытталған, ал бітіру сыныптарында – қорытынды аттестаттауға және ҰБТ тапсыруға дайындалу үшін оқушыларға қолдау көрсетуге негізделген. Сабақ кестесінде сыныптар бойынша апталық сабақтардың ең көп саны ҚР МЖБМС талаптарын бұзбайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік және оқу бағдарламаларына (бұдан әрі–ББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инварианттық компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2020-2021, 2021-2022 оқу жылында инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру "жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады (2020.11.27 №496,

2021.03.26 №576, 2021.03.26 №123). 08.04.2016 жылғы №266, 10.05.2018 жылғы №199, 17.10.2018жылғы.

1-4 сыныптар 2022-2023 оқу жылында республикадағы жалпы білім беретін мектептердегі бастауыш білім беру процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығына енгізілген «Әліппе» ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы №123 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

Сабақ кестесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (бұдан әрі-СанЕрежеге) сәйкес жасалды (2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚРДСМ-76 өзгерістер мен толықтыруларымен). Сонымен, 1-11 сыныптарда СанЕрежеге сәйкес 2 және 4 сабақтан кейін 15 минуттық үзіліс қарастырылған, 5-11 сыныптарда оқу процесін оңтайландыру және үй тапсырмасының көлемін азайту үшін қосарланған сабақтар қарастырылған, сонымен қатар 1-4 сыныптарда бөлінген сабақтар кестеде қарастырылған. Кестені мектеп директоры бекітті. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектеп штаттық режимде жұмыс істейді. Мектептегі оқу процесі таңдалған үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі, мектеп жаңартылған ТООБ (ТУП) мазмұнының таңдады. **Сабақ ұзақтығы 45 минуттан.** Оқу бағдарламаларының орындалуын бақылауды мектеп әкімшілігі жүзеге асырады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

Біздің педагогикалық ұжымның негізгі міндеті білім беру сапасын арттыру. Оқушылардың білім беру стандарттарының мазмұнын ойдағыдай меңгеруі – білім берудің жоғарғы деңгейіне жету кезеңдерінің бірі. Оқушылардың білім беру стандарттарын меңгеруін бағалау, оқыту деңгейін анықтау үшін:

- сынып бойынша білім сапасын талдау,
- пәндер бойынша білім сапасын талдау
- пән мұғалімдерінің тоқсан және жыл бойынша жұмыстарын салыстыру.

Салыстырмалы талдауларды жасау үшін:

- мектепшілік бақылау кезіне анықталған оқушылардың пәндер бойынша білім сапасы;
- емтихан және қорытынды тестілеу нәтижелері;
- Электронды сынып журналдары мен оқушылардың дәптерлерін тексеру кезінде алынған мәліметтер. Оқу –тәрбие процесінде педагогикалық ұжымның жұмысындағы кемшіліктерді анықтау мақсатында білім беру мен оқыту сапасын бақылау және талдау, пәндер мен сыныптар бойынша аралық және қорытынды аттестатау деңгейін талдау арқылы бірнеше жылдар бойын мектепте мониторинг жүргізіледі. Оқушылардың білімінің тұрақтылық дәрежесін анықтау, олқылықтарды жою шараларын күшейту мақсатында жыл басында кіріс бақылауы алынады. Оқушылардың оқу динамикасын қадағалау мақсатында тоқсан соңында ТЖБ және ТЖБ талдаулары жүргізіледі. Пән бойынша жұмыстарға талдау жасау және пәндерді оқыту кезінде мұғалімдерге кездескен қиындықтарды шешу, көмек көрсету мақсатында ӘБ отырыстары үнемі өткізіліп отырады. Соңғы жылдар бойынша мектептің білім сапасы 66 % құрайды.
- **Соңғы 3 жыл бойынша үлгерім мен білім сапасы**
- Үлгерімі-100%

Сыныптар оқу жылы % сапасы	1-4	5-9	10-11	Мектеп бойынша
2021-2022	75	61	73	64
2022-2023	78	64	61	67
2023-2024 (I ж/ж)	72	61	61	66

Бастауыш білім беру бойынша пәндердің білім сапасы

Пән атауы	білім сапасы 2021-2022 оқу жылы	білім сапасы 2022-223 оқу жылы	(1-тоқсан) 2023-2024 оқу оқу жылы
Қазақ тілі	80%	81%	83%
Әдебиеттік оқу	80%	80%	81%
Ағылшын тілі	81%	86%	83%
Орыс тілі	87%	87%	87%
Математика	80%	82%	84%
Дүние тану	95%	91%	96%
жаратылыстану	91%	89%	87%

Негізгі және жалпы орта білім беру бойынша пәндердің білім сапасы

Пән атауы	2021-2022 оқу жылының білім сапасы	2022-223 оқу жылының білім сапасы	2023-2024 оқу жылы (1ж/ж)
Қазақ тілі	82	86,7	87%
Қазақ әдебиеті	82	85	61%
Ағылшын тілі	86	85	87
Орыс тілі және әдебиеті	83	83	82
Математика	79,5	81	75
химия	83	83	78
физика	60,6	70	57
жаратылыстану	90	91	100
алгебра	71,6	66	76
Алгебра және анализ бастамалары	89	78.5	75
геометрия	83	80	77
биология	87,8	95	89
Қазақстан тарихы	93	92	90
Дүниежүзі тарихы	91	94	90
информатика	97	98	96
география	91	92	92
Құқық негіздері	99	100	100

2021-2022 оқу жылында 508 білім алушы 100 % -дық үлгеріммен бітірді, оның ішінде 1 сынып (оқушы) ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.08.28 №373 бұйрығына сәйкес бағаланбады.

- Бастауыш білім берудің білім сапасы 75%,
- негізгі білім беру 78% ,
- 10-11 сыныптар 72 % білім сапасын көрсетті, бұл мектептің күтілетін оқу нәтижесіне сәйкес келеді.

Мектептегі **үздіктер** саны -109, **екпінділер** саны- 191 құрайды. Мектеп бойынша білім сапасы -67 %.

2022-2023 оқу жылында 504 білім алушы 100 % -дық үлгеріммен бітірді, оның ішінде 1 сынып (68 оқушы) ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.08.28 №373 бұйрығына сәйкес бағаланбады.

- Бастауыш білім берудің білім сапасы 61%,
- негізгі білім беру 64% ,
- 10-11 сыныпт 61 % білім сапасын көрсетті, бұл мектептің күтілетін оқу нәтижесіне сәйкес келеді.

Мектептегі **үздіктер** саны -111, **екпінділер** саны- 198 құрайды. Мектеп бойынша білім сапасы -68 %.

№	Сыныптар	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділер	Үлгермеушілер	Сапа %	Оқу үлгерімі %
1	2-ші	47	18	18		76	100%
2	3-ші	43	21	14		81	100%

3	4-ші	54	16	22		66	100%
Жиыны 2–4		144	55	54		7575	100%
4	5-ші	53	14	25		74	100%
5	6-шы	53	10	27		70	100%
6	7-ші	51	7	21		55	100%
7	8-ші	50	11	18		58	100%
8	9-шы	39	6	11		44	100%
Жиыны 5–9		246	48	102		61	100%
9	10-шы	28	5	14		64	100%
10	11-ші	28	2	21		82	100%
Жиыны 10–11		56	7	35		73	100%
МЕКТЕП БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		446	110	191		67	100%

2021-2022 оқу жылындағы білім сапасы

2022-2023- оқу жылындағы білім сапасы

№	Сыныптар	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділер	Үлгермеушілер	Сапа %	Үлгерім %
1	2-ші	58	15	31	0	79	100
2	3-ші	48	14	22	0	75	100
3	4-ші	44	19	16	0	80	100
Барлығы 2–4		150	48	69	0	78	100
4	5-ші	54	19	14	0	61	100
5	6-шы	49	14	25	0	80	100
6	7-ші	51	7	29	0	71	100
7	8-ші	49	5	18	0	47	100
8	9-шы	49	12	18	0	61	100
Барлығы 5–9		252	57	104	0	64	100
9	10-шы	26	2	13	0	58	100
10	11-шы	25	4	12	0	64	100
Барлығы 10–11		51	6	25	0	61	100
МЕКТЕП БОЙЫНША ЖИЫНЫ		453	111	198	0	68	100

2023-2024- оқу жылындағы білім сапасы (I жартыжылдық бойынша)

Жалпы мектеп бойынша үздіктердің білім сапасы

2021-2022 оқу жылы – 24,6 %


Жалпы мектеп бойынша үздіктердің білім сапасы

2021-2022 оқу жылы – 24,6 %

№	Сыныптар	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділер	Үлгермеушілер	Сапа %	Үлгерім %
1	2-ші	49	17	26		88	100
2	3-ші	57	13	28		72	100
3	4-ші	46	12	21		72	100
Барлығы 2–4		152	42	75		77	100
4	5-ші	40	14	16		75	100
5	6-шы	51	20	15		69	100
6	7-ші	50	7	25		64	100
7	8-ші	52	5	21		50	100
8	9-шы	46	4	19		50	100
Барлығы 5–9		239	50	96		61	100
9	10-шы	32	10	12		69	100
10	11-шы	24	2	10		50	100
Барлығы 10–11		56	12	22		61	100
МЕКТЕП БОЙЫНША ЖИЫНЫ		447	104	193		66	100

2022-2023 оқу жылы – 24,5 %

2023-2024 оқу жылы (I ж/жылдық) -23,5%




Екпінділер:

2021-2022 оқу жылы –43,2 %


2022-2023 оқу жылы –11,2 %

2023-2024 оқу жылы (Iж/жылдық) -43%



Үздіктер мен екпінділердің саны

сынып	үздіктер			
	1-4 с	5-9 с	10-11 с	1-11с
2021-2022 оқу жылы	55	48	7	110
2022-2023 оқу жылы	48	57	6	111
2023-2024 оқу жылы (I ж/ ж)	42	50	12	104



3 жылдық салыстырмалы мониторинг

сынып	екпінділер			
	1-4	5-9	10-11	1-11сыныптар
2021-2022 оқу жылы	54	102	35	191

2022-2023 оқу жылы	69	104	25	198
2023-2024 оқу жылы (I ж/ж)	75	96	22	193

«Алтын белгі» және «Үздік аттестат саны мен сапасы:

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы (I ж/ж)
Түлектер	28	25	24
Білім сапасы	82%	72	50%
Үздік аттестат			1
Алтын белгі	2	2	1

3 жылдық оқу барысында білім сапасы бастауыш мектепте, орта және жоғары буында үздік оқушылар санының азаюы байқалады және сонымен қатар ілім сапасы да 64 пайыздан -67 пайызға өсті, мектепте білім сапасын көтеру мақсатында арнайы жоспарлар және оққылықтардың орнын толтыру мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Оқу бағдарламаларының орындалуын талдау оқу сағаттарының жоспарлы және нақты көлемі бойынша толық және объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бастауыш, негізгі және орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының оқу бағдарламаларын орындау толық көлемде жүзеге асырылған.

Тексерілді:

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары
 2. Бағаланатын кезеңде "Күнделік" электрондық журналында жалпы білім беретін пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау.
- Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады

2021-2022 оқу жылының тәрбие жұмысы бойынша жылдық есебі

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

Бірінші бағыт –Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: <http://sc0007-atbasar.edu.kz/content/8310-30-03-24-23-15-57-plan-vospitatelnyoy-raboty>

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты:Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие.

Мақсаты:Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі

Мақсаты:Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау эзирлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2. Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтарға негізделіп ұйымдастырылады. Тәрбие процесін адамзаттың жинақтаған мәдениетін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқушының жеке мәдениетіне, тұлғалық құндылығына айналдыру мақсатындағы оқушының өмір әрекетін ұйымдастыру деген ұғыммен тәрбие шаралары барлық ынталы тараптардың: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесі құжаттар:

«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы

[https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;](https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/)

Қазақстан Республикасының Конституциясы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;>

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518;>

2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext;>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>

«Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

2021-2022 оқу жылының 1-қыркүйек күні мектебіміздің 2-11 сынып оқушылары үшін дәстүрлі форматта «Тәуелсіздік жетістіктері» атты сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері арнайы нұсқаулыққа сәйкес арнайы презентациялар, қосымша ресурстарды

пайдалана отырып, тәрбие сағаттарын жүргізді. Ал 1 сынып бүлдіршіндері үшін салтанатты жиын мектеп алаңында ұйымдастырылды. Салтанатты жиын мемлекеттік гимнімен басталды. Салтанатты жиынымыздың құрметті қонақтары: Атбасар ауданының маслихатының хатшысы-Комбатуров Бірлік Төлегенұлы және Атбасар ауданы білім бөлімінің әдістемелік қызметінің меңгерушісі-Замира Талғатқызы Серкебаева бүлдіршіндерді білім күнімен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Мектеп директоры К.А.Есмагамбетова ата – аналарды, 1 сынып оқушыларын атаулы мерекемен құттықтады. Оқу ісінің меңгерушісі- Н.А.Алкенова 2021-2022 оқу жылының басталуы туралы бұйрығымен таныстырды. Мектеп белсенділері өз құттықтауларымен бүлдіршіндердің көңілін аулады. 1 сынып жетекшілері-Т.С.Есмагамбетова., Ж.Ақтайлақ., Г.А.Амрина оқушыларын құттықтап, сәт сапар тіледі. Ата – аналар тарапынан Қаппасов Жомарт, Абжалелова Бақыт –апай және Жанар Фазылқызы бүлдіршіндерді алғашқы қадамдарымен шын жүректерінен құттықтады. Мектебіміздің 11 сынып түлектерінің атынан Қуатова Мөлдір мектеп табалдырығын аттағалы тұрған бүлдіршіндерге сәттілік тілеп, оқу озаттары болуларына тілектестігін білдірді. Балаларды арнайы құттықтауымен Бақыт құсы келіп Әліппені 1 –ші сынып оқушыларына табыс етті. Жиын соңында бүлдіршіндеріміз Әліппелерін қолдарына ұстап мектепке аяқ басты. 06-17 қыркүйек күндері аралығында мектебімізде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай мектеп алаңдарына жас көшеттер отырғызу акциясы болып өтті. Бұл игі шараға мектебімізді ең белсенді, нағыз патриот оқушылары қатысты. Олар өз қолдарымен жер қазып, жас ағаштарға орындар дайындап, отырғызып суарды. Мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымы 11 қыркүйек-Отбасы күніне орай отбасы мүшелерінің арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Берік отбасы-Мәңгілік ел!» тақырыбында стенд жасап, оқушылардан тілек ағашына өздерінің отбасыларына жылы тілектерін білдіру арқылы арнайы жасалынған парақшаларға тілектерін жазып, тілек ағашына ілді. Әрбір қазақстандық отбасының өркендеуі, Отанымыздың басты құндылығы! 6-17 қыркүйегі арасында мектебімізде «Тілдер мерекесіне» арналған жоспарға сәйкес іс -шаралар ұйымдастырылып өткізілді. 07.09.-«Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарының мақсаты: жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір қасиетін дарыту. Қазақ тілін мәртебесін көтеру. Бесінші сыныптарда «Ана тілім, ардағым» тақырыбында шығарма жазудан байқау өтті. Бұл байқаудың мақсаты: оқушылардың бойына ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру болды. Байқауға қатысқан оқушылар, өздерінің тілге деген ойын, шынайы тілектерін білдіріп, ана тілді құрметтеу ең бірінші парызы екен атап өтті. Байқау қорытындысы бойынша нәтижесі шығарылып кішкентай тіл жанашырларына мақтау қағаздары табыс етілді. Қазақстан халқының тілдерінің онкүндігіне орай мектепішілік жоспарға сай 11-сыныптардың арасында "My favorite language" атты эссе сайысы өтті. Бұл іс - шараның мақсаттары:

- 1.Өскелен ұрпақ бойында өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін қалыптастыру.
- 2.Туған тіліне және басқа шет тілдерге деген құрметті күшейту.
- 3.Оқушылардың зерттеушілік,шығармашылық қабілеттерің дамыту.

Онкүндіктің қорытындысы бойынша, эссе жазған оқушылар марапатталды.

10 қыркүйек күні 8-9 сыныптары арасында «Полиглот» интеллектуалды ойыны ұйымдастырылып, қызықты болып өтті. Іс- шараның мақсаты: оқушылардың орыс, қазақ және ағылшын тілдерін игеру деңгейі қарастырылған. Жеңімпаздар жетістіктеріне сай марапатталды. 6-17 қыркүйек аралығында Қазақстан халқының тілдер күні мерекесі апталығына орай «Ана тілің- арың бұл» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Мәнерлеп оқу сайысының мақсаты: оқушылардың екпінді дұрыс қоя білу, оқу мәнерін меңгеру, дауысты өлеңнің ой - мазмұнына сай баяу, жігерлі оқу немесе көңіл күйді көтеріңкі үнде оқи білу машықтарын байқау, бағалау.Оқушылардың өлеңді мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру. Сайыста қазылар алқасының шешімімен «Бас жүлде» иегері 3 «Б» сынып оқушысы Қайырбекқызы Ұлжан, 1 орын иегері, Сатбек Ақнұр және 2,3 орын иегерлері мадақтамалармен марапатталды.Тіл ұлттың жаны,халықтығыңның асыл белгісі намысы, тыныс-тіршілігіңнің көзі.

Ата заңымен қорғалатын еркіндігінің үні. Сонымен қатар, мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі З.Т. Әуезова 10 «ә» сынып оқушыларымен «Тіл тағдыры - ел тағдыры» тақырыбында ашық пікірталас сайысын өткізді.Сайыстың мақсаты: оқушылар тіл тазалығын

сақтау, мәдениетті сөйлеу, шешендік өнерді оқушы бойына сіңіре отыра, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге ат салысуға шақыру; Сайыс барысында Қ.Алағөзовтың сөзіне жазылған қазақ тілі әні тыңдалды. Сайысқа қатысушы топ мүшелері топтың атын, ұранын, эмблемасын таныстырды. Оқушылар «Тіл тағдыры-ел тағдыры» тақырыбы бойынша көтерілген мәселелер туралы өз ойларын еркін мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді қолдана отырып жеткізді. Сайыста белсенділік танытқан оқушылар Өмірсерік Мадияр, Сағатов Таир, Акшулакова Бибигайша, Жуманалина Томирис, Тайкенова Нұргүлге ерекше алғыс айтылып, әділқазылар шешімімен оқушылар марапатталды. 1-орынды «Ана тілі» 2-орынды «Тіл байлық» тобы иеленді. Қара қылды қақ жарған туған тіліміздің айтулы, мерейлі мерекесі күніне орайлыстырылып «Биік сенің мәртебең-Ана тілім!» атты поэзия кеші өтті. Оған 8-9 сынып оқушылары қатысты. Ондағы мақсат-тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың айтқан ой толғауларын оқып үйрену, ақиық ақындарымыздың тіл жайында толғаған өлең жырларын жатқа айтып, жүрекпен түсініп, жүрекке жеткізу болды. Тілдер мерекесінің жабылуына байланысты 7 сыныптар арасында «Пою тебя, Родина моя» мәнерлеп оқыту сайысы өтті, оқушылар марапатталды. Екі апта бойы өткізілген іс-шаралар жөнінде ақпараттар әлеуметтік желілерге салынып отырды. 14 қыркүйек күні мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары арасында «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тәрбие сағаттары өтті. Бұл іс –шараның мақсаты: мемлекеттік мекемелерде жемқорлық фактілерінің алдын алу. Сынып жетекшілеп оқушыларға арнайы дайындаған бейнеролик көрсетіп, соның төңірегінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оқушылар өз пікірлерімен бөлісіп, патриоттық сезімдерін білдірді.

Сонымен қатар мектебіміздің 1 қабатында арнайы стенд жасалды. Бұл стендте сыбайлас жемқорлыққа қатысты ақпараттар жинақталған. 14 қыркүйек күні мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары арасында «Салауатты өмір салтын Ұстан!» атты сурет байқауы өтті. Бұл іс –шараның мақсаты: мектеп оқушыларын салауатты өмір салтын ұстануға баулу, зиянды әдеттердің алдын алу. Оқушылардың салауытты өмірге деген көзқарастарын анықтау, дүниетанымдарын кеңейту. Байқау арқылы әр оқушының жандүниесінен хабар алу. Байқау барысында оқушылар өзара тәжірибе алмаса білді. Бір – бірімен тірі қарым –қатынас ала білді. Сонымен қатар мектебімізде оқушылардың жан жақты дамуына аса назар аударылады. Атап, айтсақ, Ақмола облысы жалпы білім беру мектептерінің 9-11 сынып ұлдар арасында "Ұлттық мектеп лигасы" бағдарламасындағы футболдан қазан айында өткен облыстық жарысқа мектебіміздің оқушылары: Сағатов Таир, Балғабаев Заңғар, Нұртаза Диас, Нарбутанов Асет, Султангазин Оспан, Арыстанбеков Арслан, Тынбаев Ерден, Ғалымжан Әділхан, Султангазин Санжар, Каденов Алишер, Шабанбаев Нурсултан, Ошакбаев Ерхан, Серкибаев Алмаз қатысты. Нәтижесінде мектеп командасы жоғары нәтижеге қол жеткізіп, жүлделі 2-ші орынды иеленді.

2021-2022 оқу жылында оқушыларымен мұғалім жылдық жетістіктері

1	Жетекшісі	Аудандық		Облыстық	
		Оқушысының жетістігі	Мұғалім жетістігі	Оқушысының жетістігі	Мұғалім жетістігі
1	Нагашыбаев Н.Е.	1. Футбол 1-орын Шахмат командалық II-орын 1. Серкебаев А I-орын 2. Бисаримов К II-орын 3. Адамова Г III-орын Дойбы сайысы командалық II-	Алғыс хат. Педагогикалық талантты және жоғарғы жетістіктері, оқу-тәрбие ісіне қосқан үлесі үшін білім бөлімінің басшысынан	1. Футбол сайысынан командалық Порын 1. Каденов А- «Үздік қақпашы» Спорттық каникул сайысында: 1. Туйкаева С I-орын 2. Ерболат А II-	Алғыс хат. Ақмола облысының «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы футболдан үздік команда дайындағаны үшін Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі

		орын 1.Арыстанова А I-орын 2. Тайгелтиров А II-орын 3. Нурдыбек А III-орын		орын 3.Бүркітбай М III-орын 4. Жунусов Ж II-орын	
2	Нагашыбаев Н.Е.	Аудандық «Алғашқы қымыз» мерекесіне орай өткізілген «Асық ату» жарысынан 1.Төлеуханұлы Н-Iорын 2. Идрисов Н-Iорын 3. Қаз Ажар-Iорын	Мектепшілік үздік педагог -2 орын	1.Sport Fest шахмат жарысынан- Серкибаев Асылбек I орын 2.Сертификат. Ұлттық спорт түрлері бойынша мектеп лигасы жарыстарына қатысқандарыңыз үшін Қалымсейтов М Сақтаған М Төлеуханұлы Н Базекон Нариман Наухан Е	Алғыс хат «Ұлттық мектеп лигасы» ұлттық спорт түрі «Асық ату» және «Бес асық» облыстық жарысында балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға және зор үлес қосып, ат салысқаныңыз үшін.

30-ші қазан күні ZOOM платформасы арқылы аудандық «Абай –рухани-адамгершілік мұрасы-оқушыларды патриоттық және азаматтық тәрбиелеу негізі» атты семинары өтті. Семинардың жоспары бойынша мектептің тәрбие ісі меңгерушісі Б.С.Смагулова таныстыру-презентациясын ұсынды. Мектеп директоры К. Есмағамбетова мектеп жетістіктеріне тоқталып, құттықтауын жолдады. Қазақ тілі пәнінің мұғалімдерінің Хұрмет Н., Ауезова З.Т., Л.А Есенгулованың шәкірттерінің осы іс –шараға арналған бейнероликтерімен презентациялары көрсетілді. Мектеп кітапханашысы Ж. Акпаеваның Абайдың шығармашылығына арнаған сабақтан тыс кездесуінен бейне үзінді ұсынылды. Мектеп оқушыларының орындауында Абайдың кара сөздері: қазақ, ағылшын және орыс тілінде оқылды. Пәндер сабақтастығы ретінде математика пәнінің мұғалімі Н.С.Түлегенова семинар қатысушыларымен өте қызықты сергіту сәтін өткізді. Музыка пәнінің мұғалімі Д.К.Туйкаева «Айгөлек» үйірмесінің жұмысында балалармен Абайдың өлендеріне шолу жасады. Семинардың жабылуында Есенгулова Лида Аскарқызының орындауында Абайдың « Көзімнің қарасы» атты өлеңі шырқалып, қатысушылар бірге қосылды. Семинардың қорытындысын Атбасар ауданы Білім бөлімі тәрбие жұмысының әдіскері Нұрмағамбетова Қымбат Қайыржановна жасап, семинардың жоғары деңгейде өткені туралы мәлімдеді.

[«№ 7 қазақ орта мектебі» КММ бойынша аудандық «Абай –рухани-адамгершілік мұрасы-оқушыларды патриоттық және азаматтық тәрбиелеу негізі» атты семинары туралы мәлімет \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Оқушыларымыздың бойындағы патриоттық сезімдерін ояту мақсатында 29.11. күні мектебімізде «Ел ертеңін ойлаған Елбасы» атты сынып сағаттары 5-11 сыныптарында онлайн, 1-4 сыныптарында офлайн форматында өткізілді. Мақсаты: «1-желтоқсан-Тұңғыш Президент күні» мерекесінің мәнін ашу, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру; Елбасындай Отанын, халқын сүйе, нағыз азамат, шынайы патриот болуға тәрбиелеу; оқушылардың бойында Елбасына деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін қалыптастыру. Сынып жетекшілер осы тапқырыпқа сай барлық бейне материалдарды қолдана отыра, оқушыларға Тұңғыш Президентіміздің өмір жолын, ерен

еңбегі туралы толық ақпарат берді. Сонымен қатар мектебіміздің дәлізінде осы мерекеге арналған көрме ұйымдастырылды. Бұл жерде оқушылардың, ата – аналардың қолдарынан шыққан керемет макеттері қойылды. 20-21 қазан күндері Көкшетау қаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Рухани жаңғыру" бағдарламасының шеңберінде мектеп оқушылары арасында облыстық пікірсайыс турнирі өтті. "Бұл екі күндік сапар өте қызықты, әрі көңілді өтті. Көкшетау қаласындағы өлкетану мұражайы мен М. Ғабдуллин атындағы мұражай мен Ш. Кусаинов атындағы театрына барып, тамашалап қайтты. Оқушылар жартылай финалға өтіп, алғыс хаттармен марапатталды. Мектебімізде қыздар тәрбиесіне үлкен көңіл бөлінеді, 8-ші қазан күні мектепішілік «Ақ бота» қыздар клубының отырысы өтті. Бұл отырыс «Қыздар күні» қарсаңында өтілуіне байланысты, қазақ қыздарының бойындағы ең құнды қасиеттеріне арналды. Отырысқа мектебіміздің 7 АӘ, 8 АӘ сыныптың қыздары белсенді қатысты. 8 «Ә» сыныбының оқушысы Бегалинова Аружан « Қыз –елдің көркі, гүл- жердің көркі» тақырыбында баяндама оқып, құрбыларымен өз ойымен бөлісті. Отырыс барысында қыздар бір- бірін қыздар күнімен құттықтап, өз жылы лебіздерін білдірді. Сонымен қатар қыздар тәрбиесіне қатысты түрлі қызықты сұрақтар қойылды.

Республикамыз бойынша қазан айының бірінші аптасында әдеттегідей «Мұғалімдер күні» аталып өтіледі. Бұл күні мектеп белсенділері мен 11 сынып түлектері есік алдында ұстаздарды шарлармен қарсы алып, жүрекжарды құттықтау лебіздерін жолдады. Мектебіміздің салтанат залында мерекелік концерт ұйымдастырылды. 4 сынып оқушылары Курмангожина Дильназ бен Қалымсеитова Маржан «Ардақты ұстазым» атты әнді орындап, концертімізді ашып берді. 8 сынып оқушылары Ардагер Айым мен Саят Жаннұр «Ұстазға мың алғыс» атты әндерін ұлағатты ұстаздарға сыйласа, «Балбырауын» күйін 11 сынып оқушысы Мырзағұл Араймен 9 сынып оқушысы Сабитова Меруерт мектеп ұжымына арнап орындап берді. Ал 4 сынып оқушысы Серикбаев Мади «Махабатқа әлі ерте» атты көңілді әнімен барша ұстаздарды қол соққызды және де мектеп түлектері ортаға шығып, вальс билеп, ұстаздар қауымын риза қылдырды. Мұғалімдердің ұранына айналған «Ұстазым» әнің нақышына келтіріп орындаған Серикбаев Мади мен Серикпай Елжас барша мұғалімдерді ерекше сезімге бөлендіре білді. Мерекелік концерт «Болашақ» вокалдық топтың орындауында «Ұстаз - Ана» әнімен аяқталды. 15 қазан күні «Ас атасы -Нан» акциясы аясында мектебімізде ең құнды көрме ұйымдастырылды.

Бұл көрменің мақсаты: оқушылардың нанның қадірін білуге баулу. Көрменің сәнін келтірген 7-9 сынып оқушыларының қолынан шыққан нан өнімдері керемет көрініс алды. Оқушылар өз қолдарынан шыққан нан өнімдері туралы ақпарат берді. 29 қараша күні ауданымыздың мектептеріндегі «Оқушылардың кіші ассамблеясы» кезекті отырысы онлайн форматында өтті. Бұл отырыс «Біздің ауылдың батырлары» тақырыбында өткізілді. Мақсаты: Ұлы Отан соғысының, ауған соғысының ардагерлеріне деген құрмет, олардың ерең еңбектері туралы мағлұмат беру; өскелен ұрпақты халқын сүйуге, нағыз азамат, шынайы патриот болуға тәрбиелеу; оқушылардың бойында Отанымызға деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін қалыптастыру. Бұл отырысқа мектебіміздің белсенділері Саят Жаннұр және Бабаева Аяулым қатысты. Оқушылар тыл ардагері, қаламыздың құрметті тұрғыны И.И.Комиссаров туралы мәліметтермен бөлісті. 25 қараша күні мектебіміздің 8-ші сынып оқушылары үшін арнайы онлайн форматында кездесу өтті. Кездесудің тақырыбы: «1937-1938 жылдардығы қуғын – сүргіннің басталуы мен себептері және Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні». Мақсаты: жасөспірімдердің бойында патриоттық сезімдерін ояту, өз елінің тарихын құрметтеуге баулу. Бұл кездесуді облыстық білім басқармасының және Ш.Уәлиханов атындағы университетінің ұстаздары бірлесе өткізді. 25 қараша күні мектебіміздің 11-ші сыныптың қыз балаларымен арнайы онлайн кездесу өтті. Кездесудің тақырыбы: «Мамандықтар туралы». Мақсаты: мектеп түлектеріне кәсіби бағыт бағдар беру, мамандық таңдауға көмектесу. Бұл кездесуді Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің оқытушылары ұйымдастырып, ZOOM платформасы арқылы дәріс берді. 14 –ші желтоқсан күні Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған аудандық балалар клубының кезекті отырысы өтті. Мектебіміздің 8 сынып оқушылары Қайырбаева Асем және

Бабаева Аяулым «Ш.Қалдаяқовтың қазақ вальсінің королі» атты жобасын сәтті қорғап шықты.

[Балалар клубы \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

2021-2022 оқу жылының I-жартыжылдығында мектебімізде «Жыныстық тәрбие» бағыты бойынша жасөспірімдер арасында жыныстық тәрбиеге байланысты бірқатар іс – шаралар ұйымдастырылды. Мектебіміздің биология пәнінің мұғалімі Г.Т.Шаяхметова 7-8-ші сынып оқушыларының арасында конференция өткізді. Бұл жерде балалар өздерінің денсаулықтарына деген көзқарастарын білдіріп, өз пікірлерін ортаға салып, талқылады. 10 - 11сынып оқушыларымен дөңгелек үстел басында сынып жетекшілері сұхбаттасты. Сонымен қатар мектеп психологы Шахметова А.Н. ұйымдастыруымен «Ерте жүктілік- заманауи мәселе» атты тренингтер өткізді. Бұл тренингтерге мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары қатысты. Тренинг барысында Асемгүл Назымбекқызы қыз балалардың ерте жыныс қатынасына баруының салдарына, ерте жүкті болуы себептеріне толық тоқталып кетті. Сонымен қатар мектебіміздің «Қыздар мектебі» клубының отырыстары өткізілді. Бұл кездесулерді мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі Смагулова Бахыт Сериковна және мектеп психологы Шахметова Асемгүл Назымбековна өткізді.

Әр сыныптың қыз балаларының жас ерекшеліктеріне қарай жыныстық тәрбие, жеке бас гигиенасы туралы толық мағлұмат беріліп, Мектебіміздің салтанат залында 7-11 сыныптары қыздарының қатысуымен кезекті отырыс өтті. Бұл кездесуде мектебіміздің қыз балалары «Қызға қырық үйден тыйым» деген тақырыпта әңгіме өткізілді. Әңгіме барысында арнайы слайдтер көрсетіліп, талқыланды. Әсіресе қыз балалардың тазалығы, киім киісі, өзін - өзі ұстауы жөніндегі әңгіме қыздарға өте ұнады. Отырыс соңында қыздар үнемі өздерінің денелерін, киімдерін таза ұстауларына, қай жерде болсын өздерін қазақ қызына сай ұстауы керек екендігі туралы, «қызға қырық үйден тыйым» тақырыбының төңірегінде әңгіме болды. Жалпы мектеп бойынша жыныстық тәрбиеге байланысты түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. Сонымен қатар 3 желтоқсан күні мектебіміздің кітапханасында қазақ ақынының 175 жылдығына арналған "Жамбыл Жабаев - ғасыр адамы" атты әдеби кеш өтті. Іс-шара жастарды ақынның ақындық таланты арқылы сөз өнеріне баулуға, шығармашылығымен таңыстыру мақсатында ұйымдастырылды. [ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ-ҒАСЫР АДАМЫ \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Өлемдегі діни экстримизм және терроризмнің кең таралуына байланысты мектебімізде үнемі діни экстримизмнің және терроризмнің алдын алу мақсатында мектеп оқушыларына, ұстаздарға арнайы түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Сынып жетекшілері оқушыларға төтенше жағдай орын алған жағдайда өздерін қалай ұстау, өздерімен ең қажетті заттарын ғана алу керектігін түсіндіреді. Шара барысында оқушыларға мектеп ғимаратынан шығу жолдары көрсетіледі.

[Діни экстримизмнің және терроризмнің алдын алу \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

28 желтоқсан күні мектебімізде балалардың қауіпсіздігін қамту мақсатында арнайы кездесу ұйымдастырылды. Бұл кездесуге Атбасар станциясының темір жол басшысы О.В.Лебедев, темір жол бойынша қауіпсіздік инспекторы Шахаров Т.О, Ержанов А.А және темір жол полициясының қызметкері Н.Канафин қатысты. Мақсаты: балалардың өмір қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру, келенсіз жағдайлардың алдын алу, ескерту, кеңестер беру. Кездесуге мектебіміздің 7-11 сынып оқушылары қатысты. Оларға барлық қауіпсіздік ережелері толығынан түсіндіріліп, темір жолды арнайы жермен өту керек екендігін, сонымен қатар электр тоғының маңайында сэлфи жасауға қатаң тыйым салынатының айтып ескерту айтты. [Балалардың қауіпсіздігін қамту \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

2021-2022 оқу жылының басында барлық сыныптардан Діни ұйымдарға қатысатын отбасылары мен оқушыларды сынып жетекшілері анықтайды. Ол үшін әр отбасынан барып, тұрмыстық –жағдайларын зерттеп, зерттеу нәтижесінің арнайы Актісін толтырады. Сынып сағаттарында, ата – анадар жиналыстарының күн тәртібіне осы мәселелер нақты талқыланады. Ата – аналар мен оқушыларға деструктивті ағымдар туралы түсініктердің мағынасын түсіндіріп, толерантты мемлекет туралы түсініктерін кеңейту. Оқушылардың назарына арнайы презентация және бейнероликтер ұсынылады.

Сонымен қатар мектебімізде дебаттық қозғалысына да үлес қосылады. 13 қаңтар күні ZOOM платформасы арқылы аудандық дебаттық клубтарының сайысы өтті. Бұл сайысқа мектебіміздің «Жалын» дебаттық клубы қатысты. Жетекшісі Байдашева Гульмира. Тақырыбы: «Еуропалық отбасы моделі-дәстүрлі отбасының моделінен артықшылығын дәлелдеу», мақсаты: еуропалық отбасының үлгісімен дәстүрлі ұлттық отбасынан артықшылығын дәлелдеу. Мектебіміздің «Жалын» дебаттық клубының екі мүшесі Исина Дана және Ақпаленов Алматы белсенді қатысып, өз аргументтерін нақты фактілермен дәлелдеудің арқасында жеңіске қол жеткізді. Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 1-11 сыныптарында «Мен және менің құқығым» атты сынып сағаттары, ұл балалары арасында «Мен және Заң» атты дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: мектеп оқушыларының құқықтары мен міндеттері туралы толық ақпараттандыру, жасөспірімдерге қатысты Балалар құқығы конвенциясының арнайы тармақтарымен таныстыру. Сынып сағаттарында сынып жетекшілер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тәрбиелік мәні бар тәрбие жұмыстарын жүргізді. Арнайы бейнероликтер негізінде балаларға заңбұзушылықтарға жол бермеу, алдын алу әңгімелер жүргізілді. Ұл балалар арасындағы кекілжіндер орын алған сәттерде медиация тобының жұмысы жүйелі түрде жұмыс жасайды, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. 26 қаңтар күні Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық департаментінің ұйымдастыруымен ата –аналармен арнайы кездесуі өтті. Кездесудің мақсаты: балалар вакцинациясының тиімділігі. Департамент дәрігерлері ата –аналарға балалардың вакцинациясы туралы толық ақпарат берді.

[Ата-аналарға \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

2022 жылдың 10-ші ақпан күні мектебімізде өзін –өзі тану пәні онкүндігінің жабылу салтанаты өтті. Мақсаты: онкүндік барысында жоспар бойынша барлық іс –шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған оқушыларды марапаттау, пәнге деген сүйіспеншіліктерін нығайту; Марапаттау рәсәмін мектеп директоры К.А Есмагамбетова және өзін –өзі тану пәнінің мұғалімі Б.С.Смагулова өткізді.

«Руханилықтың мөлдір бұлағы» атты Эссе байқауының жеңімпаздары:

I –орынды иеленген 11 сынып оқушысы Мырзағұл Арай;

II – орынды иеленген 8 сынып оқушысы Саят Жаннұр;

III –орынды иеленген 8 сынып оқушысы Қайырбек Айымгүл және 11 сынып оқушысы Икрамова Аяулым арнайы мадақтама қағазымен марапатталды.

«Қайырымдылық жер бетінде», «Ризамын бүгінге» атты сурет байқауының жеңімпаздары: I – орынға ие болған 7 ә сынып оқушысы Қожақ Ботагөз және 5 а сынып оқушысы Ақмарова Айсұлу, Нұрманова Гульназ, 6А сынып оқушысы Саберлинова Томирис. II – орынға ие болған: 6 б сынып оқушысы Қанатов Алдияр.

«Бақытты үй» жобасына белсенді қатысқаны үшін 10 ә сынып оқушысы Сағатбекова Томирис, 8 а сынып оқушысы Шамшиденова Аяжан.

«Сүйіспеншілік сабағы» атты челленджге белсенді қатысқан оқушылар: 8 б сынып оқушысы Қадырбаева Асем, 8 Ә сынып оқушысы Бегалинова Аружан, 11 сынып оқушылары Сайлауова Зарина, Мырзағұл Арай, 7 а сынып оқушысы Дауіт Қожаахмет, 9 ә сынып оқушысы Серікұлы Оралбек марапатталады. Сонымен қатар осы онкүндіктің ашылуында өз өнерімен өздерін тәнті қылған 10 сынып оқушысы Ноян Ақжол және 4 сынып оқушысы Серікпай Елжас арнайы марапатқа ие болды.

14ақпан күні мектебімізде «Балалардың жолда жарақаттануының алдын алу» акциясы аясында жол полициясының қызметкерлерімен кездесу өтті. Мақсаты: Оқушыларға жол ережелерін еске салу, жол қиылыстарындағы ережелерді сақтау, темір жолды өту ережелерін түсіндіру.

[Жол полициясының қызметкерлерімен кездесу \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

24 ақпан күні мектепшілік жоспарға сай «Ақбота» қыздар клубының кезекті отырысы өтті. Мақсаты: қыз балаларының тазалығы, жеке гигиенасы, мектеп ережесін сақтауы, өздерін ұстауы туралы түсінік беру.

[«Ақбота» қыздар клубының кезекті кездесуі. \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

25 ақпан күні, мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылықтың алдың алу мақсатында « Құқықбұзушылықтың түрлері» атты арнайы кездесу өткізілді.

Мақсаты: мектеп оқушыларына құқықтары туралы ақпарат беру.

« Құқықбұзушылықтың түрлері» атты арнайы кездесу өткізілді. (aqmoedu.kz)

Кәсіби бағдар беру мақсатында мектебімізде арнайы кабинет жұмыс жасайды. 7 сәуір күні «Жоғары Агротехникалық» колледжі оқытушылары 9-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесудің мақсаты: 9-11 сынып оқушыларына мамандық таңдауда бағыт бағдар беру, оқу орнымен таныстыру, мүмкіндіктерінен хабардар ету; Бұл кездесуге мектебіміздің 9-11 сынып оқушылары қатысып, барлық ақпараттан құлақдар болды. Аталмыш оқу орнына түсідін жолдарымен таныс болды. 11 –ші ақпан күні мектебімізде 3 а сынып оқушыларына арналған «Мамандықтың бәрі жақсы» атты тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: балаларға болашақ маман иесі болуларына жетелеу, таңдау жасауға кәсіби бағдар беру; Тәрбие ісі меңгерушісі Б.С. Смагулова және 3а сынып жетекшісі М.М. Каппасова оқушыларды мектебіміздің кәсіби бағдар беру кабинетімен таңыстырып, назарларына арнайы мамандықтар туралы бейнероликті ұсынды. Балалар дәптерлеріне мамандықтар атауын жазып, әр мамандық туралы мазмұндады. Сабақ барысында өздеріне ұнайтын мамандықтар туралы айтып бөлісті. 28 ақпан күні Нұр –Сұлтан қаласындағы Қазақ экономика, қаржы және сауда университетінің оқытушыларымен кездесу өтті. Мақсаты: 11 сынып оқушыларына мамандық таңдауда бағыт бағдар беру, жоғары оқу орнымен таныстыру, мүмкіндіктерімен таныстыру; Бұл кездесуге мектебіміздің 11 сынып оқушылары қатысып, барлық ақпараттан құлақдар болды. Аталмыш оқу орнына түсідін жолдарымен таныс болды. Сұрақтар қойып, жауап алды. 16 –ші ақпан Ш.Уәлиханов атындағы университетінің оқытушыларымен онлайн кездесу өтті. Мақсаты: 10-11 сынып оқушыларына мамандық таңдауда бағыт бағдар беру, жоғары оқу орнымен таныстыру, мүмкіндіктерімен таныстыру;

Бұл онлайн –кездесуге мектебіміздің 10-11 сынып оқушылары қатысып, барлық ақпараттан құлақдар болды. Аталмыш оқу орнына түсідін жолдарымен таныс болды. Сұрақтар қойып, жауап алды. 23 –ші ақпан күні мектебімізде 9 сынып оқушылары қаламыздағы Агро-индустриалдық колледжіне барды. Мақсаты: колледждегі мамандықтар түрімен танысу, мүмкіндіктерінен хабардар болу; болашақ маман иесі болуларына жетелеу, таңдау жасауға кәсіби бағдар беру;

Оқушылар сынып жетекшілері: Есенгулова Л.А. және Балабекова Г.Б. оқушылармен бірге арнайы жаңадан жинақталған кәсіби кабинеттердегі жабдықтармен жұмыс жасау барысымен танысып қайтты. 25 ақпан күні, мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылықтың алдың алу мақсатында « Құқықбұзушылықтың түрлері» атты арнайы кездесу өткізілді. Мақсаты: мектеп оқушыларына құқықтары туралы ақпарат беру, қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік кодекстерімен таныстыру, ақпараттандыру. Бұл кездесудің ұйымдастырушылары мектеп Президенті –Бегалинова Аружан, көмекшілері: Шамшиденова Аяжан және Кадырбаева Асем. Кездесуге арнайы шақырылған құқықтану пәнінің мұғалімі Н.Жақсыбаев қатысты. Н.Жақсыбаев 9-11 сынып оқушыларына мектепшілік ережелерді таныстырып, жалпы құқықтары туралы толыққанды мәлімет берілді. Сонымен қатар арнайы бейнеролик көрсетіліп, талдау жасалды. Арнайы тест сұрақтарына жауаптар алынды. 28 ақпан күні мектебіміздің барлық сыныптарында « Талғат Бигельдинов – Адамгершілік пен қарапайымдылықтың үлгісі» атты сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері арнайы презентация мен бейнероликтер арқылы, Талғат Бигельдинов туралы толық ақпарат берді. Ол кісінің Отан алдындағы адалдығы, жауапкершілігі үлгі тұтарлық екені жөнінде түсініктер берді.

Адагершілік тәрбиеге қатысты, 1 наурыз күні мектебімізде 1-11 сыныптарында «Алғыс айту күні» атты іс - шаралар өтті. Әр сыныпта арнайы сценарий бойынша әртүрлі форматта іс – шаралар өткізілді. Атап айтсақ, бастауыш сыныптарында- шаттық шеңбері, ортаңғы буында- дөңгелек үстел, жоғары сыныптарында - жүректен жүрекке форматтарында өткізілді. Оқушылар ұстаздарға, сыныптастарына жылы лебіздерін білдіріп, алғыс айтты. 5 наурыз күні мектебімізде барлық сыныптарда « Аяулы Аналар» атты тәрбие сағаттары өтті. Мақсаты: 8 наурыз халықаралық әйелдер күнін атап өту, аналарға деген сый – сияпат, құрмет көрсету;

Халықаралық әйелдер күнінің қарсаңында мектеп оқушыларының атынан арнайы бейнеролик түсіріліп, ата – аналар чатына жолданылды. Аналарға арнайы қолдан жасалған сыйлықтар әзірленді. Жас ақындар өлең жолдарын тарту етті. 14.03.-18.03. күндері аралығында барлық сыныптарда « Әз Наурыз –жаңарумен жаңғыртудың бастауы» атты тәрбиелік іс – шаралар өткізілді. Бұл іс – шаралардың мақсаты ұлттық мейрамымыз «Наурыз –жыл басы» екендігін атап өту, ұлттық құндылықтарымызды, салт –дәстүрлеріміз, әдет – ғұрпымызды насихаттау, жас ұрпақ бойына адамгершілік, мейірімділік, кішіпейілділік, отансүйгіштік, толеранттық патриоттық сезімдерін қалыптастыру. Сондықтан да әр сынып жетекші өз сыныбында өткізген іс – шараларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырып, өткізді. 10 наурыз күні мектебіміздің оқушыларына вакцинациялану туралы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Мақсаты: мектеп оқушыларының денсаулықтарына қатысты ақпараттандыру; вакцинаны пайдасын түсіндіру. Мектебіміздің медбикесі Г.Сәрсенбай мектеп оқушыларымен кездесіп, оларға вакцинацияланудың пайдасы туралы толық ақпарат берді. Әсіресе 9-11 сынып бітірушілерге қатысты түсіндіру жұмысын өткізді. Сонымен қатар, мектебіміздің барлық сыныптарында « Су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік» атты тәрбие сағаттары өтті. Мақсаты: көктем мезгілі кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, жол маршруттарын айқындау, кеңестер беру. Сынып жетекшілер оқушыларды көктем мезгілінде арнайы ережелерді сақтап жүруді өтініп, оқушыларға бейнероликтер, келенсіз оқиғалардан ақпараттар ұсынып, хабардар етті. Мектеп оқушыларының көктемгі демалысын дұрыс ұйымдастыруына байланысты, мектебіміздің мұғалімдері өз сыныптарымен қаламыздың мәдени орындарына саяхат жасауда. 07.03.-27.03. күндері аралығында «Балдәурен – Балқаш» – балаларға арналған тамаша балалар лагеріне мектебіміздің екі оқушысы Шамшиденова Аяжан мен Қуанышбек Қарақат барып демалып, керемет әсер алып қайтты. 31 наурыз бен 19 сәуір күндері аралығында « Балдәурен - Балхаш» Республикалық балаларды сауықтыру орталығында мектебіміздің 7 –ші сынып оқушылары: Алымов Абай мен Трарқан Гулнар демалып келді. Балалардың осы 20 күндік демалыстары өте керемет өткені туралы сыныптастарымен бөлісті. Ол жерде балалар өздеріне көптеген достар тауып, сабақ оқып, әр түрлі іс –шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Атап айтсақ, Алымов Абай «КВН» байқауында III -орынға ие болды. « Дойбы ойынының сайысында I –орынға ие болып, марапатталды. Трарқан Гулнар «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойындар сайысында I –орынды иеленді.

Сонымен қатар «X –фактор», «Олимпия» байқауларына белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болып қайтты. Балалар үшін осы күндер мәңгі естерінде қалатын болды. Бұл орталықта олар адамгершілік, мейірімділік, достық, жанашырлық сынды сезімдерді қатты сезінгендерімен бөлісті. Сондықтан облыстық білім басқармасына осындай мүмкіндік бергендері үшін өз аттарынан шексіз ризашылықтарын білдірді.

30 наурыз күні мектебімізде « Қазақстан халқы арасындағы жанжалдарды шешу жолдары» атты аудандық балалар ассамблеясының кезекті отырысы өтті. Бұл отырысқа қала мектептерінің оқушылары және тарих пәнінің мұғалімдері қатысты. Әр мектептің оқушылары елімізде тұрып жатқан ұлт өкілдері арасындағы жанжалдарды шешу жолдары талқыланды. 05.04. мектебінде аудандық ауруханасының дәрігерлері және психологымен 9-11 сынып қыздары арасында арнайы кездесу өтті. Мақсаты: жасөспірім қыз балалары арасындағы ерте жүктілік мәселесінің алдын алу. 01.04.-07.04. күндері аралығында мектебімізде арнайы жоспарға сай іс – шаралар өткізілді. Атап айтсақ 1-5 сыныптар арасында « Спорт есірткіге қарсы», атты спорттық ойындар сайысы, « Денсаулық маршы» атты жаппай жаттығулар. 6-11 сыныптар арасында салауатты өмір салтын насихаттайтын буклеттер, плакаттар көрмесі ұйымдастырылды.

[«Спорт есірткіге қарсы», атты спорттық ойындар сайысы \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

7 сәуір күні 8-11 сынып оқушыларының арасында жазғы демалыс кезінде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында « Жазда абай бол!» атты кездесу өтті. Бұл кездесуге мектеп инспекторы Токжуманова С.С. оқушыларға су тасқыны кезінде қоймаларының маңайына баруға тыйым салынатыны туралы мәлім етіп, сақ болуларын тіледі.

[Жазғы демалыс кезінде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында « Жазда абай бол!» атты кездесу өтті \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Мектебіміз қаладағы басқа да мекемелермен тығыз байланыста жұмыс атқарады. 14 сәуір күні мектебіміздің 9-10 сынып оқушылары Аудандық Ішкі Істер бөлімшесіне саяхатқа барып қайтты. Мақсаты: жарияланған «Балалар жылы» аясында ағымдағы жылдың 11 сәуір мен 15 сәуір аралығында Атбасар ауданы аумағында «Мен және менің полицейім» имидждік Республикалық акциясы өтті. Акцияның мақсаты – кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру, отбасылық және адамгершілік-рухани құндылықтарды тәрбиелеу, азаматтардың ішкі істер органына сенімін арттыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды еңбекпен таныстыру және қауіпсіздік шараларына үйрету. 15 сәуір күні Аудандық мәдениет үйінде Қазыбек бидің 355 жылдығына арналған «Баталы құл арымас» атты байқау өтті. Бұл байқауға мектебіміздің 4-5 сынып оқушылары қатысты. Олар: Арыстанова Аружан, Бақыт Айша, Қасым Саяжан, Қасым Аяжан, Ерболат Ақерке, Өзгеріскызы Аружан, Бексұлтанова Мадина, Қайырбай Санжар. 5-ші сынып оқушысы Бексұлтанова Мадина III – орынға ие болды. Сонымен қатар осы күні 8-ші сыныптар арасында мектепшілік дебат өтті. Мақсаты: дебаттық шайқастарға оқушыларды дайындау, аргументтермен фактілерді жинақтауға машықтандыру. Дебатқа «Болашақ» тобы, құрамында: Ерлан Аяулым, Айнұр, Қаз Айымгүл, Жаксылыкова Зарина және «Парасат» тобы, құрамында: Бегалинова Аружан, Орынбасар Аяулым, Саят Жаннұр, Курақпаева Камила қатысып, екі топта бірдей ұпай санын жинап жүлделі орынға ие болды.

25 сәуір күні аудандық мәдениет үйінде «Балалар өмір гүлі» атты «Балалар жылына» арналған мерекелік концерт өтті. Бұл концертке мектебіміздің ең талантты оқушыларымыз қатысып, өз өнерлерін паш етті. Атап айтсақ, Бабаева Аяулым, Бегалинова Аружан, Саят Жаннұр, Кадырбаева Асем, Нұртаза Диас, Кузембаева Ясмина, Шахметова Махаббат, Исин Рахат, 1 сынып оқушыларынан құрылған «Гүлдер» би тобы, «Болашақ» вокалдық тобы, жетекшісі Туйкаева Д.К.

[«Балалар өмір гүлі» атты «Балалар жылына» арналған мерекелік концерт өтті \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

29 сәуір күні мектебімізде «Халық достығы» атты экологиялық акциясы өтті. Бұл атаулы іс -шараның негізгі мақсаты: табиғатты аялау, құрметтеу, ағаш отырғызу. Акция барысында 9,11 сынып оқушылары мектеп айналасына жас көшеттер отырғызды. Бұл игі акция аясында табиғатты аялауға жаны құштар өрендер Жер-Ананың берген сыйын қорғау баршамыздың ортақ міндетіміз екенін айқындап берді. 28 сәуір күні мектебіміздің 9-11-ші сынып оқушыларымен арнайы онлайн -кездесу өтті. Кездесуге Халықаралық туризм университетінің оқытушылары қатысты. Кездесудің мақсаты: мектеп түлектеріне кәсіби бағыт бағдар беру, мамандық таңдауға көмектесу. Бұл кездесуді аталмыш жоғары оқу орнының оқытушылары ұйымдастырып, ZOOM платформасы арқылы оқушыларға Университетке түсу мүмкіндіктері туралы толық ақпарат берді. 28 –ші сәуір күні «Қазақстан халқы Бірлігі күні» мерекесінің қарсаңында, аудандық балалар орталығында «Қазақстан –біздің Отанымыз» атты асфальтта сурет салу байқауы өтті. Бұл байқауға мектебіміздің 4 ә сынып оқушысы қатысып, I – орынға ие болды. 29 сәуір күні мектебіміздің барлық сыныптарында «1- Мамыр «Қазақстан Халқы Бірлігі күніне» арналған сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері арнайы презентация арқылы оқушыларға мерекенің маңыздылығын түсіндіріп, түрлі бейнероликтер ұсынды.

["1- Мамыр Қазақстан Халқы Бірлігі" күніне арналған сынып сағаттары өткізілді. \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

20 мамыр күні мектебіміздің барлық сыныптарында «Кибербуллинг және буллинг» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: балалардың қорлау сияқты ұғымдарға теріс көзқарасын қалыптастыру.

[«Кибербуллинг және буллинг» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

25 мамыр күні мектебіміздің алаңында «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты жиынымыз сап түзеп, Қазақстан Республикасының Гимнымен басталды. Жиынның құрметті қонақтары-Атбасар ауданының әкімі Қалжанов Аманбек Амирхамзаұлы және Атбасар ауданы Білім бөлімінің басшысы Н.Г. Наймушина қатысты. Мектебіміздің директоры- К.А. Есмагамбетова оқушыларды соңғы қоңырау мерекесімен құттықтады. Ата – аналар тарапынан мектебіміздің ата – аналар комитетінің төрайымы - А.С. Қайырбаева алғыс хатпен марапатталды.

Түлектеріміздің алғашқы ұстаздары: Үндібаева Балым Мизамовна және Сатова Рысқұл Абдурахитовна, сонымен қатар сынып жетекшілері: Тоқбергенова Айгерим Кайроллаевна, Асқар Ерлан, Исакова Бағила Нұрбековна түлектерге ақ жол тіледі. Мектеп түлектерінің құрметіне «Ұстаз- Ана» әнін мектебіміздің дарынды әншілері шырқап, күйін шертті. Мектебіміздің озат оқушысы-Мырзағұл Арай 2021-2022 оқу жылының түлектерінің атынан ұстаздарға, ата – аналарға жылы лебізін білдірді. Салтанатты жиын соңында түлектеріміз соңғы мектеп вальсын және «Соңғы қоңырау» әнін орындап, соңғы қоңырауларын соқты. Мектебіміздің дәстүрі бойынша түлектер мектеп алаңына жас көшеттер отырғызды.

30-шы мамыр күні мектепішілік «Балдәурен» балалар алаңқайының салтанатты ашылуы өтті. Мақсаты: оқушылардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру, бос уақыттарын тиімді пайдалану, қызықты іс –шаралар өткізу барысында балалардың шығармашылығын дамыту, дүниетанымдарын жетілдіру. «Балдәурен» балалар алаңқайының ашылу салтанатына мектебіміздің балалары белсене қатысты. Атаулы мерекемен балаларды мектеп директоры К.А.Есмагамбетова құттықтап, балаларға жазғы демалыстарын қызықты өткізулерін тіледі. Балаларға арналған ән, би, түрлі ойындармен мереке жалғасын тапты. Мектебіміздің белсенділері өз өнерлерімен бүлдіршіндердің көңілдерін көтерді. Мектеп оқушыларының арасында Мемлекеттік рәміздерді насихаттау мақсатында « Менің туым, менің елтаңбам, менің гимнім» атты ұран астында арнайы жоспарға сай « Рәміздердің тарихын білесін бе?» атты викторина, « Көк тудың астында!» атты ұлттық ойындардан сайыс, « Рәміздер –мақтанышым!» атты кітаптар көрмесі ұйымдастырылып, өткізілді. Сынып жетекшілері оқушыларға мемлекеттік рәміздердің шығу тарихымен авторларын жатқа білуді талап етіп, қосымша ақпараттар берді.

2021-2022 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспарға сай уақытылы іске асырылды.

Тәрбие жұмысының 2022-2023 оқу жылындағы есебі

2022-2023 оқу жылының 1-қыркүйек күні мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары үшін қаламыздың орталық алаңында өтті. Салтанатты жиын Мемлекеттік гимнімен басталды. Салтанатты жиынымыздың құрметті қонақтары: Атбасар ауданының маслихатының хатшысы-Комбатуров Бірлік Төлегенұлы және Атбасар ауданы білім бөлімінің бас маманы Айнаш Тулебековна Исасейтова мектеп ұжымын, ата – аналарды, мектеп оқушыларын, 1 сынып бүлдіршіндерін білім күнімен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Мектеп директоры К.А.Есмагамбетова ата – аналарды, 1 сынып оқушыларын атаулы мерекемен құттықтады. Оқу ісінің меңгерушісі Мина Ескеновна Шакеева 2022-2023 оқу жылының басталуы туралы бұйрығымен таныстырды. Оқу жылы мектеп оқушылары үшін « Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты тәрбие сағатымен басталды. Сынып жетекшілері арнайы нұсқаулыққа сәйкес арнайы презентациялар, қосымша ресурстарды пайдалана отырып, тәрбие сағаттарын жүргізді. Мектеп Парламенті және Жас ұлан балалар ұйымының белсенділері Мектеп оқушыларын және жас бүлдіршіндерді оқу жылының басталуымен құттықтап, білімге ұмтылуға үндеу тастады. 11 сынып оқушылары бүлдіршіндерге ең алғашқы оқулықтары әліппені табыс етіп алғашқы қоңырауды жұп болып соқты. Ата – аналар тарапынан Абылқайырова Гүлмай және Тұрмағамбетова Асемгуль Ертаевна бүлдіршіндерді алғашқы қадамдарымен шын жүректерінен құттықтады. Мектебіміздің 11 сынып оқушылары атынан Нұрдыбек Айдана мектеп табалдырығын аттағалы тұрған бүлдіршіндерге сәттілік тілеп, оқу озаттары болуларына тілектестігін білдірді. Жиын соңында бүлдіршіндеріміз Әліппелерін қолдарына ұстап, 11 сынып оқушыларымен бірге мектепке аяқ басты. Мектептегі өзін-өзі басқару – бұл әрбір оқушы өз қабілеттерін жүзеге асыра алатын оқушылардың өмірін ұйымдастырудың тәсілі болып табылады. Биылғы 2022-2023 оқу жылында мектеп Парламенті өз жұмысын 30 қыркүйекте басталды. Алғашқы отырыста мектебіміздің Президенті Бабаева Аяулым Парламент мүшелерімен

2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылап, өз көмекшілеріне тапсырмалар берді. Әр апта сайын жүйелі түрде отырыстар өтілетінін мәлім етті.

Осы күннен бастап арнайы жоспар құрылып, барлық іс – шаралар мектеп Парламентінің ұйымдастыруымен іске асырылды. Атап айтсақ, «Балалар жылына» орай «Жаңа Қазақстанның бақытты болашағы» атты мектепішілік КВН сайысы 15 –ші қыркүйек күні мектебіміздің

салтанат залында өтті. Мақсаты: жасөспірімдер арасында КВН сайысын насихаттау, сахналық мәдениетті қалыптастыру; оқушылардың актерлық шеберліктерін, патриоттық белсенділіктерін нығайту. Сайысымызға мектебіміздің 7-10 сынып оқушылары қатысты. Сайыс ІІ кезеңнен тұрды: 1-ші-«Сәлемдесу»; 2-ші-«Үй тапсырмасы». Қазылар алқасында мектебіміздің ТІМ-Смагулова Б.С; дене тәрбиесі мұғалімі-Булегенов Е.С; және де мектебіміздің ең белсенді оқушылары-Серкибаев Асылбек Қайратович және Егеубаев Серхан әділдік етті.

Ал, 21 қыркүйекте мектебімізде «Ұланбасы-2022» сайлауы болып өтті. Бұл сайлауға мектебіміздің 7-10 сынып президенттері үміткер болды. Сайлауға мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары бюллетень арқылы дауыс берді. Сонымен ең көп 109-ұпай жинаған 8 «Ә» сынып оқушысы Ташетов Диас Қайырлыұлы Ұланбасы-2022 сайланды. Республикамыз бойынша қазан айының бірінші аптасында әдеттегідей «Мұғалімдер күні» аталып өтті. Бұл күні мектеп белсенділері мен 11 сынып түлектері есік алдында ұстаздарды шарлармен қарсы алып, жүрекжарды құттықтау лебиздерін жолдады. Нұсқаулыққа сәйкес «Дублер күні» кеңінен аталып өтті. 11 сынып оқушылары 5-10 сыныптарына кесте бойынша сабақ өткізіп, мұғалімдерді алмастыра білді. Маусым аяғында мектебіміздің спорт залында Дублер күніне арналған сап түзеу өтті. Бұл жерде 11 сынып оқушылары осы күні ұйымдастырылған барлық іс – шаралар туралы қорытынды жасап, өздерінің пікірлерін ортаға салып, талқылады.

Мектебіміздің салтанат залында мерекелік концерт ұйымдастырылды. 11 сынып оқушылары мұғалімдерді вальске шақырып, ортада биледі. Мектебіміздің домбырашылар тобы мұғалімдерге арнап «Балбұрауын» күйін орындап берді. Мектебіміздің кіп –кішкентай жұлдызы Байгазин Аймаз өзінің сүйікті «Оқып, біліп үйренеміз» атты әнін, сүйкімді қыздармен бірге билеп, шырқады. Ал Серикпаев Мади болса «Болашақ бомба» атты әнді орындап, мұғалімдерді төл мерекелерімен құттықтады. Қос жүргізушілер Аяулым Бабаева мен Ерлан Аяулым мұғалімдермен сұхбаттасып, мұғалім мамандығына қатысты сұрақтарға жауап алды. Мерекелік концерт «Ұстазым» әнімен аяқталды. 25 қыркүйек күні ауданымыздың мәдениет үйінде аудан мектептері арасында КВН сайысы өтті. Бұл сайысқа мектебімізден екі команда «Бес бас» және «Вип қазахи» атты командалары қатысты. Сайыс екі кезеңнен тұрды, «Сәлемдесу» және «Үй тапсырмасы», қазылар алқасының шешімі бойынша «Бес бас» командасы белсенділік таңытқаны үшін марапатталды, ал «Вип қазахи» атты командасы І – орынға ие болды.

[КВН \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

27 қыркүйек күні оқушылардың қауіпсіздігін қамту мақсатында, мектебімізде төтенше жағдайларға қатысты арнайы жаттығулар өтті. Ол үшін арнайы дабыл қағылып, оқушылар мектеп ғимаратынан қауіпсіз жерге эвакуацияланды. Оқушыларға төтенше жағдай бөлімінің қызметкерлері осындай жағдай кезінде өздерін қалай ұстау керектігі туралы ақпарат берді.

Мектеп Парламентінің ұйымдастыруымен 17 қазан күні мектепшілік «Жол ережесін білесің бе?» атты фестивалі өтті. Бұл іс - шараға мектебіміздің 5-10 сыныптарының командалары қатысты. Шарты: 1.қатысушылар саны -10 оқушы; 2. команданы таныстыру; 3. жол ережелері туралы толық ақпарат беру.

[Жол ережесі \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

18 қазан күні мектебімізде төтенше жағдайға қатысты кезекті жаттығулар ұйымдастырылып, өткізілді. Мақсаты: төтенше жағдай орын алған кезде мектеп оқушыларын қауіпсіз жерге эвакуациялау жолдарымен таныстыру.

[ТЖ бойынша кезекті жаттығулар \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

19- ші қазан күні, қаламыздың № 4 жалпы білім беретін мектебінде «Көш көсемі» атты аудандық мектеп Президенттерінің сайысы өтті. Сайыс үш кезеңнен тұрды. Өзін – өзі таныстыру, эссе жазу және қатысушылармен тренинг өткізу. Бұл сайысқа мектебіміздің Президенті 9 сынып оқушысы Бабаева Аяулым қатысып, бас Жұлдеге ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды.

[Мектеп Президенттерінің сайысы \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

20 қазан күні мектебімізде асханадағы электр құралдардан өрт шығу қауіпіне қатысты төтенше жағдай жаттығулары ұйымдастырылып, өткізілді. Мақсаты: төтенше жағдай орын алған кезде асхана қызметкерлерінің әрекеттерін түсіндіру.

[ТЖ бойынша кезекті жаттығулар \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Осы күні салтанат залында Атбасар ауданының прокуроры Э.Жарылқасын аудандық ішкі істер қызметкерлері полиция майоры С.Токжуманова, полиция капитаны Б.Рахимжанов мектебіміздің 8-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы зиянды әрекеттердің алдын алу, есірткіге қарсы күрес туралы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу.

[Кездесу \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

22 –ші қазан күні мектебімізде «Республика күніне» арналған салтанатты жиын өтті. 1-11 сынып оқушылары хормен Мемлекеттік Гимнді жанды дауыста орындады. Мектебіміздің Президенті және Парламент мүшелерінің ұйымдастыруымен жасалған көрініс орын алды. Мектебіміздің күйшілер ансамблі «Адай» күйін орындап, 5-8 сынып оқушылары Туған елге деген өлеңдерін арнады. Ал «Болашақ» вокалдық топ «Туған жер» және «Егемен Ел» атты әндерін шырқап берді. Жиын соңында жаңадан құрылған «Жаңа дәуір» атты би тобы «Қазақ елі» атты биін орындады. 28 қазан күні мектебімізде арнайы «Еріктілер» семинары өтті. Бұл семинарға қала мектептерінің Президенттері және Ұланбасы қатысты. Семинарды «Ерекше мерекелер» атты қоғамдық ұйымының жетекшісі Игенбаева Ботағоз Ертаевна жүргізді. Семинар барысында оқушыларға «Еріктілер тобы» туралы толық ақпарат берілді, қызықты бейнероликтер көрсетіліп, түрлі тренингтер өткізілді. Сонымен қатар оқушылар еріктілер қызметі жөнінде эссе жазды.

1-ші қараша күні оқушылардың күзгі демалысын дұрыс ұйымдастыру мақсатында мектебімізде «Ақ бота» қыздар клубының 7-10 сынып қыз балаларына арналған отырыс болып өтті. Оқушылар өздерінің демалыс күндерін тиімді өткізуге жоспар құрып, ортада талқылады.

[«Ақ бота» қыздар клубы \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

3 қараша күні қаламыздың 4-ші жалпы орта мектебінде "Қазақстан мен БҰҰ-ның азаматтың жаһандық мәселелерін шешудегі ынтымақтастықтың 30 жылдығы" тақырыбында жоғары сынып оқушыларының, аудандық «Әділет» клубының отырысы болып өтті. Бұл отырысқа мектебіміздің Президенті Бабаева Аяулым көмекшісі Ерлан Аяулым белсенді қатысып, арнайы Сертификаттарға ие болды. Онлайн форматында ұйымдастырылған «Шешендік өнер» атты дебаттық турниры өте сәтті өтті. Оған мектебіміздің Парламентінің мүшелері Қайырбек Айымгүл мен Саят Жаннұр белсенді қатысты. 8 қараша күні мектебіміздің 1-11 сыныптарында «Балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

[Сынып сағаты \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Сонымен қатар ата – аналарға қолдау бағдарламасын іске асыру аясында да «Зорлық - зомбылықтың алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру.

[Ата – аналарға қолдау \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

22 қараша күні сағат Зуум платформасы арқылы «Балалық шақ бірге қорғайық» атты диалог алаңына мектебіміздің Президенті 9 сынып оқушысы Бабаева Аяулым қатысты. Бұл іс – шара балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі республикалық акциясы шеңберінде өтті. Кездесуге үкіметтік емес ұйымдарының, азаматтық сектордың және мектептің өзін – өзі басқару өкілдері қатысты. Аяулым мектебіміздің ата – аналар комитетінің балаларға деген қамқорлығы, демеушілігі туралы мәлім етті. 17 –ші қараша күні мектебіміздің спортзалында «Біз Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты мектепшілік байқау өтті. Бұл байқауға 7-10 сынып оқушылары белсенді қатысты. Байқаудың шарттары: 1.Бейнероликтер байқауы, 2. Көрініс. Байқаудың нәтижесінде: 7 сыныптар арасында I –орын 7 Ә сынып командасы, II-орын: 7 А сынып командасы. 8 сыныптар арасында: I – орын 8 ә сынып командасы, II-орын: 8а сынып командасы, II - орын: 8 б сынып командасы. 9-сыныптар арасында: I – орын 9АӘ сыныптарының командасы, II-орын 9 б сынып командасы.10 сыныптар арасында:10 ә сынып командасы, II-орын 10 а сынып командасы иеленіп, арнайы грамоталармен марапатталды.

22 қараша күні мектебімізде « Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: Үш бәйтеректің бірі Сәкен Сейфуллин жайлы мәлімет бере отырып, өмірі мен еңбектерімен таныстыру.

[Сынып сағаты \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

28 қараша күні мектебімізде « Теледидар біздің қоғамға зиянды әсер етеді» тақырыбында дебаттық шайқас өтті. Мақсаты: оқушылардың қисынды, риторика мен шешендік дағдыны және сөйлеу шеберлігін дамыту.

[Дебаттық шайқас \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

1 –желтоқсан күні мектебімізде дүниежүзілік ЖИТС- ке қарсы күрес күніне акциясы өтті. Бұл акцияға 7-11 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: жасөспірімдердің арасында зиянды әдеттерден аулақ болуды насихаттау. «Бірінші байлық- денсаулық». Олай болса, «Қазақстан-2030» бағдарламасында көрсетілгендей өркениетті елдің әрбір азаматының денсаулығы мықты, хал- ахуалы жақсы болуы үшін зиянды әдеттерден ішімдік, шылым шегушіліктен жерітіп, денсаулыққа, болашақ ұрпаққа жау екендігін ұғындыру. Маскүнемдіктің зардаптары. Маскүнем ата-аналардан туған балалар ұмытшақ, алаңғасар, халқымызға пайдасыз болып өмірге келетінін жете түсіндіру. Темекінің, арақтың зиянына ғылыми дәлелденген деректер бойынша нақты фактілермен көз жеткізу. Өркениетті елімізге лайықты зиянды әдеттерге қарсы күресетін, білімді де тәрбиелі тұлға қалыптастыру. Мектеп оқушылары арасында ішімдікке қарсы агитбригадалары өз бағдарламаларын көрсетті. Өзара ақпараттармен бөлісіп, талқыға салды. Патриоттық тәрбие беру мақсатында, мектебімізде « Желтоқсан ызғары» атты сынып сағаттары өтті. Мақсаты: 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының тарихи маңызын ашып, оқушыларға жеткізу. Оқушылардың қосымша құжаттарды меңгере отырып, өздігінен ізденіп, білімдерін толықтыру. Жасақшылардан қайтпаған, қаймықпаған желтоқсаншылардың ерлігін үйрете отырып, жас ұрпақты ерлікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Сынып жетекшілер мен бірге мектеп Парламентінің мүшелері оқушыларға арнайы презентациялар, бейнероликтер арқылы аталмыш оқиға туралы толық ақпарат беріп, талқылады.

Жол қауіпсіздігін сақтау аясында « Қауіпсіз дөңгелек» атты аудандық жол ережесі сайысы өтті. Бұл сайысқа мектебімізден 4Б сыныбының « Бағдаршам» командасы, сынып жетекшісі Халел Марзия және 9 а сыныбының « Жол қызметкерлері» командасы, сынып жетекшісі Булегенов Ербол Серикбаевич қатысты. Қазылар алқасының шешімі бойынша 4Б сыныбының « Бағдаршам» командасы ІІ – орын, ал 9А сыныбының « Жол қызметкерлері» ІІІ- орынға ие болып, арнайы тәтті сыйлықтармен және грамоталармен марапатталды.

[Балалар жарاقاتының алдын алу \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Сонымен қатар мектебімізде «Жас Ұлан» балалар ұйымы өз жұмысын атқарады, Тәуелсіздік күні қарсаңында 3-6 сынып оқушыларын Жас Ұлан және Жас қыран ұйымына салтанатты қабылдау жиыны салтанат залында өтті. Мақсаты: Жас ұрпақтың бойына патриоттық сезімдерін ояту, туған елін, жерін құрметтеуге баулу. Салтанатты жиын мемлекеттік Гимнімен ашылды. Жиынды мектебіміздің Ұланбасы- Ташетов Диас мектеп Президентіне дайындық туралы баяндама жасады. Жас Ұландықтар мен Жас Қырандықтарды ұйымға қабылдануымен мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі - Б.Смагулова құттықтады. Салтанатты антты 6 Б сынып оқушылары: Уразалинова Томирис және Нұрлан Айару айтты. 5 сынып оқушысы Серикпаев Мәди ән шашуын паш етті. 27.12-29.12. күндері аралығында мектебімізде Жаңа 2023 жылдық ертеңгіліктер өтті. Ол үшін мектебіміз бойынша арнайы жоспар жасалып, кесте бойынша барлық ертеңгіліктер өтті. Мектебіміздің спортзалында әсем шырша маңында мектеп Парламенті мүшелері мен белсенділері көңілді әндерімен балаларды қарсы алып, Аяз Атамен Ақша Қар балаларға сыйлықтарын таратып, қызықты бағдарламаның куәсі болды. Жаңа жылдық кейіпкерлер оқушылармен бірге ән айтып, би билеп көңіл көтеруге ат салысты.

Мектеп Парламенті туралы

23 қаңтар күні мектебіміздің Парламентінің кезекті отырысы өтті. Бұл отырыстың тақырыбы: «Зиянды әдеттердің алдын алу», мақсаты: мектеп оқушыларының зиянды әдеттерден аулақ болуына ықпал ету, салауатты өмір салтын насихаттау; Отырысқа мектебіміздің 7-10 сынып Президенттері, орынбасарлары және белсенділері қатысты. Мектеп Парламентінің

мүшелері отырысқа жақсы дайындықпен келіп, ортада жасөспірімдердің арасындағы зиянды ішімдіктер, электронды темекі жөнінде түрлі бейнероликтер, презентацияларды талқылады. 26 қаңтар күні мектебіміздің Парламентінің кезекті отырысы өтті. Бұл отырыстың тақырыбы: «Мектепшілік тәртіп, мектептегі буллинг», мақсаты: мектеп оқушыларының мектепшілік ережелерді сақтауы, буллинг мәселесіне назар аудару. Отырысқа мектебіміздің 7-10 сынып Президенттері, орынбасарлары және белсенділері қатысты. Мектеп Парламентінің мүшелері отырыс барысында мектеп оқушысының ішкі мәдениеті, өзін – өзі басқаруына аса мән беріп, өзара пікір алмасты. Арнайы дайындалған бейнероликтер, презентациялар талқыланды. Сонымен қатар сынып президенттері ІІ – жартыжылдықтың жоспарын қарастырып, іс – шараларды жоспарлап, жауаптыларды бекітті. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектебімізде аталмыш фракциясының ұйымдастыруымен «Биле, биле» атты би сайысы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойына салауатты өмір салтын дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға шақыру, қатысушылардың спорттық шеберлігін арттыру болып табылады. Бұл би сайысына мектебіміздің 5-10 сынып оқушылары белсене қатысты. Сайысымыздың шарттары: топ аты, ұраны, формасы, спорттық биі 5-7 минут болуы шарт. Сайысымыздың әділқазы алқаларының құрамында: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Смагулова Б.С.; мектебіміздің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі: Байдашева Г.М.; мектебіміздің жас ұстазы: Егинбаева Ж.Г.; және де мектебіміздің ең белсенді оқушысы: Серкибаев А.К.; төрелік етті. Қазылар алқасының шешімі бойынша 5-ші сыныптар арасында 1-орын: 5Ә, 2-орын: 5А. 3-орын: 5Б; 6-шы сыныптар арасында: 1-орын: 6 Ә, 2-орын: 6 А сыныптары иеленді, 7-ші сыныптар арасында: 1-орын: 7 Б, 2-орын: 7 А, 3-орын: 7 Ә сыныптары. 8-ші сыныптар арасында 1-орын: 8 А, 2-орын: 8 Ә, 3-орын: 8Б сыныбы иеленді. 9-шы сыныптар арасында 1-орын: 9 А, 9 Ә, 2-орын: 9 Б сыныптары ие болды. 10-шы сыныптар арасында 1-орын: 10 Ә сыныбы иеленді. Барлық командалар арнайы грамоталармен марапатталды. Ал мектеп бойынша аталмыш сайыстың Бас жүлдесін «Батыл сайысы» арқылы 9 Ә сыныбының командасы жеңіп алды. Сайысымыз өте жоғары деңгейде өтті. Мектебіміздің әнші балапандары-Серикбаев Мәди және Құрманғожина Дильназ әдемі ән шашуларын көрермендерге паш етті. 2023 жылдың наурыз күні аудандық «Ең үздік тәлімгер» атты байқауы өтті. Байқау екі кезеңнен тұрды: «Өзін өзі таныстыру» және «Шебер сынып». Бұл байқауға мектебіміздің тәлімгері- Амандық Жансұлу Ерболатқызы қатысып жүлделі І -орынға ие болды.

Дебаттық қозғалысының белсенді мүшелері мен командалары да мектебіміздің ең дарынды оқушылары: Акпаленов Алмат, Сейілбек Іңкәр, Қайырбек Айымгүл, Куракпаева Камила жыл бойы барлық дебаттық турнирлерге белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие. 13.03. мектебіміздің салтанат залында «Көктем аруы-2023» байқауы болып өтті. Байқауға мектебіміздің 5-10 сынып арулары қатысты. Олар: 5 «Ә» сыныбынан-Ерболат Ақерке; Қасым Саяжан; Өзгеріс Аружан; 5 «Б» сыныбынан-Қайржан Ильнара; 7 «А» сыныбынан-Қуанышбек Аяжан; Манарбек Гүлім; 7 «Ә» сыныбынан-Кәрімтай Жанар; 7 «Б» сыныбынан-Еркинова Аяжан; 8 «А» сыныбынан-Асилбек Несібелі; 8 «Ә» Өзгеріс Нұрай; 9 «А» сыныбынан-Қайырбек Айымгүл; 9 «Б» сыныбынан-Адамова Гульмира; 10 «А» сыныбынан-Мирабдулла Айсамал; 10 «Ә» сыныбынан-Кушегалина Арайлым бақ сынасты. Байқауымыздың жүргізушісі мектебіміздің белсенді оқушысы-Серкибаев Асылбек болды. Әділқазы алқаларының құрамында-мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі-Смагулова Б.С.; математика пәнінің мұғалімі-Тулегенов А.А.; география пәнінің мұғалімі-Асқар Е.; тарих пәні мұғалімі-Жаксыбаев Н.К.; және де мектебіміздің жас ұстазы-Егинбаева Ж.Г. Байқау ІІІ кезеңнен тұрды. І кезең-Өзін-өзі таныстыру (3-5 минут); ІІ кезең-Өз өнері (3-5 минут); ІІІ кезең-Сұрақ-жауап (1 минут). Байқау әділқазы алқаларының және көрермендердің көңілінен шығып бас жүлдені 10 «А» сынып оқушысы-Мирабдулла Айсамал жеңіп алып, «Көктем аруы-2023» атанды.

15.03.-17.03. күндері аралығында мектебіміздің барлық сыныптарында «Наурыз –жыл басы» атты тәрбиелік іс – шаралар өткізілді. Бұл іс – шаралардың мақсаты ұлттық мейрамымыз Наурыз –жыл басы екендігін атап өту, ұлттық құндылықтарымызды, салт –дәстүрлеріміз, әдет –ғұрпымызды насихаттау, жас ұрпақ бойына адамгершілік, мейірімділік, кішіпейілділік, отансүйгіштік, толеранттық, патриоттық сезімдерін қалыптастыру. Сондықтан да әр сыныптағы

мектеп Парламентінің мүшелері өз сыныбында өткізген іс – шараларды арнайы жоспарға сай мазмұнды құрастырып, өтуіне ат салысты. 5-ші сәуір күні мектеп Парламентінің кезекті отырысы өтті. Отырысты мектебіміздің Президенті Бабаева Аяулым парламент мүшелерімен 2022-2023 оқу жылының IV –тоқсанына арналған мектеп Парламентінің жұмыс жоспарын талқылап, өз көмекшілеріне тапсырмалар берді. Тоқсан соңына дейін атқарылатын іс –шаралар туралы мәлім етті.

12-ші сәуір күні барлық сыныптарда « Ғылым күні» және « Ғарышкерлер күні» атты атты тәрбие сағаттары өткізілді. Мектеп Парламентінің мүшелерінің ұйымдастыруымен арнайы презентация мен бейнероликтер арқылы осы атаулы күндер туралы толық ақпарат беріп, ақпараттандырды.

19-ші сәуір күні барлық сыныптарында « Таза қала – таза әлем» атты атты тәрбие сағаттары өткізілді. Мектеп Парламентінің ұжымы арнайы презентация мен бейнероликтер арқылы оқушыларға экологиялық мәселелерге назар аударуға шақырды. 20 сәуір күні мектебіміздің 1-11 сыныптарында « Жол ережелерін сақтамағандықтан зардап шегудің алдын алу» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері арнайы презентация мен бейнероликтер арқылы оқушыларға жол ережесі туралы толық ақпарат берді.

[Жол ережелерін сақтау \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

24 сәуір күні мектебімізде «Балалар жарақатының алдын алу» мәселесіне қатысты арнайы аудандық МАЙ инспекторларымен кездесу өтті. Мақсаты: оқушыларға жол ережесін еске салу, жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру, оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

[Балалар жарақатының алдын алу \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

27-ші сәуір күні мектеп Парламентінің «Экология және еңбек» фракциясы өз жұмысын жандандыру мақатында мектебіміздің дәлізіндегі гүлдерді баптап, мектеп маңайындағы гүлдерге күтім жасады. Бұл жұмысты басқарған мектеп Президентінің орынбасары Садық Айнур өз командасымен қыруар жұмыс атқарды.

[Экология және еңбек \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

1 мамыр мерекесіне арналған «Бір шаңырақ астында» атты сурет байқауына мектебіміздің парламентінің мүшелері: 4 б сыныбының ең талантты: оқушылары Мурзабекова Дамеля мен Серикжан Айлана қатысып, өздерінің өнерін осы мерекеге арнады. 3-ші мамыр күні барлық сыныптарында « 7- мамыр Отан қорғаушылар күні» және « 9- мамыр Жеңіс күні» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері арнайы презентация мен бейнероликтер арқылы осы атаулы күндер туралы толық ақпарат беріп, ақпараттандырды. 9 мамыр мерекесіне арналған салтанатты жиынға мектеп Парламентінің белсенді мүшесі 11 сынып оқушысы Сағатпекова Томирис қатысып, Ұлы Отан соғысына арналған манументіне гүл шоқтарын қойды. 31 мамыр күні салтанатты жиынмен аяқталды.

Мектебімізді 558 оқушы аяқтады, оның ішінде 151 оқушы «Оқу озаты», 2 оқушы «Алтын белгі» үміткері, 5 оқушы «Қызыл аттестат» үміткері. 31 мамыр күні сағат 10:00 – де мектебімізде «31 мамыр – Саяси құғын сүргін құрбандарын еске алу күні » атты ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: 31 мамыр - саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін білу. Оқушыларға халықының өткенін ұмытпауға, өз туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында халық қамын ойлаған ағалар ісін үлгі ету. Сонымен қатар 1-10 сынып оқушылары үшін «Соңғы қоңырау» атты салтанатты жиын өтті. 1 маусым күні мектебіміздің алаңында «Сыңғырла, соңғы қоңырау -2023» атты салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты жиынымыз сап түзеп, Қазақстан Республикасының гимнімен басталды. Жиынның құрметті қонақтары- Атбасар ауданы мәслихатының төрағасы Н.Б.Рахимов және Атбасар ауданы Білім бөлімінің бас маманы Г.Т. Абдрахманова қатысты. Мектебіміздің директоры- Н.Алкенова оқушыларды соңғы қоңырау мерекесімен құттықтады. Ата – аналар тарапынан мектебіміздің ата – аналары - Ж.Бапишева мен А. Тұрмагамбетова түлектерге ақ жол тіледі. Түлектеріміздің алғашқы ұстаздары: Н.Д. Сатыбаева, сонымен қатар сынып жетекшілері- Н.Хұрмет пен Б.С. Жылгелдына және пән мұғалімдері түлектерді құттықтады. Сонымен қатар түлектердің избасарлары 10 сынып оқушылары да құттықтауларын айтып, дәстүрлі тәтті сыйлықтарын табыс

етті. Салтанатты жиын соңында түлектеріміз соңғы мектеп вальсын және «Соңғы қоңырау» әнін орындап, соңғы қоңырауларын соқты. 1 маусым күні қаламыздың «Локомотив» стадионында «Балаларды қорғау күніне» арналған іс-шаралар болып өтті. Мерекелік шеруге мектебіміздің 1-6 сынып оқушылары белсенді қатысып, барша қауымға өздерінің заманауи билерін паш етті. Іс-шара соңында естелікке суретке түсіп, әсерлі көңіл күйлерімен тарқасты. Осы күні ауданымыздың мәдениет үйінде "Уақыт капсуласы" І-ші аудандық көшбасшылар слеті болып өтті. Бұл слетте мектебіміздің президенті-Бабаева Аяулым және Ұланбасы-Ташетов Диас арнайы грамоталармен марапатталды. 2-ші маусым күні аудандық мәдениет үйінде " 15 -ші үздіктер слеті" өтті. Мақсаты: 2022-2023 оқу жылын «Үздік» аяқтаған оқушыларды марапаттау және құттықтау концерт ұсыну. Бұл іс – шараға мектебіміздің 108 үздік оқушылары белсенді қатысты. 6 маусым күні мектепшілік «Балдәурен» балалар алаңқайының салтанатты ашылуы өтті. Мақсаты: оқушылардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру, бос уақыттарын тиімді пайдалану, қызықты іс-шаралар өткізу барысында балалардың шығармашылығын дамыту, дүниетанымдарын жетілдіру. Бұл іс – шараны алаңқайда бес маусым жұмыс жасайтын мұғалімдер ұйымдастырды. Олар Сайқмазақтар рөлін сомдап, балалармен қызықты ойындар ойнап, би билеп, ән салып көңіл күйлерін көтерді.

16 маусым күні мектебімізде 9-шы сынып оқушыларына аттестаттар табыстау рәсімі өтті. Бұл жиынға қадірменді қонағы болып Атбасар ауданының білім бөлімінің бас маманы Г. Абдрахманова келіп, оқушыларды, ұстаздарды, ата – аналарды атаулы мерекемен құттықтады.

Мектеп директоры Н.Алкенова оқушыларды, ұстаздарды, ата –аналарды құттықтады және оқу ісінің меңгерушісі М.Шакеева аттестаттарды табыстау бұйрығымен таныстырып, түлектерге сәт сапар тілеп, аттестаттарды табыстады. Түлектердің сынып жетекшілері: Е.С. Булегенов, Г.Т.Шаяхметова, З.А.Тукушева өздерінің жүрек жарды ақ тілектерін айтып, балаларды, ата – аналарды атаулы күнмен құттықтап, ата – аналарға Алғыс хаттарын табыс етті. Оқушылар атынан: Садық Айнұр, Қайырбек Айымгүл, Ерлан Аяулым, Бабаева Аяулым, Орынбасар Аяулым, Куракпаева Камила, Адамова Гульмира өздерінің ұстаздарға деген жылы лебіздерімен алғыстарын білдірді, ән мен билерін шашуларын тарту етті. Ата – аналар тарапынан Адамов Қуат Ахметович, Куракпаева Амина Габдуалиевна балаларды негізгі мектепті аяқтауларымен құттықтады. Мереке соңында дәстүрге сай естелік суретке түсті. 22 маусым күні мектебімізде 11 сынып түлектеріне салтанатты түрде аттестаттар табыстау рәсімі өтті. Бұл жиынға қадірменді қонағы болып Атбасар ауданының білім бөлімінің әдіскері Абитаева Асель Зейнолдақызы және Атбасар ауданы «Аманат» партиясы филиалының атқарушы хатшысы, Атбасар аудандық мәслихатының депутаты Жакишева Назгуль Алимовна келіп, оқушыларды, ұстаздарды, ата – аналарды атаулы мерекемен құттықтады. Мектеп директоры Н.Алкенова және оқу ісі меңгерушісі М.Шакеева аттестаттарды табыстау бұйрығымен таныстырып, түлектерді, ата –аналарды атаулы мерекемен құттықтады. Түлектердің сынып жетекшілері Хұрмет Нұрдыбек және Бидаш Сабыржановна Жылгельдина өздерінің жүрек жарды ақ тілегін айтып, «Тілек лентасын кесті. Аттестаттарды табыстау құрметі мектеп директорына берілді. Түлектер атынан өздерінің ұстаздарға деген жылы лебізін Қайдаров Бауыржан мен Асильбек Нурай білдірді.

Түлектер өз алғыстарын білдірді, ән шашуларын тарту етті. Ата – аналар тарапынан құттықтау сөз Итчанова Несібелді Сейдахметова және Джанабаев Нәби Бектаулұлына берілді. Түлектердің пән мұғалімдеріне: Өтегенова Ругайда Курмановна, Шаяхметова Гульзат Турлыбаевна, Смагулова Бахыт Сериковна, Жылгельдина Бидаш Сабыржановна, Балабекова Гульжан Бірликовна, Жақсыбаев Нұрлан Қошқарбаевич, Ержан Нығметұлы, Бекишев Әділ Трарканович, Абдигожина Мадина Толегеновна, Тулегенов Асылбек Арыстанович, Ауезова Замзагуль Тургановнаға құттықтау сөз берілді. Ұстаздар түлектерді мектепті аяқтауларымен құттықтап, ақ жол, сәт сапар тіледі. Мереке соңында дәстүрге сай түлектер мектебіне, ұстаздарына арнап «Ұстазым» әнін шырқап, естелік суретке түсті. 23 маусым күні аудандық әкімшілігінің залында «Алтын белгі иегерлері» және ата – аналары Атбасар ауданы әкімімен кездесті. Мақсаты: «Алтын белгі» иегерлерін және олардың ата – аналарын жетістіктерімен

құттықтап, марапаттау. Бұл кездесуге мектебіміздің «Алтын белгі» иегерлері: Исасейтова Алина, Нұрдыбек Айдана және ата – аналары қатысып, аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Үйірме жұмысы туралы мәлімет.

Мектебімізде үйірме жұмысы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту мақсатында жүргізіледі. Атап айтсақ, «Адал ұрпақ», «Өлкетану», «Жас эколог», «Айгөлек», «Жас сарбаздар», «Нескучная грамматика», «Қызықты математика». атты үйірмелер жыл бойы арнайы жоспарға сай жүргізілді. Бұл үйірмелерге 15-20 оқушыдан қатысып, өздерінің қызығып жасайтын істерімен айналысты. Үйірме жетекшілері әр оқушының дүниетанымдылықтарын ескере отыра, әр оқушымен жеке, топпен, ұппен жұмыс жүргізді. Соның нәтижесінде оқушылар өздеріне қосымша білім ала білді, жан –жақты дамып, білгендерімен бөлісті. 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы жоспарға сай іске асырылды.

2023-2024 оқу жылындығы тәрбие жұмысының есебі

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пенәділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
 Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
 Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
 Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
 Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
 Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
 Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
 Ұлттық мәдениетті дәріптеу;
 Күтілетін нәтижесі:

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
 Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
 Елінің тарихын құрметтейді
 Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
 Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
 Адал еңбекті құрметтеу;
 Сөзіне берік, ісіне адал болу;
 Халқына адал қызмет ету
 Әдеп нормаларын ұстану;
 Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
 Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
 Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
 Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
 Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
 Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
 Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

Сыни және креативті ойлау;
 Жеке және командалық жұмыс істей білу;
 Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
 Физикалық белсенді болу;
 Салауатты өмір салтын ұстану;
 Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
 Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
 Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығын сақтайды;

Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;

Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;

баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;

баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;

балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту; әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) Ұсынылады:

тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру; ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру; тарихи, деректі фильмдерді талдау; білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу; жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

«Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады: жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту; адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті: балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

салауатты өмір салтына ынталандыру;

сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу; ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.
Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін
https://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/public/files/2024/3/20/200324_201447_brttas-trbie-1-17.pdf
https://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/public/files/2024/3/20/200324_201503_brttas-trbie-17-32.pdf

1-қыркүйек күні «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында « Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, мектебіміздің 1,9,11 сынып оқушылары үшін мектебіміздің спорт залында салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының гимнімен басталды. Салтанатты жиынымыздың құрметті қонақтары: Атбасар ауданының әкімі А. Қалжанов және Атбасар ауданы білім бөлімінің басшысы Н.Г. Наймушина мектеп ұжымын, ата – аналарды, мектеп оқушыларын, 1 сынып бүлдіршіндерін білім күнімен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Мектеп директоры Н.А. Алкенова ата – аналарды, 1 сынып оқушыларын атаулы мерекемен құттықтады. Мектебіміздің 2 сынып оқушылары «Білім күні» әнін орындады. Оқу ісінің меңгерушісі М.Е. Шакеева 2023-2024 оқу жылының басталуы туралы бұйрығымен таныстырды. Және де 2 А сынып оқушысы Айлин бүлдіршініміз «Кел балалар оқылық» әнін орындап, көрермендерді таң қалдырды. Оқу жылы мектеп оқушылары үшін « Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, «Мектебім-мейірім мекені» атты тәрбие сағатымен басталды. Сынып жетекшілері арнайы нұсқаулыққа сәйкес арнайы презентациялар, қосымша ресурстарды пайдалана отырып, тәрбие сағаттарын жүргізді. Алғашқы қоңырауды Мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1 сынып бүлдіршіндері соқты. Ата – аналар тарапынан Сейлова Аина Болатовна бүлдіршіндерді алғашқы қадамдарымен шын жүректерінен құттықтады. Жиын соңында бүлдіршіндеріміз естелік суретке түсіп, сыныпқа бірге аяқ басты. 8 қыркүйек күні мектебіміз бойынша жалпыреспубликалық «Сергіту сәті» атты челленджі өткізілді. Мақсаты: оқушылардың физикалық белсенділігін арттыру. Бұл жаттығуларға мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары қатысты. 13 қыркүйек күні мектебіміздің барлық сыныптарында « Ар -ұят» құндылығын іске асыру мақсатында, «Отбасы тәрбиесі- отбасы құндылықтары» атты тәрбие сағаттары өткізілді. 13 қыркүйек күні мектеп әкімшілігі «Талап» құндылығын іске асыру мақсатында, бірінші ауысымда оқитын 1-2, 7-11 сынып оқушыларының мектеп ережелері, жолда жүру ережелері, қоғамдық орындардағы ережелері, т.б. сақталауын тексерді. Тексеру барысында мектеп оқушыларына барлық ережелерді ескертіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізілді. 14 қыркүйек күні сағат 16:00-де облыстық вебинар өтті. Мақсаты: мектеп оқушыларының арасындағы буллинг мәселесінің алдын алу жолдары; Вебинарға мектебіміздің Президенті 10 а сынып оқушысы Бабаева Аяулым қатысты. Қыркүйек айында 5-16 жұлдызы аралығында «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, ҚР тілдер онкүндігі өткізілді. Тілдер онкүндігінің мақсаты: оқушылардың қазақ тіліне деген құрмет сезімін арттырып, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу. Апталықтың жабылу салтанаты фестиваль форматында өткізілді. Шараның басты мақсаты-өскелең ұрпаққа тағылым ретінде Қазақстан – біртұтас ел, біртұтас халық, біртұтас болашақ екенін насихаттап, түсіндіру. Мерекенің жүргізушілері Ташетов Диас және Кадырбаева Асем түрлі ұлт өкілдерін қошеметпен ортаға шықырды. 5-11 сынып оқушылары өздеріне бөлінген ұлттың тарихы, дәстүрі, тағамы туралы баяндап, өнерлерін көрсетті. Іс-шараның аяғында мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі Б.Смагулова атаулы мерекемен оқушыларды, ұстаздарды құттықтап, онкүндік аясында өтілген барлық іс – шараларға белсенді қатысқан оқушыларға, сынып жетекшілеріне алғысын білдірді.

[Тілдер мерекесі \(aqmoedu.kz\)](https://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz)

20 қыркүйек күні «Талап» құндылығын іске асыру мақсатында, мектебіміздің 1-4, 5-6 сыныптарында «Салауатты өмір салты», 7-8 сыныптарында «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, «Айтыс», 9-11 сыныптарында «Мен патриотпын» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері арнайы презентация арқылы оқушыларға аталмыш тақырыптарда толық ақпарат берді. Оқушылар арнайы бейнероликтер әзірлеп өзара пікірлерімен бөлісті. 28 қыркүйек күні мектебімізде «Еңбек күні» мерекесі аталып өтті. Бұл мерекеге Атбасар ауданы білім бөлімінің басшысы Н.Наймушина, аудандық кәсіподақ ұйымының төрайымы Р.Идрисова және аудан мектептері, балабақшыларының қызметкерлері қатысты. Іс –шара барысында ауданымызда адал еңбек етіп жүрген абзал жандар арнайы марапаттарға ие болды. 27 қыркүйек күні «Ар ұят» құндылығын іске асыру мақсатында, 1-6 сыныптарында «Еңбек күні» ал 7-11 сыныптарында «Буллинг деген не?» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: мектеп оқушыларының бойында еңбекқорлыққа тәрбиелеу мәдениетін қалыптастыру және құқықбұзушылықтың алдын алу, бопсалау, психологиялық, моралдық қысым көрсетудің алдын алуға арналған әңгіме өткізу. [Сынып сағаты \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

28 қыркүйек күні мектебімізде төтенше жағдайларға қатысты арнайы жаттығулар өтті. Ол үшін арнайы дабыл қағылып, оқушылар мектеп ғимаратынан қауіпсіз жерге эвакуацияланды. Оқушыларға, ұстаздарға, мектептің кіші қызметкерлеріне төтенше жағдай кезінде өздерін қалай ұстау керектігі, өрт сөндіруші құралды пайдалану жолдары туралы толық мәлімет берілді. 29-ші қыркүйек күні «Талап» құндылығы аясында, мектебімізде «Ақ бота» қыздар клубының отырысы өтті. Бұл отырыс «Қыздарға қырық үйден тыю» тақырыбына байланысты өткізілді, қазақ қыздарының бойындағы тазалық, инабаттылық, адамгершілік, нәзіктік қасиеттері туралы әңгіме қозғалды. Отырысқа мектебіміздің 7-11 сыныптың қыздары қатысты. 10 А сыныбының оқушысы «Қыз –елдің көркі, гүл- жердің көркі» тақырыбында баяндама оқып, құрбыларымен өз ойымен бөлісті. Сонымен қатар қыздарға түрлі қызықты сұрақтар қойылды. 29 қыркүйек күні жалпымектептік ата – аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібінде: 1. Оқушыларға қойылатын бірыңғай қауіпсіздік талаптары мен ішкі ережелері. Қылмыстың және жол-көлік жарақатының алдын алу. Балалардың жеке қауіпсіздік ережелері, ақпараттық қауіпсіздік. Мектеп директоры: Н.Алкенова. Аудандық ІІ бөлімінің қызметкері: Ундыбаев Бауржан Муратович. 2. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру. Б.Смагулова – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары. 3. Мектеп формасын сақтау туралы. Мектеп директоры: Н. Алкенова. 4. Ерте жүктіліктің алдын алу. Атбасар ауданының КАА салауатты өмір салты бөлімінің медбикесі: Беккалиева Р.А. және Сексенбай Г.-медбике.

5. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын ашу туралы. Б.Смагулова – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары. 6. Мектептегі тамақ – дұрыс тамақтану. Муканова Г.К.-әлеуметтік педагог, Сексенбай Г.-медбике.

Күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қарастырылып, талқыланды. Ата – аналар тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныстар жасалды. [Ата аналар жиналысы \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

«Ар -ұят» құндылығын іске асыру мақсатында мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін «Адал ұрпақ» клубы жұмыс жасайды. Мақсаты: жас ұрпақты азаматтыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметпен, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға және олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелеу. 2-ші қазан күні 7-10 сынып оқушыларының арасында «Ар - ұят» құндылығын іске асыру мақсатында, «Адалдық пен шыншылдық» атты пікірталас өтті. Оқушылар отырысқа үлкен жауапкершілікпен және шығармашылықпен қатысты. [«Адал ұрпақ» клубы \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

4 –ші қазан күні мектебімізде «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты сынып сағаттары өтті. Мақсаты: қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой

- пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

[161123_115009_ghemorly.pdf \(aqmoedu.kz\)](#)

5 –ші қазан күні мектебімізде «Дублер күні» аталып өтті. Бұл күні мектеп Парламенті, Жас Ұлан ұйымының белсенділері және 11 сынып түлектері есік алдында ұстаздарды шарлармен қарсы алып, жүрекжарды құттықтау лебіздерін жолдады. Нұсқаулыққа сәйкес «Дублер күні» кеңінен аталып өтті. 11 сынып оқушылары 1-10 сыныптарына кесте бойынша сабақ өткізіп, мұғалімдерді алмастыра білді. Күнінің аяғында мектебіміздің спорт залында Дублер күніне арналған сап түзеу өтті. Бұл жерде 11 сынып оқушылары осы күні ұйымдастырылған барлық іс – шаралар туралы қорытынды жасап, өздерінің пікірлерін ортаға салып, талқылады. 6 қазан күні мектебімізде «Мұғалімдер күні» аталып өтті. [Мұғалімдер күні \(aqmoedu.kz\)](#)

Бұл күні 11 сынып түлектері есік алдында ұстаздарды шарлармен қарсы алып, жүрекжарды құттықтау лебіздерін жолдады. Мектебіміздің салтанат залында мерекелік концерт ұйымдастырылды. 11 сынып оқушылары мұғалімдерге арнайы көрініс көрсетіп, таңғалдырып, әсем ән мен керемет вальс биледі. Мектебіміздің Парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері мұғалімдерге арнауын жолдап, «Жүрек тілегін» табыстады. Мектебіміздің кіп – кішкентай жұлдызы Байгазин Аймаз өзінің сүйікті «Мектебім» атты әнін, сүйкімді қыздармен бірге билеп, шырқады. Ал Серикпаев Мади болса «Қызыл раушан» атты әнді орындап, мұғалімдерді төл мерекелерімен құттықтады. «Шәкірт тілегі» әнің мектебіміздің жаңадан құрылған «Сымбат» тобы шырқап берді. Ал «Павлиндер» биімен ортаға шыққан мектебіміздің ең дарынды бишілері Бабаева Аяулым мен Саят Жаннұр. Мерекелік концерт «Ұстазым» әнімен аяқталды.

[Дублер күні \(aqmoedu.kz\)](#)

17 қазан күні мектебіміздің 7-10 сынып оқушылары экологиялық десантқа шықты.

Мақсаты: оқушыларға экологиялық білім беру, өскелең ұрпақты туған өлкенің экологиясына құрметпен қарауға тәрбиелеу;

Мектеп оқушылары сынып жетекшілер, мектеп Парламентінің мүшелері және Жас Ұлан ұйымының белсенділері бірігіп, мектеп маңайын жапырақтардан тазалап, көшеттерге күтім жасады. 17 қазан күні «Талап» құндылығы аясында, мектепішілік «Жол ережесін білесің бе?» атты фестивалі өтті. Бұл іс - шараға мектебіміздің 5-10 сыныптарының командалары қатысты.

Шарты:

1. қатысушылар саны -10 оқушы;
2. команданы таныстыру;
3. жол ережелерін насихаттау;

Фестивальге барлық сыныптардың командалары жақсы дайындалғаны байқалды. Оқушылар фестивальге белсенді қатысып, арнайы номинацияларға ие болды. 18 қазан күні мектебімізде «25 –қазан Республика күні» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: мектеп оқушыларының бойындағы патриоттық сезімдерін ояту, отанға, Туған жерге деген сүйіспеншіліктерін, азаматтық парыздарын сезіндіру; Сынып жетекшілер оқушылармен біріге отыра, арнайы презентация мен бейнероликтер арқылы атаулы мереке толық ақпараттармен бөлісті. 20 қазан күні салтанат залында «Талап» құндылығын іске асыру мақсатында, Атбасар ауданының прокуроры Э.Жарылқасын аудандық ішкі істер қызметкерлері полиция майоры С.Токжуманова, полиция капитаны Б.Рахимжанов мектебіміздің 8-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Мақсаты: жасөспірімдер арасында есірткі туралы бейнеролик көрсетіп, оқушыларға зиянды әрекеттерден аулақ болуды насихаттау. Кездесу барысында оқушыларға жол ережесіне қатысты ақпараттар берілді. Сонымен қатар зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. 20 қазан күні Аудандық мәдениет үйінде 1-ші сынып оқушыларына арналған «Тілашар» мерекесі өтті. Бұл іс-шараға мектебіміздің ең белсенді оқушылары: Қасым Саяжан, Қасым Аяжан, Өзгеріс Аружан, Кайдарова Риза, Қайыржан Ильнара, Қайырбек Гүлсұлу, Санияз Аллажар, Саят Мадина, Курмангожина Дильназ, Солдатханқызы Айару, Кабиден Жансая, Орынбасар Ақмарал керемет билерін билеп 2 а сынып оқушысы Төлеубек Айлинге қолдау көрсетті. Мереке өте қызықты өтті.

19-20 қазан күндері аралығында Сандықтау ауданының «Жас дәурен» балалар лагерінде өткен «Мен елімнің ертеңімін» атты форум қатысушы және спикер ретінде мектеп Парламентінің Президенті: Бабаева Аяулым қатысып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» атты баяндамасын оқыды. Форум барысында Бабаева Аяулым мектеп Парламентінің былтырғы 2022-2023 оқу жылында атқарылған іс –шаралар туралы баяндап, алға қойылған жоспарларымен бөлісті. Форумда Парламент жұмысы және оны нығайту жайында көптеген тренингтер мен ойындар ойнатылды. Барша келген балалар тәжірибе алмасып, жаңа таныстықтар орын алды. Форумда барлық қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды. Бабаева Аяулымға "Ақмола дарын" оқу орталығынан арнайы «Алғыс хатымен» марапатталды. [Форум \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

23 –ші қазан күні мектебімізде «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, Республика күніне арналған салтанатты жиын өтті. 1-11 сынып оқушылары хормен Мемлекеттік Гимнді жанды дауыста орындады. Мектеп директоры Н. Алкенова және мектебіміздің тарих пәнінің мұғалімі Н. Жақсыбаев оқушыларды, ұстаздарды атаулы мерекемен құттықтады. Мектебіміздің Парламент мүшелері және Жас Ұландықтар өздерінің әдеби – музыкалық монтажын тарту етті, 6 сынып оқушысы Маді Серікпаев «Қазақи баламын» атты әнін шырқап берді. Ал жас бишілер тобы «Ұлытау» биін биледі. Жиын соңында күйшілер ансамблі «Балбырауын» күйін орындап, салтанатты жиынды аяқтады. 23 қазан күні «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, мектебімізде аудандық «Айтыс» сайысы өтті. Мақсаты: қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнер арқылы мәдениеттің баға жетпес мұрасы ретінде айтысты жан-жақты насихаттау, ұлттық рух пен патриотизмге, өз халқына және оның дәстүрлеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу, талантты шығармашылық жастарды анықтау.

Қатысушы ақындар: №7 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары Уатхан Нұрәли мен Амангелді Сұңқар және №8 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары Азат Альбина мен Иманали Мухамеджан.

Қазылар алқасының төрағасы: Шайхин Серік Заманович, қазылар алқасының мүшелері: №7 жалпы орта білім беретін мектебінің зейнеткер ұстазы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Қонысбаева Атлас Қонысбаевна және музыка мектебінің оқытушысы Бекенова Сауле Сағынбайқызы. Сайыс басында қатысушыларды Атбасар газетінің тілшісі Шайхин Серік Заманович қатысушыларды құттықтап, сәттілік тіледі.

Сайыстың қорытындысы бойынша I –орынды №8 жалпы орта білім беретін мектебінің 8 сынып оқушысы Иманали Мухамеджан,

II – орынды №7 жалпы орта білім беретін мектебінің 8 сынып оқушысы Уатхан Нұрәли, III-орынды №7 жалпы орта білім беретін мектебінің 8 сынып оқушысы Амангелді Сұңқар және «Бас жүлде» №8 жалпы орта білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы Азат Альбина иеленді. Жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар мен грамоталар табысталды. Қазан айының 26 күні мектебіміздің салтанат залында «Күзгі бал» байқауы болып өтті. Бұл байқауға 8АӘ, 9 Ә; 10 АӘ сыныптары қатысты. Бұл байқаудың жүргізушісі мектебіміздің Президенті- Бабаева Аяулым. Байқау 2 кезеңнен тұрды: I-кезең- таныстыру, II - кезең – өз өнерлері. Әділқазы алқаларында мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі-Смагулова Б.С., әлеуметтік педагог Муканова Г.К. Сонымен әділқазы алқаларының шешімімен: 8 А сыныбының жұбы «Күзгі сағыныш », 8 Ә сыныбының жұбы « Күзгі рапсодия», 9 Ә сыныбының жұбы «Күзгі мейрам», 10 А сыныбының жұбы « Күзгі шабыт», 10 Ә сыныбының жұбы « Күзгі көңіл -күй» номинациясына ие болды. Барлық қатысушылар арнайы мақтау қағаздарымен марапатталды. Байқау соңында қатысушылар естелікке суретке түсті. Байқауымыз өте жоғары деңгейде өтті. 30 қазан күні мектебімізде «Ата –аналарға педагогикалық қолдау бағдарламасын» іске асыруға арналған отырыс өтті. Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.

Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
2. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
3. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.
Сынып жетекшілерге ата – аналарға педагогикалық қолдау көрсетуде қандай әдіс -тәсілдерді қолдану керек екендігі жөнінде талқыланды.

[Ата аналар үшін \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

3-ші қазан күні мектебімізде 8-10 сынып оқушылары арасында мектепшілік дебат өтті. Мақсаты: дебаттық шайқастарға оқушыларды дайындау, аргументтермен фактілерді жинақтауға машықтандыру. «Ар -ұят» ұғымын қалыптастыру, намысты қолдан бермеуге жетелеу; Дебатқа «Даттаушы» тобы, құрамында: Демисинов Алишер мен Саят Жаннұр және «Жақтаушы» тобы, құрамында: Айтқұл Диана мен Ардагерқызы Айым қатысты. Қазылар алқасының мүшелері: Ақпаленов Алмат, Қайырбек Айымгүл, Купакпаева Камила әділ бағасын берді. «Даттаушы» тобы I - орынға, «Жақтаушы» тобы II – орынға ие болды. 1-ші қазан күні сағат 16:00 де оқушылардың күзгі демалысын дұрыс ұйымдастыру мақсатында мектебімізде «Ақ бота» қыздар клубының 7-10 сынып қыз балаларына арналған отырыс болып өтті. Бұл отырыста «Ар -ұят» құндылығына арналған « Қыздарға қырық үйден тыю» тақырыбында пікіралмасу орын алды. Қыздар топтарға бөлініп, постерлер жасап, қорғап, ойларымен бөлісті. Мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі Б.Смагулова қыздарға қатысты тыйымдарға тоқталып, өздерін қоғамдық орындарда қалай ұстау керектігі туралы айтып тоқталып, қыздардың жүріс – тұрысы, қызығушылығы, талғамымен талаптарына тоқталды. Сонымен қатар қазақи тәрбиенің алатын орны туралы толық мағлұматтар бере кетті. 8 қараша күні мектебіміздің 1-11 сыныптарында « Балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері арнайы презентация мен бейнероликтер арқылы оқушыларға аталмыш тақырыптарда толық ақпарат берді.

9 қараша күні кәсіби бағдар беру мақсатында мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларымен Көкшетау Гуманитарлы- техникалық колледжі және Академиясының оқытушылары Байкенов Муратбек Аскарлович және Жигарь Владимир Григорьевич келіп кездесу өткізді. Олар оқушыларға аталмыш оқу орыны туралы толық ақпарат беріп, оқушыларды осы оқу орындарына түсу шарттарымен толыққанды таныстырды. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптарын түсіндіріп берді. <http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/proforientaciya-vypusknikov-shkol>

14-ші қараша күні мектеп қабырғасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 7-11 сыныптарының ұл балаларымен арнайы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ол жерде мектеп дәлізіндегі жүру, баспалдақпен мініп – түсу, асханада өздерін ұстауы, үзілісті тиімді пайдалану туралы айтылып, ескертулер жасалды.

14 қараша күні мектебімізде «Ата – аналарға педагогикалық қолдау бағдарламасын» іске асыруға арналған екінші отырыс өтті. Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту. Бұл сабақта ата – аналарға педагогикалық қолдау көрсету әдіс -тәсілдері талқыланды. Сонымен қатар оқушының әл – ауқаты жөнінде ақпараттар беріліп, ата – аналар соған қатысты постер жасап, қорғады. 15 қараша күні «Ар -ұят» құндылығын іске асыру мақсатында, мектебіміздің 7-8 сыныптарында « Балалардың құқықтарын қорғау, кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» атты тақырыбына арналған кездесу өткізілді. Мақсаты: зорлық – зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең құндылығы оның бостандығы, оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу. Кездесуге Атбасар ауданының соты А. Ж. Жакимова қатысып, мектеп оқушыларына аталмыш тақырып төңірегінде көптеген ақпарат беріп,

статистикамен таныстырды. Оқушылар өз тараптарынан сұрақтар қойып, нақты жауап алды. 06.11.-20.11. күндері аралығында «Талап» құндылығын іске асыру мақсатында, мектебімізде «Қатыгез зорлық - зомбылықсыз балалық шақ» Республикалық ақпараттық науқаны арнайы жоспарға сай өткізілді. Науқан барысында мектеп оқушылары, ұстаздары және ата – аналар арасында түрлі іс – шаралар өтті. Атап айтсақ, 08.11. күні 1- 11 сыныптарында «Балалардың құқығын қорғау, оның ішінде зорлық- зомбылықтың алдын алу» атты тәрбие сағаттары өткізілді. 16.11. күні «Отбасы және бала тәрбиесі, отбасындағы буллингтің алдын алу» атты ата – аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында ата – аналармен тренингті мектеп психологы Н.Шахметова және топпен жұмысты директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Б.Смагулова өткізді. Сонымен қатар 14.11. күні 2-11 сынып оқушыларының арасында «Зорлық – зомбылық және қатыгездіктің алдын алу» пікірталасты мектебіміздің психологы А.Шахметова ұйымдастырды.

20 қараша күні мектебімізде «Балалардың құқығын қорғау конвенциясы» атты диалогтық алаң өтті. Мақсаты: адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру, оқушыларға адам құқығы, бала құқығы, құқықты алаң, оқушының құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгерту, проблемалық жағдаяттарды құқықтық тәсілмен шешуге үйрету, оқушыларға өз құқықтары мен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу. Мектеп Парламентінің мүшелері дайындаған арнайы презентациясының негізінде оқушыларға құқықтары туралы мектебіміздің ұланбасы Ерлан Аяулым толық мәлімет берді. 22 қараша күні «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, мектебімізде «Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Үш бәйтеректің бірі Сәкен Сейфуллин жайлы мәлімет бере отырып, өмірі мен еңбектерімен таныстыру; Оқушыларды өз бетінше ізденіп, оқып-үйренуіне дағдыландыру, сөздік қорын молайту; туған жеріне деген сүйіспеншілікке, патриотизмге тәрбиелеу, қазақ елінің тарихын, мәдениетін құрметтеуге баулу. Сынып жетекшілер оқушылармен біріге отыра, арнайы презентация мен бейнероликтер арқылы толық ақпараттармен бөлісті. 27 –ші қараша күні мектебіміздің спортзалында «Талап» құндылығын іске асыру мақсатында, «Біз Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты мектепшілік сайыс өтті. Бұл байқауға 7-10 сынып оқушылары белсенді қатысты. Байқаудың шарттары:

1. Топтың аты.
2. Ұраны.
3. Эмблемасы.
4. Үгіт –насихат бағдарламасы.

Байқаудың нәтижесінде: 7 сыныптар арасында I –орын 7 Ә сынып командасы, II-орын 7 Б сынып командасы. 8 сыныптар арасында: I – орын 8 А сынып командасы, II-орын: 8 Ә сынып командасы, III - орын: 8 Б сынып командасы. 9-сыныптар арасында: I – орын 9А сынып командасы II –орын 9 Ә сынып командасы, 10 сыныптар арасында: I-орын 10 Ә сынып командасы, II -орын 10 А сынып командасы иеленіп, арнайы грамоталармен марапатталды. 30 қараша күні мектебімізде «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында 1-4 сыныптары арасында «Асық ату, «Бес асық» ұлттық ойындарынан сайыс ұйымдастырылды. Мақсаты: Ұлттық ойындарды үйрету, насихаттау, дамыту. 1-ші желтоқсан күні мектебімізде дүниежүзілік ЖИТС- ке қарсы күрес күніне арналған акция өтті.

Мақсаты: оқушыларға темекі, арак, есірткі, СПИД-тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана-сезімдерін дамыта түсу. Оқушыларға XI ғасырдың дерті адам өмірі үшін қатерлі, жұқпалы екенін және одан сақтану жолдарын түсіндіру. Оқушыларды ЖИТС (жүре п.б. иммундық тапшылық синдромы) немесе ЖЖБА-дан сақтану әдістерін үйрету, төтенше жағдай кезінде дұрыс шешім қабылдай білу қабілеттілігін дамытатын қажетті білім, білік, дағды /ББД/ қалыптастыру. 11 желтоқсан күні мектебіміздің сынып жетекшілер бірлестігінің кезекті отырысы өтті. Мақсаты: желтоқсан айында өтетін атаулы мерекелерді атап өтілуін талқылау.

Сынып жетекшілер желтоқсан айында өз сыныптарында өтетін іс – шаралардың өтілу форматтарын талқылады. 20.12.- 26.12. күндері аралығында даярлық топтарында 2,4,5,6,7 сыныптарында Жаңа жылдық ертеңгіліктері өтті. Ол үшін мектебіміз бойынша арнайы жоспар жасалып, кесте бойынша барлық ертеңгіліктер өтті. Мектебіміздің спортзалында әсем шырша маңында мектеп белсенділері көңілді әндерімен балаларды қарсы алып, Аяз Атамен Ақша Қар балаларға сыйлықтарын таратып, қызықты бағдарламаның куәсі болды. Жаңа жылдық кейіпкерлер оқушылармен бірге ән айтып, би билеп көңіл көтеруге ат салысты. 4-ші қаңтар күні мектебімізде « Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру мақсатында, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы өтті. Тақырыбы: II –жартыжылдыққа арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру жоспарын талқылау.

Мақсаты: II жартыжылдыққа арналған іс – шараларды айқындау, жоспарлау, талқылау. Отырыс барысында мектепшілік, аудандық іс шаралар легі таныстырылды. Оқушылардың ата – аналарын тәрбие жүйесіне тарту, іс – шараларға, мектеп өміріне ынтымақтастықта ат салысуға бейімдеу.

[Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің отырысы \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

4-ші қаңтар күні мектебімізде 9-11 сынып оқушылары арасында мектепшілік дебат өтті. Тақырыбы: « Білім және ғылымға әйелдердің қосқан үлесі» [Дебаттар \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

10 қаңтар күні « Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, « I.Есенберлин – ұлы дала жазушысы» атты сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Халқына қалдырған шоқтығы биік туындыларына шәкірт жүрегінде сүйіспеншілік сезімін ояту, үлгі алуға, құрметтеуге тәрбиелеу.

[Сынып сағаты \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

24 қаңтар күні мектебімізде « Парасат ақыл мінез жарастығы» атты сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушыларға адалдық, парасаттылық, шындық туралы түсініктерін кеңейту. [Сынып сағаты \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

30 қаңтар күні « Ар -ұят» құндылығын іске асыру мақсатында, мектебіміздің «Өзін –өзі тану және бақыт» фракциясының министрлері: Кабиден Анелия мен Тоқужинава Алина 6 ә сынып оқушыларымен « Достық және мен» атты дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: « Дос » және « достық » деген ұғымдарды терең жеткізе отырып, достық сезімін қалыптастыру мақсатында, бір – бірін сыйлауға, қадірлеу білеуге тәрбиелеу. Оқушыларға « Достық» туралы мультфильм және бейнеролик ұсынылды. Сонымен қатар « дос» туралы викторина ұйымдастырылды. Мектеп Президенті Бабаева Аяулым арнайы тренинг өткізді.

[Дөңгелек үстел \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

31-ші қаңтар күні, мектебіміздің спорт залында «Биле, биле» атты мектепшілік би сайысы болып өтті. Мақсаты: оқушылардың бойына салауатты өмір салтын дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға шақыру, қатысушылардың спорттық шеберлігін арттыру болып табылады. Бұл би сайысын мектебіміздің «Спорт және СӨС» фракциясы 7-10 сынып оқушылары арасында ұйымдастырды. Сайысымыздың шарттары: топ аты, ұраны, формасы, спорттық биі 5-7 минут болуы шарт. Сайысымыздың әділқазы алқаларының құрамында: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Смагулова Б.С, мектебіміздің Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Бугабай Ақжол және дене тәрбиесінің мұғалімі Нығмет Ержан төрелік етті. Қазылар алқасының шешімі бойынша 7-ші сыныптар арасында: 1-орын: 7А, 2-орын: 7ӘБ, 8-ші сыныптар арасында 1-орын: 8Ә, 2-орын: 8А, 3-орын: 8Б сыныбы иеленді. 9-шы сыныптар арасында 1-орын: 9А, 2-орын: 9Ә сыныптары ие болды. 10-шы сыныптар арасында 1-орын: 10А сыныбы Бас жүлдені 10 Ә сыныбы иеленді. Барлық командалар арнайы грамоталармен марапатталып, естелік суретке түсті.

[Би сайысы \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

2-ші ақпан күні « Ата аналарға қолдау бағдарламасы» аясында 6 сынып ата –аналарымен «Позитивті ата - ана» тақырыбында сабақ өтті. Сабақ мақсаты: позитивті (жағымды, қолайлы) ата-ана болудың мәнін, принциптері мен дағдыларын игеру арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту.

Тапсырмалар: Ата-аналарды позитивті ата-ана болу құзыреттерін игеруге ынталандыру. Ата-аналарды позитивті ата-ананың мәнімен, принциптерімен, әдістерімен таныстыру. Ата-аналарға

позитивті ата-ана болу дағдыларын үйренуге көмектесу. Ата –аналарды аталмыш бағдарлама бойынша ақпараттандырып, арнайы тапсырмаларлар берілді. Кездесу барысында әр ата – ана позитивтік мінез –құлық танытып, өз пікірлерін ортаға салып, талқылады.

Мектебіміздің « Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы дене шынықтыру апталығының аясында «Таңғы жаттығулар пайдасы» атты акция ұйымдастырып, өткізді. Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты нығайту жаттығуларын күнделікті орындауға үндеу жасау; Мектебіміздің әр қабатында әр сыныптың « Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының белсенділері таңғы жаттығуларды балалармен бірге орындады. Оқушылар жаттығуларды сүйсіне орындады. [Дене шынықтыру апталығы \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

14 ақпан күні мектебімізде 1-11 сыныптарында «Ауған соғысының аяқталуына 35 жыл» атты сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Ауған оқиғасының тарихи маңызын аша отырып, соғыс ардагерлері туралы толық мәлімет беру. Тарихи деректердің маңызды екендігін ұғындыру, оқушыларды ұлтжандылыққа, Отанды сүйуге тәрбиелеу. 14 ақпан күні Степногорск қаласында өткен облыстық Грек –рим күресінен 65 килограмм салмағындағы жасөспірімдер арасында жүлделі ІІ – орынға мектебіміздің 10 сынып оқушысы Серікжан Әлишер иеленіп, грамота және медальмен марапатталды. 26 ақпан күні мектебімізде төтенше жағдайларға қатысты арнайы жаттығулар өтті. Ол үшін арнайы дабыл қағылып, оқушылар мектеп ғимаратынан қауіпсіз жерге эвакуацияланды. Оқушыларға, ұстаздарға, мектептің кіші қызметкерлеріне төтенше жағдай кезінде өздерін қалай ұстау керектігі, өрт сөндіруші құралды пайдалану жолдары туралы толық мәлімет берілді. [Төтенше жағдай жаттығулары туралы \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

27 ақпан күні кәсіби бағдар беру мақсатында, мектебіміздің 6-шы сынып оқушыларымен Көкшетау қаласы, Абай атындағы дарынды балаларға арналған № 3 облыстық мамандырылған мектеп – интернатының оқытушылары келіп кездесу өткізді. [Кездесу \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Биылғы 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында мектеп оқушылары әр сәрсенбі сайын ұлттық киіммен тәрбие сағаттарына қатысады. Ол үшін әр сыныптың ата – аналары арнайы ұлттық киім мен бас киім тіккізді. Ал наурыз айы бойы мектебіміздің барлық ұжымы, оқушылар ұлттық киіммен күнделікті сабаққа қатысады деп келісілді.

[Сынып сағаты 06.03.2024 \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

7 наурыз күні мектебімізде « Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, «Азаматтық қорғаныс күніне» арналған флешмоб және сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Азаматтық қорғаныс туралы түсініктерін кеңейту. Азаматтық қорғаныс дегенге нелер жататындығын түсіндіру. Қауіпсіздік жағдайлары мен алдын алу шараларын ұғындыру. Елі мен жерін қорғаудың алдын алу шараларына тәрбиелеу. Алғашқы көмек қалай көрсетуді үйрету.

[Флешмоб \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Төртінші наурыз күні мектебіміздің салтанат залында « Ана саған арналады...» атты мектебіміздің аяулы аналарына арнап керемет концерттік бағдарлама болып өтті. Бағдарлама тізгінін мектебіміздің сымбатты жігіті –Жанмурзин Нұржан жүргізді. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Смагулова Б.С. алда келе жатқан 8 наурыз-халықаралық әйелдер күнімен барша аналарды, аруларды, әпкелерді, әжелерді құттықтады. Мектебіміздің талантты жарық жұлдыздары, аналарына арнап өз өнерлерін паш етті. Концерт соңында ата-аналар суретке түсіп тарқасты. [8 Наурыз \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Сонымен қатар осы күні, мектебіміздің салтанат залында «Көктем аруы-2024» байқауы болып өтті. Байқауға мектебіміздің 7-8 сынып арулары қатысты. Олар: 7Б сыныбынан- Уразалинова Томирис; 8А сыныбынан –Сағымбай Рысты. 8Б сыныбынан – Қалымсеит Айым бақ сынасты. Байқауымыздың жүргізушісі мектебіміздің белсенді оқушысы- Абдуллина Айнур байқауымыздың . Әділқазы алқаларының құрамында-мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі- Смагулова Б.С., дене тәрбиесі пәні мұғалімі- Булегенов Е.С. Байқау ІІ кезеңнен тұрды. І кезең-Өзін-өзі таныстыру (3-5 минут); ІІ кезең-Өз өнері (3-5 минут); Байқау әділқазы алқаларының және көрермендердің көңілінен шығып І -орынға 7Б сынып оқушысы- Уразалинова Томирис, ІІ – орынға 8А сынып оқушысы Сағымбай Рысты және 8Б сынып оқушысы Қалымсеит Айым ие болды. Кешіміз өте жоғары деңгейде өтіп, дәстүрлі фото суретке түсіп тарқасты. 13 наурыз күні

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, мектебімізде « Жер сағаты» атты сынып сағаттары өтті. Мақсаты: оқушылардың туған жер, туған ел жайында алған білім қалыптастырып, ой қалыптастырып, ой өрісін, зеректігін дамыту. 14 наурыз күні мектебімізде «Туберкулездің алдын алу» айлығының аясында, 1-11 сыныптарында « Туберкулездің алдын алу» атты диктант жазу сағаттары өтті. Мақсаты: жұқпалы аурудың алдын алу және сақтану жолдары. Мектеп оқушылары осы тақырыпқа қатысты арнайы диктант жазды.

[Диктант \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

14 -20 наурыз күндері арасында «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, « Көрісу күніне» арналған «Наурыз – думан» атты мерекелік концерт өтті. Бұл іс – шаралардың мақсаты ұлттық мейрамымыз Наурыз –жыл басы екендігін атап өту, ұлттық құндылықтарымызды, салт – дәстүрлеріміз, әдет – ғұрпымызды насихаттау, жас ұрпақ бойына адамгершілік, мейірімділік, кішіпейілділік, отансүйгіштік, толеранттық, патриоттық сезімдерін қалыптастыру.

[Наурыз-думан \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Мәдениет және ұлттық 16 наурыз салт-дәстүр күніне орай мектебімізде «Наурыз - думан» онкүндігінің аясында салт – дәстүрлерді насихаттау мақсатында ата – аналардың қатысуымен ертеңгіліктер ұйымдастырылды.

Мақсаты: ұлттық қазынамыз салт-дәстүрлерімізбен таныстырып, рухани байлықты қадірлеп-қастерлеу керектігін түсіндіру, оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру, ата – аналармен байланысты нығайту.

[Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

17 наурыз Наурызнаманың төртінші – "Шаңырақ күні".

Бұл күн елімізде жас ұрпақты тәрбиелеу мәдениетін көрсете отырып, олардың бойында патриотизм, адамгершілік пен еңбекқорлыққа деген құштарлықты қалыптастыруға үндейді, Шаңырақ – отбасы белгісі, Наурыз мерекесінің жаңа тұжырымдамасы аясындағы "Шаңырақ" күні жалпыұлттық отбасылық құндылықтар мен кіршіксіз махаббат күніне айналады деуге негіз бар. Сондықтан бізде биылғы жылы Наурыз мерекесін бір шаңырақ астында өткізуді жөн көрдік. Наурызнама бойынша барлық іс -шаралар бір шаңырақ астында өтілуде. [Шаңырақ күні \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

18 наурыз "Ұлттық киім күні". Ұлттық киім - ұлттың айнасы. Қазақ халқы баяғы заманнан бері сан түрлі киім үлгілерін жасаған. Киім жай ғана шүберек емес. Ол белгілі бір ұлттың, мәдениеттің бет бейнесін көрсетіп тұратын ғажайып дүние. Оның эстетикалық, этно-мәдени, қоғамдық мәні зор. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ол - біздің ұлттық мәдениетіміз! Ұлттық киім күні –киім үлгісі арқылы әр адамға өз даралығын білдіруге, сонымен қатар Қазақстанның бірлігі мен мәдениәралуандығын танытуға мүмкіндік береді. Мектебіміздің ұстаздарымен оқушылары ұлттық киіммен мектепте ұлттық киіммен жүреді. [Ұлттық киім күні \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

19 наурыз күні « Жаңару» күніне арналған мерекелік іс –шаралар өтті. Мақсаты: ұлттық құндылықтарымызды, салт –дәстүрлеріміз, әдет – ғұрпымызды насихаттау, жас ұрпақ бойына адамгершілік, мейірімділік, кішіпейілділік, отансүйгіштік, толеранттық, патриоттық сезімдерін қалыптастыру. Бұл мереке қайта қарап, болашаққа жоспар құру кезеңі. Мерекеге орай мектебімізде әр түрлі дәстүрлер көрінісі ұйымдастырылды. [Жаңару күні \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Жалпы 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспары жүйелі түрде уақытылы, жоғары дәрежеде іске асырылуда.

Өмір қауіпсіздік негіздері.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектеп оқушыларының « Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы жүргізу міндетті болып табылады. Осыған орай 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты « Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар 5-9 сыныптарында 15 сағаты «Дене шынықтыру» пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылады. 10-11 сыныпта « алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы- ұйымдастырушысының

оқытуымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар сынып жеткшілері сынып сағаттары барысында , сабақтан тыс іс – шаралар арқылы жүзеге асырды

« Жолда жүру қауіпсіздігі ережелері» оқу курсы

2021-2022 оқу жылынды « Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарында әр бір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды және « Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8 сыныптарында сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сынып сағаттары аудандық білім бөлімінің шешімі бойынша әр аптаның сәрсенбі күні 1 сабақта өткізілді.

1 сыныптар	08.09; 06.10; 10.11; 01.12; 12.01; 02.02; 02. 03; 06.04; 04. 05.
2 сыныптар	08.09; 06.10; 10.11; 01.12; 12.01; 02.02; 02. 03; 06.04; 04. 05.
3 сыныптар	08.09; 06.10; 10.11; 01.12; 12.01; 02.02; 02. 03; 06.04; 04. 05.
4 сыныптар	08.09; 06.10; 10.11; 01.12; 12.01; 02.02; 02. 03; 06.04; 04. 05.
5 сыныптар	08.09; 06.10; 10.11; 01.12; 12.01; 02.02; 02. 03; 06.04; 04. 05.
6 сыныптар	08.09; 06.10; 10.11; 01.12; 12.01; 02.02; 02. 03; 06.04; 04. 05.
7сыныптар	08.09; 06.10; 10.11; 01.12; 12.01; 02.02; 02. 03; 06.04; 04. 05.
8 сыныптар	08.09; 06.10; 10.11; 01.12; 12.01; 02.02; 02. 03; 06.04; 04. 05.

2022-2023 оқу жылынды « Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарында әр бір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды және « Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8 сыныптарында сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сынып сағаттары аудандық білім бөлімінің шешімі бойынша әр аптаның сәрсенбі күні 1 сабақта өткізілді.


1 сыныптар	07.09; 05.10; 07.12; 11.01; 15.02; 15.03; 05.04; 03.05;
2 сыныптар	07.09; 05.10; 07.12; 11.01; 15.02; 15.03; 05.04; 03.05;
3 сыныптар	07.09; 05.10; 07.12, 11.01; 15.02; 15.03; 05.04; 03.05;
4 сыныптар	07.09; 05.10; 07.12; 11.01; 15.02; 15.03; 05.04; 03.05;
5 сыныптар	14.09; 12.10; 14.12; 18.01; 22.02; 16.03; 05.04; 03.05;
6 сыныптар	14.09; 12.10; 14.12; 18.01; 22.02; 16.03; 05.04; 03.05;
7сыныптар	14.09; 12.10; 14.12; 18.01; 22.02; 16.03; 05.04; 03.05;
8 сыныптар	14.09; 12.10;14.12; 18.01; 22.02; 16.03; 05.04; 03.05;

2023-2024 оқу жылынды « Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарында әр бір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды және « Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8 сыныптарында сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сынып сағаттары аудандық білім бөлімінің шешімі бойынша әр аптаның дүйсенбі күні 1 сабақта өткізілді.

1 сыныптар	04.09; 02.10; 06.11; 04.12; 08.01; 05.02; 04.03; 01.04; 06.05.
2 сыныптар	04.09; 02.10; 06.11; 04.12; 08.01; 05.02; 04.03; 01.04; 06.05.
3 сыныптар	04.09; 02.10; 06.11; 04.12; 08.01; 05.02; 04.03; 01.04; 06.05.
4 сыныптар	04.09; 02.10; 06.11; 04.12; 08.01; 05.02; 04.03; 01.04; 06.05.
5 сыныптар	04.09; 02.10; 06.11; 04.12; 08.01; 05.02; 04.03; 01.04; 06.05.
6 сыныптар	04.09; 02.10; 06.11; 04.12; 08.01; 05.02; 04.03; 01.04; 06.05.
7сыныптар	04.09; 02.10; 06.11; 04.12; 08.01; 05.02; 04.03; 01.04; 06.05.
8 сыныптар	04.09; 02.10; 06.11; 04.12; 08.01; 05.02; 04.03; 01.04; 06.05.

Үйірме жұмыстары

Үйірме жұмыстары балалардың өмірін бай және қызықты етті, физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасады.



№ 7 жалпы орта білім беретін мектебінде 2021-2022 оқу жылында мектеп оқушыларының үйірме жұмыстарына қатысуы

Ұсыныстар: Үйірмелер жұмыстары білімалушыларды жан- жақты болып дамуына мүмкіндік береді. Үйірмелер мен секция жетекшілері өз жұмыстарын заманауи формалар мен әдістерге сай түрлендіру арқылы, АКТ-ны қолдану, ата-аналар жиналысында жарнама жасау арқылы, мектеп, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде өткізілетін іс-шараларға қатысу арқылы оқушыларды барынша көп тартады. Құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың, балалардың қараусыз қалуының алдын алуға ықпалын тигізеді.

Үйірме жетекшілері мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық түрлі турнирлеріне қатыстырады, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізеді.

Үйірменің міндеттері:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.

Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;

Талантты жастарды ынталандыру;

Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;

Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;

Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;

Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу;

Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу;

Білікті, оқу – тәрбие беру.

Мектептің үздік оқушыларын анықтап, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру. Күтілетін нәтиже:

Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;

Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.

Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;

Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;

Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.

Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысады.

Үйірме түрі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Жаттықтырушы
Футбол	18.15-19.45 (Мектеп)					Нагашыбаев Н.Е.
Тоғызқумалақ 1 топ	16.50-18.00 (Акт зал)					Нагашыбаев Н.Е.
Тоғызқумалақ 2 топ			10.00-11.00 (Акт зал)			Нагашыбаев Н.Е.
Баскетбол Ұлдар қыздар		15.30-17.00 (АМУ)				Булегенов Е.С.
Үстел үсті теннисі	16.00-17.00 (АМУ)		16.00-17.00 (АМУ)			Булегенов Е.С.
Мақсаты: жасөспірімдер арасында КВН сайысын насихаттау, сахналық мәдениетті қалыптастыру; оқушылардың актерлық шеберліктерін, патриоттық белсенділіктерін нығайту. Сайысымызға мектебіміздің 7-10 сынып оқушылары қатысты. Сайыс II кезеңнен тұрды: 1-ші-«Сәлемдесу»; 2-ші-«Үй тапсырмасы». Қазылар алқасында мектебіміздің ТІМ-Смагулова Б.С; дене тәрбиесі мұғалімі-Булегенов Е.С; және де мектебіміздің ең белсенді оқушылары-Серкибаев Асылбек Қайратович және Егеубаев Серхан әділдік етті. Сонымен қазылар алқасының шешімімен 7 сыныптар арасында I-орынға-7 «Б»; II-орынға-7 «А»; III-орынға-7 «Ә» иеленді; 8-сыныптар арасында I-орынға-8 «Ә»; II-орынға-8 «Б»; III-орынға-8 «А»; 9 сыныптар арасында I-орынға-9 «А»; «Ә»; II-орынға 9 «Б»; 10-сыныптар арасында-I-орынды 10 «А» сынып иеленді. Барлық командалар арнайы дипломмен марапатталды. Әр команданың ең белсенді ойыншысы арнайы номинацияға ие болды.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-3214228>

<https://www.instagram.com/p/CjVFTgus8e6/?igsh=MWhudm5keWtmMXZvMw==>

«Мұғалімдерге мың алғыс». Республикамыз бойынша қазан айының бірінші аптасында әдеттегідей «Мұғалімдер күні» аталып өтті.

Мектебіміздің салтанат залында мерекелік концерт ұйымдастырылды. 11 сынып оқушылары мұғалімдерді вальске шақырып, ортада биледі. Мектебіміздің домбырашылар тобы мұғалімдерге арнап «Балбұрауын» күйін орындап берді. Мектебіміздің кіп –кішкентай жұлдызы Байгазин Аймаз өзінің сүйікті «Оқып, біліп үйренеміз» атты әнін, сүйкімді қыздармен бірге билеп, шырқады. Ал Серикпаев Мади болса «Болашақ бомба» атты әнді орындап, мұғалімдерді төл мерекелерімен құттықтады.

Қос жүргізушілер Аяулым Бабаева мен Ерлан Аяулым мұғалімдермен сұхбаттасып, мұғалім мамандығына қатысты сұрақтарға жауап алды. Мерекелік концерт «Ұстазым» әнімен аяқталды.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-3271739>

<https://www.instagram.com/reel/CjVGsXrAhUs/?igsh=MXAyZDh5aXJ2NzBvZQ==>

«8 наурыз-Халыққаралық нәзік жандылар күні». Мектебіміздің Ұланбасы-Ташетов Диас және президенті-Бабаева Аяулым ауданымыздың №1 мектеп Ұланбасы және президентімен бірігіп, «8 наурыз-Халыққаралық нәзік жандылар күні» мерекесімен қаламыздың аруларына тосын сый жасап құттықтады. Сонымен қатар сағат 15:00-де мектебіміздің салтанат залында «Сыйынар ем ана деген тәңірге» атты мектебіміздің аяулы аналарына арнап керемет концерттік бағдарлама болып өтті. Бағдарлама тізгінін мектебіміздің сымбатты жігіттері-Серкибаев Асылбек пен Егеубаев Серхан жүргізді. Мектебіміздің тәрбие ісінің орынбасары-Смагулова Б.С. алда келе жатқан 8 наурыз-халықаралық әйелдер күнімен барша аналарды, аруларды, әпкелерді, әжелерді құттықтады. Мектебіміздің талантты жарық жұлдыздары аналарына арнап өз өнерлерін паш етті. Концерт соңында ата-аналар суретке түсіп тарқасты.

<http://s0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-3963883>

https://www.instagram.com/reel/Cpg4PNlo1_V/?igsh=MWFqN2ZocTRpb3JlZg==

«Жас және Көңілді» I Аудандық КВН Фестиваль-байқауы. 04.05.2023 жылы ауданымыздың мәдениет үйінде «Жас және көңілді» тақырыбында мектеп оқушылары арасында I Аудандық КВН Фестиваль-байқауы болып өтті. Фестиваль-байқау «Жас және көңілді» тақырыбында таныстыру, ұзақтығы 5 минут. Бұл Фестиваль-байқауға мектебіміздің «VIP Қазахи» командасы қатысып, «Ең перспективті» номинациясына ие болды. «VIP Қазахи» командасының құрамында: (Капитан) Серкибаев Асылбек 11«Ә» сынып; Егеубаев Серхан 10«А» сынып; Садық Айнұр 9«А» сынып; Ташетов Диас 8«Ә» сынып; (Дыбыс режиссері) Ерлан Аяулым 9«А» сынып болды. «Үздік актриса» номинациясымен Садық Айнұр және «Үздік дыбыс режиссері» номинациясымен Ерлан Аяулым марапатталды.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-4176211>

<https://www.instagram.com/p/CsOJ1e9Mi2q/?igsh=MW4zamVlY2xpcjBncg==>

«Аудандық КВН». 2022 жылдың 25 қыркүйек күні сағат 18: 00 де ауданымыздың мәдениет үйінде аудан мектептері арасында КВН сайысы өтті. Бұл сайысқа мектебімізден екі команда «Бес бас» және

«Вип казахи» атты командалар қатысты. Сайыс екі кезеңнен тұрды, « Сәлемдесу» және « Үй тапсырмасы», қазылар алқасының шешімі бойынша « Бес бас» командасы белсенділік таңытқаны үшін марапатталды, ал « Вип казахи» атты командасы I – орынға ие болды.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-3254486>

«1 маусым-Балаларды қорғау күні». 01.06.2023 жылы қаламыздың «Локомотив» стадионында «Балаларды қорғау күніне» арналған іс-шаралар болып өтті. Мерекелік шеруге мектебіміздің 1-6 сынып оқушылары белсенді қатысып, барша қауымға өздерінің заманауи билерін паш етті. Іс-шара соңында естелікке суретке түсіп, әсерлі көңіл күйлерімен тарқасты.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-4271966>

«Салауат» бағыты:

«Биле-биле» спорттық би сайысы. 08.02.2023 жылы мектебіміздің спорт залында «Биле-биле» атты мектепішілік би сайысы болып өтті. Мақсаты: оқушылардың бойына салауатты өмір салтын дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға шақыру, қатысушылардың спорттық шеберлігін арттыру болып табылады. Бұл би сайысына мектебіміздің барлық Жас Ұландықтары қатысты.

«Еңбек» бағыты:

Қалалық Еріктілер семинары. 2022 жылдың 28 қазан күні мектебімізде арнайы «Еріктілер» семинары өтті. Бұл семинарға мектебіміздің Ұланбасы-Ташетов Диас және Президенті-Бабаева Аяулым және мектебіміздің белсенді оқушысы-Серкибаев Асылбек белсене қатысты. Семинарды «Особые праздники» атты қоғамдық ұйымының жетекшісі Игенбаева Ботагөз Ертаевна жүргізді. Семинар барысында оқушыларға еріктілер тобы туралы толық ақпарат берілді, қызықты бейнероликтер көрсетіліп, түрлі тренингтер өткізілді. Сонымен қатар оқушылар еріктілер қызметі жөнінде эссе жазды. Семинар соңында қатысушылар естелік суретке түсіп, тарқасты.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-3354534>

<https://www.instagram.com/reel/CkQsBeggGaf/?igsh=dWwyZnRvMWlqb2Nz>

5 желтоқсан-Волонтерлер күні. Ерікті болу-ерлікпен тең. Бүгін әлем бойынша Халықаралық волонтерлер күні аталып өтуде. Осыған орай мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымы еліміздің барлық Волонтерді атаулы мерекемен құттықтап, бейнероликтер ұсынды.

<https://www.instagram.com/p/ClyV9QrsWQR/?igsh=MXh6YTg0cjF0eWVxeQ==>

«Экоәлем» бағыты:

«ЖАСЫЛ МЕКЕН» Республикалық челленджі. 2023 жылдың 13 мамыр күні елорда уақытымен сағат 12:00-де бір мезгілде барлық білім беру ұйымдарында «Жасыл мекен» республикалық челленджі өтті.

Бұл экологиялық акция экологиялық мәдениетті, өлке табиғаты мен қоршаған ортаға ұқыпты қарауды, еңбекқорлықты, қоршаған ортаны көгалдандыруды дамытуға бағытталған және білім алушылардың еңбекқорлығы мен қоршаған ортаға деген қамқорлығын көрсетеді.

Бұл іс шараға біздің мектебіміздің оқушылары, мұғалімдерімен бірге белсенді қатысып, мектеп маңайына жетпістен астам жас көшеттер отырғызды.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-4204485>

«Таза ауа» акциясы. 2023 жылдың 27-ші сәуір күні мектебіміздің министрлері мен көшбасшылары бірігіп «Таза ауа» акциясы өз жұмысын жандандыру мақсатында мектебіміздің дәлізіндегі гүлдерді баптап, мектеп маңайындағы гүлдерге күтім жасады.

«Жеті жарғы» бағыты:

Аудандық Буллингке қарсы тренинг. 02.11.2022 жылы қаламыздың коворкинг орталығында аудандық Буллингке қарсы тренинг болып өтті. Бұл іс-шараға мектебіміздің Ұланбасы және Президенті белсене қатысып қайтты.

https://www.instagram.com/p/CkfLKjfl_OR/?igsh=MXdrdHVzMHBzbXV1dA==

Жемқорлықсыз болашақ! 2022 жылдың 17-ші қараша күні сағат 17:00-де мектебіміздің спортзалында «Жемқорлықсыз болашақ» атты мектепішілік байқау өтті. Байқаудың мақсаты-оқушыларды адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Бұл байқауға мектебіміздің Жас Ұландықтары белсенді қатысты. Әділқазы алқаларының құрамында: мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі-Смагулова Б.С.; тарих пәні

мұғалімі-Жаксыбаев Н.К.; мектебіміздің Президенті-Бабаева Аяулым мен Ұланбасы-Ташетов Диас және мектебіміздің белсендісі-Ерлан Аяулым төрелік етті. Байқау ІІ кезеңнен тұрды: І кезең-Бейнеролик байқауы, ІІ кезең-Көрініс. Байқау өте жоғары деңгейде өтіп, әділқазы алқаларының көңілінен шықты.

<https://www.instagram.com/p/CIOGasasIMx/?igsh=amt3dmlpNGgyMWt6>

2023 – 2024 оқу жылындағы «Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы бойынша есебі.

Мақсаты: өз ұлтының барлық дәстүрін, тарихын толық меңгерген, ойлау дәрежесі жоғары, өз бетімен шешім қабылдай алатын саналы азамат тәбиелеу жолында, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/ghas-lan-i-ghas-yran>

https://www.instagram.com/ministerstvo_school_7?igsh=MXZpY2l1ZmM0Z3ZuYQ==

«Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшісі, тәлімгер Амандық Ж.Е.

«Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы 7 бағыт бойынша жұмыс жасайды.

Отан

Зерде

Руханият

Салауат

Еңбек

Экоәлем

Жеті жарғы

«Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының 1 мектеп «Ұланбасы» және оның 5 министрлері бар.

Мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымы:

Мектеп Ұланбасы-Ерлан Аяулым

Білім министрі-Уразалинова Томирис

Мәдениет министрі-Қайырбек Айымгүл

Денсаулық министрі-Жарденбек Азамат

Ішкі байланыс министрі- Сұлтанғалиева Аружан

Ақпарат министрі- Мусажанова Ясмин және Абдуллина Айнұр

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/sostav-organizacii-ghas-lan>

«Жас Тимуршылар» Еріктілер тобы:

1. Дәуіт Қожа Ахмет

2. Фазыл Айша

3. Наухан Ерасыл

4. Базеков Нариман

5. Өзгеріс Нұрай

6. Асылбекова Несібелі

7. Ташетов Диас

8. Егеубай Бердібек

9. Кайдаров Ерасыл

10. Бурумбаева Әлия

11. Султанғалиева Аружан

12. Жарденбек Азамат

13. Тыржанова Алтынай

14. Саят Інжу

15. Жакупова Аягыз

16. Мэлс Алдияр

17. Қайырбек Айымгүл

18. Саят Жаннұр

19. Жаксылыкова Зарина

1. Қалымсеит Айбек

2. Кузембаева Ясмина

3. Байкенова Анель

4. Серикжан Әлішер

5. Кеңес Заңғар

6. Бисаримов Қуат

7. Шамшиденова Аяжан

8. Салдат Ислам

9. Альжанова Анар

10. Смаилбекова Макпал

11. Орынбасар Аяулым

12. Бердібек Шыңғыс

13. Баракбаев Максат

14. Сатбек Ақниет

15. Қалымсеитов Мадияр

16. Қаз Ажар

17. Жеңіс Саян

18. Аканова Ақмаржан

19. Айтқұл Диана

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/timurovcy>

«Отан» бағыты:

«Ұланбасы-2023» сайлауы. 2023 жылдың 22 қыркүйегінде мектебімізде «Ұланбасы-2023» сайлауы болып өтті. Бұл сайлауға мектебіміздің 7-10 сынып оқушылары үміткер болды. Сайлауға мектебіміздің оқушылары бюллетень арқылы дауыс берді. Сонымен ең көп 115-ұпай жинаған 10 «А» сынып оқушысы Ерлан Аяулым Ұланбасы-2023 сайланды. Мектебіміздің Ұланбасы-Ерлан Аяулымды жаңа дәрежесімен құттықтай отыра шығармашылық табыс тілейміз!

<https://www.instagram.com/p/Cxam4nNM5Gt/?igsh=d3podmp6ZmFxaWZn>

«Республика күні» сап түзеу. 23.10.2023 жылы №7 жалпы орта білім беретін мектебінде сап түзеу өтті. Биыл 25 қазанда Республика күні елімізде ұлттық мереке ретінде екінші рет аталып өтеді. Осы күнге орай мектебімізде сап түзеу өткізілді. Өз кезегінде мектеп белсенділері сап түзеу уақытында өнерлерін көрсетіп, күй тартты. Еліміздің Гимні орналды. Мектебіміздің Ұланбасы сөз айтып, Жас Ұлан ұйымының қатысушылары өз белсенділігін көрсетті.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-4826289>

<https://www.instagram.com/reel/Cyx3129Mmvq/?igsh=ZG1kNDJ6aGJtcXJ2>

«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына салтанатты қабылдау. 23.10.2023 жылы №7 жалпы орта білім беретін мектебінде 25 қазан Республика күніне орай Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан", "Жас Қыран" балалар және жасөспірімдер ұйымына оқушыларды салтанатты қабылдауы өтті. Мектеп белсенділері ұйымның жаңа мүшелеріне галстук байлап, төс белгілерін табыстады. Ал ұйымның жаңа мүшелері өз кезегінде Қазақстанның патриоты болуға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, білімге табандылық пен ұмтылуға ант берді.

<https://www.instagram.com/reel/Cyx4LlvMFZV/?igsh=YTEya3l4MGFtjhw>

«Балалар мен жасөспірімдер қозғалысының балалар болашағына қосқан үлесі» атты тәлімгерлер арасындағы аудандық бейнероликтер байқауы.

Мектебіміздің тәлімгері-Амандық Ж.Е. «Балалар мен жасөспірімдер қозғалысының балалар болашағына қосқан үлесі» атты тәлімгерлер арасындағы аудандық бейнероликтер байқауына қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/C04hQomMxrJ/?igsh=MTU5M2tyZHE5cTJocA==>

«Наурыз-думан». 2024 жылдың 14 наурыз күні «Көрісу күніне» арналған «Наурыз – думан» атты мерекелік концерт өтті. Бұл іс – шаралардың мақсаты ұлттық мейрамымыз Наурыз – жыл басы екендігін атап өту, ұлттық құндылықтарымызды, салт – дәстүрлеріміз, әдет – ғұрпымызды насихаттау, жас ұрпақ бойына адамгершілік, мейірімділік, кішіпейілділік, отансүйгіштік, толеранттық, патриоттық сезімдерін қалыптастыру.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-5548088>

«Зерде» бағыты:

Тәлімгерлерге арналған аудандық семинар. 13.09.2023 жылы қаламыздың «№1 ЖОББМ» КММ-де аудандық тәлімгерлер семинары болып өтті. Бұл семинарға мектебіміздің тәлімгері-Амандық Жансұлу Ерболатқызы қатысты. Семинар барысында түрлі мәселелер қарастырылып, тренингтер мен сұрақтарға жауаптар алынды. Семинар соңында үйлестіруші-Шульгина Ольга Ивановна тәлімгерлермен бірге Дмитриенко Елена Александровнаның мұражайына экскурсияға шақырды.

«Руханият» бағыты:

«Мұғалімдер күні». 2023 жылдың 6 қазан күні мектебімізде «Мұғалімдер күні» аталып өтті. Бұл күні 11 сынып түлектері есік алдында ұстаздарды шарлармен қарсы алып, жүрекжарды құттықтау лебиздерін жолдады. Мектебіміздің салтанат залында мерекелік концерт ұйымдастырылды. 11 сынып оқушылары мұғалімдерге арнайы көрініс көрсетіп, таңғалдырып, әсем ән мен керемет вальс биледі. Мектебіміздің Парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері мұғалімдерге арнауын жолдап, «Жүрек тілегін» табыстады. Мектебіміздің кіп -кішкентай жұлдызы Байгазин Аймаг өзінің сүйікті «Мектебім» атты әнін, сүйкімді қыздармен бірге билеп, шырқады. Ал Серикпаев Мади болса «Қызыл раушан» атты әнді орындап, мұғалімдерді төл мерекелерімен құттықтады. «Шәкірт тілегі» әнін мектебіміздің жаңадан құрылған «Сымбат» тобы шырқап берді. Ал «Павлиндер» биімен ортаға шыққан мектебіміздің ең дарынды бишілері Бабаева Аяулым мен Саят Жаннұр. Мерекелік концерт «Ұстазым» әнімен аяқталды.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-4756524>

<https://www.instagram.com/reel/CyAFaQAo5gF/?igsh=MWVhZGR5enczbWFjdA==>

«Ана саған арналады». 04.03.2024 жылы сағат 17:00-де мектебіміздің салтанат залында «Ана саған арналады...» атты мектебіміздің аяулы аналарына арнап керемет концерттік бағдарлама болып өтті. Бағдарлама тізгінін мектебіміздің сымбатты жігіті –Жанмурзин Нұржан жүргізді. Мектебіміздің иректордың тәрбие ісі орынбасары-Смагулова Б.С. алда келе жатқан 8 наурыз-халықаралық әйелдер күнімен барша аналарды, аруларды, әпкелерді, әжелерді құттықтады. Мектебіміздің талантты жарық жұлдыздары аналарына арнап өз өнерлерін паш етті. Концерт соңында ата-аналар суретке түсіп тарқасты.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-5520055>

«Салауат» бағыты:

«Алға, Жаңа Қазақстан!».23.10.2023 жылы №7 жалпы орта білім беретін мектебінің "Жас Ұлан" ұйымының Спорт министрі-Жарденбек Азамат 25 қазан Республика күніне орай "Алға, Жаңа Қазақстан!" тақырыбында "Волейбол" турнирін өткізді. Волейбол турнирі оқушылар мен мұғалімдер арасында жүргізілді.Ерекше командалардың арқасында ойын өте қызықты өтті. Ойынның соңында мұғалімдер командасы I орын алды, ал II орынды 9 сыныптар III орынды 11 сыныптар иеленді. Ойын қызықты, тартысты әрі көңілді өтті.

<https://www.instagram.com/reel/CyyNWZKMzrA/?igsh=OGRsaDN3bHJxMmU2>

«Біз Біргеміз!» 21.11.2023 жылы №7 жалпы орта білім беретін мектебінің «Жас Ұлан» ұйымының Спорт министрі-Жарденбек Азамат «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында «Біз Біргеміз!» атты ата-аналар, ұстаздар және оқушылар арасында мектепшілік «Волейбол» турнирін өткізді. Волейбол турнирі ерекше командалар арқасында өте қызықты өтті. Жеңімпаздар келесі ретпен орналасты: «Болашақ» ата-аналар командасы I орын, ал II орынды «Ұшқын» оқушылар командасы және «Салауат» мұғалімдер командасы III орын иеленді. Ойын қызықты, тартысты әрі көңілді өтті.

https://www.instagram.com/reel/Cz8k2LXsU3_/?igsh=a2g3NXZxZWZqajI=

«Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» 1 желтоқсан-Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күніне орай мектебіміздің «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының оқушылары «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» тақырыбында сурет салып, сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға темекі, арақ, есірткі, СПИД - тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан - жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана – сезімдерін дамыта түсу. Оқушыларға СПИД ауруының адам өмірі үшін қатерлі, жұқпалы екенін және одан сақтану жолдарын түсіндіру.

<https://www.instagram.com/reel/C0TiEOWsyA6/?igsh=NTh2Ymt2b2J4dnNx>

Мектепшілік «Биле, биле» спорттық би сайысы. 31.01.2024 жылы мектебіміздің спорт залында «Биле, биле» атты мектепшілік би сайысы болып өтті. Мақсаты: оқушылардың бойына салауатты өмір салтын дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға шақыру,қатысушылардың спорттық шеберлігін арттыру болып табылады. Бұл би сайысын мектебіміздің «Спорт және СӨС» министрлігі 7-10 сынып оқушылары арасында ұйымдастырды. Сайысымыздың шарттары: топ аты, ұраны, формасы, спорттық би 5-7 минут болуы шарт. Сайысымыздың әділқазы алқаларының құрамында: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Смагулова Б.С, мектебіміздің Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Бугабай Ақжол және дене тәрбиесінің мұғалімі Нығмет Ержан төрелік етті. Қазылар алқасының шешімі бойынша 7-ші сыныптар арасында:1-орын: 7А, 2-орын: 7ӘБ, 8-ші сыныптар арасында 1-орын: 8Ә, 2-орын: 8А, 3-орын: 8Б сыныбы иеленді. 9-шы сыныптар арасында 1-орын: 9А, 2-орын: 9Ә сыныптары ие болды. 10-шы сыныптар арасында 1-орын: 10А сыныбы Бас жүлдені 10 Ә сыныбы иеленді. Барлық командалар арнайы грамоталармен марапатталып, естелік суретке түсті.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-5185903>

<https://www.instagram.com/p/C3VhqUHMUau/?igsh=MWljemRqbzZ1cmZ4ZQ==>

«Еңбек» бағыты:

5 желтоқсан-Волонтерлер күні. «Еріктілер-өзгенің мәселесін өз ісіндей көретін жүрегі кең, ниеті дұрыс жандар». Еріктілер-бос уақытын қоғамның игілігіне жұмсайтын адамдар тобы. Ерікті болу-

ерлікпен тең. Бүгін әлем бойынша Халықаралық волонтерлер күні аталып өтуде. Осыған орай мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымы еліміздің барлық Волонтерді атаулы мерекемен құттықтады.

<https://www.instagram.com/p/C0eFjSKswwx/?igsh=MWFmOTVzYnR3ZnpmOA==>

«Қарт ұстаздарға көмек». 29.01.2024 жылы сағат 16:00-де мектебіміздің әлімгері-Амандық Жансұлу Ерболатқызының бастауымен және жас еріктілер тобынан құралған топ-Жеңіс Саян 8 «А» сынып, Копеев Арман 8 «А» сынып, Мусулманбеков Мадияр 8 «Б» сынып, Наухан Ерасыл 9 «А» сынып, Есенов Бекзат 9 «А» сынып, Талғатұлы Алмаз 9 «А» сынып, Базеков Нариман 9 «Ә» сынып және Нұрғали Алихан 9 «Ә» сынып оқушылары мектебіміздің қарт ұстазы және мектебіміздің гүлденуіне көп жылдар бойы өз үлесін қосқан, Т.Бегелдинов көшесінің тұрғыны-Таттыбаева Марияш Қайыржановнаға шағын сыйлықтарын алып, үйіне қолғабыс етіп қайтты. Марияш Қайыржановна бізді қуанышты көңіл-күймен қарсы алды. Мектебіміздің жас еріктілер тобы Марияш Қайыржановна үйінің ауласындағы жиналып қалған қалың қардан тазартып берді. Мектебіміздің жас еріктілер тобы күннің суығына қарамай әндетіп, әзілдесіп, бір үйдің балаларындай жұмыс жасады. Соңында балалар естелікке суретке түсіп, көңілді күймен тарасты.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-5180242>

https://www.instagram.com/p/C2v_D7xoG5H/?igsh=MW5kOHc0aml4M2huOQ==

«Көңілді үзіліс». Бүгін жоғары сынып оқушылары бастауыш сынып оқушылары үшін қызықты әрі көңілді үзіліс жасады. Оқушылардың үзілісін тиімді және көңілді өткізді. Мақсаты: оқушылардың сыйластығын, қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттыру және оқушылардың келесі сабақтарына көңіл күйлерін одан әрі тамаша қылдыру.

https://www.instagram.com/p/C3Vi_awMU04/?igsh=MTFnaWMza3k3aHd2Nw==

«Көңілді үзіліс». Бұл бойды сергітіп, жақсы көңіл күйге және көңілді көтеру үшін өте қажет. Бастауыш сынып оқушыларына қимылды ойындар, біраз уақыт қозғалуларына, бойларын жазуға пайдалы болу үшін мектебімізде әр үзіліс сайын көңілді үзілістер өткізіледі.

<https://www.instagram.com/p/C3Vja4bsRLQ/?igsh=MTE5aW1laHViM2V4eg==>

«Экоәлем» бағыты:

«Экологиялық плоггинг». 2023 жылдың 18 қазанында аудандық «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бойынша «Ұрпаққа аманат» жобасы аясында экологиялық плоггинг болып өтті. Бұл плоггингке мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері қатысты. Жеңімпаздар сертификатпен марапатталды.

<https://www.instagram.com/reel/CyjAxNDsX3J/?igsh=MXR3MTVlcWVtcDhzYg==>

«Эко-селфи». 2023 жылдың 17 қазанында аудандық «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бойынша «Ұрпаққа аманат» жобасы аясында «Эко-селфи» экологиялық фотоконкурсына мектебіміздің Мәдениет министрі-Қайырбек Айымгүл «Эко-шығармашылық» номинациясы бойынша және мектебіміздің Ақпарат министрі-Мусажанова Ясмин «Эко-шығармашылық» номинациясы бойынша қатысты.

<https://www.instagram.com/p/Cy6AnzsMFmL/?igsh=ZDZwbnB0N2cwYXcw>

<https://www.instagram.com/p/Cy6Au1qMGyq/?igsh=MWVudGRsNmRkd2xnaQ==>

«Жеті жарғы» бағыты:

«Тәуелділік» пьесасы. 26.10.23 жылы мектебіміздің оқушыларына «Тәуелділік» пьесасы көрсетілімі ұйымдастырылды. Мақсаты: қазіргі таңда жасөспірімдер арасында ұялы телефонға деген тәуелділіктің алдын алу. Пьесаны мектебіміздің оқушылары тамашалап, өз ойларымен бөлісті.

<https://www.instagram.com/p/Cy5mZaNsGwl/?igsh=MThqYjVhcGwzaDdtcg==>

«Қауіпсіз дөңгелек» фестивалі. 2023 жылдың 17 қазан күні сағат 17: 00 де мектепшілік « Жол ережесін білесің бе?» атты фестивалі өтті. Бұл іс - шараға мектебіміздің 5-10 сыныптарының командалары қатысты.

Шарты:

1. қатысушылар саны -10 оқушы;
2. команданы таныстыру;
3. жол ережелерін насихаттау;

Фестивальге барлық сыныптардың командалары жақсы дайындалғаны байқалды. Оқушылар фестивальге белсенді қатысып, арнайы номинацияларға ие болды.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-4806146>

«Біз Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» 2023 жылдың 27-ші қараша күні сағат 16:00-де «Біз Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» атты мектепішілік сайыс өтті. Бұл байқауға 7-10 сынып оқушылары белсенді қатысты. Байқаудың шарттары:

1. Топтың аты.
2. Ұраны.
3. Эмблемасы.
4. Үгіт -насихат бағдарламасы.

Байқаудың нәтижесінде: 7 сыныптар арасында I -орын 7 Ә сынып командасы, II-орын 7 Б сынып командасы. 8 сыныптар арасында: I - орын 8 А сынып командасы, II-орын: 8 Ә сынып командасы, III - орын: 8 Б сынып командасы. 9-сыныптар арасында: I - орын 9А сынып командасы II -орын 9 Ә сынып командасы, 10 сыныптар арасында: I-орын 10 Ә сынып командасы, II -орын 10 А сынып командасы иеленіп, арнайы грамоталармен марапатталды.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-4951425>

<https://www.instagram.com/reel/C0QfMrCII1W/?igsh=MW51ZWJzaGdicjB2Ng==>

2021-2022 оқу жылындағы педагог-психологтың жұмысының есебі

Мақсаты: Білім беру барысында балалардың дамуы үшін психологиялық көмек көрсету арқылы, балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасып, дамуына ықпал жасау. **Міндеттері:** -білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру; -психологиялық –педагогикалық зерделеу, психологиялық түзету және дамыту жұмыстарын жүзеге асыру; -психологиялық мәселерді шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету. Педагог психологтың жоспары құрылып соған сай жұмыстар атқарылды. <http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/godovoy-plan-pedagog-psihologa>

Психологиялық қызметтің 2021-2022 оқу жылының есебі. Оқушылардың психикалық денсаулығын, дамуын есепке алып, жеке тұлғаның ерекшелігін жан-жақты зерттеп, жан дүниесін дамыту. Педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынасын жақсарту. Психологиялық-педагогикалық біліктілік дағдысын қалыптастыру, 2021-2022 оқу жылындағы жоспарға сәйкес психодиагностика, психологиялық түзету, дамыту, психологиялық ағарту, кеңес беру, 1-11 жалпы сынып аралығында, оқушыларға, педагогтар мен ата-аналарға атқарылатын жұмыстың бағыттары бойынша психологиялық жұмыстар атқарылды. Педагог-психолог ретіндегі жұмысымыз үстіміздегі оқу жылына жылдық жұмыс жоспары белгіленіп, циклограмма арқылы ай-апталарға жұмыстарды бөліп қарастырып бекітуден басталды. «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасының жұмыс жоспары бекітілді.

Мектеп қабырғасына қабылданған 1 сынып оқушылары, орта буынға көшкен 5 сынып оқушылар, мектепке жаңадан келген оқушылардың бейімделуін жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың сабақтарына қатысып туындаған мәселелер бойынша жек және топтық кеңестер берілді. 1- сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне байланысты жүргізілген психологиялық профилактикалық диагностикалық жұмыстары алынады.

Мақсаты: Баланың мектепке дайындығын, яғни есте сақтауын, ойлауын және зейінінің даму барысын бақылау.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау барысы оқушылармен психологиялық, профилактикалық, диагностикалық жұмыстар жүргізіледі. Жұмыс барысында төмендегідей жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

«Керн- Йирасек» әдістемесі бойынша

Берілген тапсырмалар; Ер адамның суретін салу, жазба әріптерін көшіріп жазу; берілген нүктелерді көшіріп салу.

1 сыныптардың қорытындысы бойынша жоғары деңгей 1 «А» 57%, 1 «Ә» 54%, 1 «Б» 52%. Орташа деңгей 1 «А» 42%, 1 «Ә» 45%, 1 «Б» 47%. Төмен деңгей анықталмады.

5 сынып оқушыларының оқу мотивациясын тексеруге арналған Н.Г Лусканова әдістемесі бойынша жүргізілді жоғары деңгей 5 «А» 37%, 5 «Ә» 40%, 5 «Б» Барлық сыныптарда «Алақай мен оқушымын!» тренинг сабағы өткізілді. Жеке жұмысқа бейімделуіне де қиындығы бар оқушылар мен жұмыстар жүргізілуде. Ата- аналар жиналысында ата-аналарға баланың мектепке бейімделуі мектептегі оқуға психологиялық дайындығы бойынша ұсыныс кеңестер берілді. Сынып жетекшелерге баланың тұлғалық дамуына қолайлы психологиялық жағдай жасау «Оқушы» позициясын алуға көмектесу керектігі жайлы ұсыныс кеңестер айтылды. Оқушылардың мектепке сәтті бейімделуіне оқу жылының аяғына дейін оқушыларды психологиялық қолдау , жағдай жасау.

«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша 8, 9, 10,11 сынып оқушылары арасында «психологиялық қолдау тобын» анықтауда диагностикалық кезеңді онлайн-диагностикалау тестті алынды.

«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша Мектеп қызметкерлеріне (Зүш) оқыту сабақтарын өткізілді. Психологиялық сүйемелдеу тобының анықталған балалармен жартылай құрылымды сұхбат жүргізіліп, кеңестер берілді.

«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша суицид вахтерларын оқытып, дәрістер жүргізілді. хаттамалар толтырылды.

9,10,11 сынып оқушыларынан «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша онлайн сауалнама жүргізілді. Мақсатты: жоғарғы қауіп тобына жататын оқушыларды анықтау. Сауалнама нәтижесі сарапталып, суицидалды мінез-құлық байқалған оқушылар анықталып, жартылай құрылымдағы сұхбатқа шақырылды. Ол оқушыларға өмірлік қиын жағдаятқа тап болған сәтте қалай төзімділік танытуға болатындығы жайлы психологиялық кеңес берілді.

«Гигиена және біз» атты 8-11 -сынып қыз баларымен жүргізілді.

Мұғалімдермен оқушылармен «ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨМІРЛІК ДАҒДЫЛАР» осы сериясында 19 кітаптар бар осы кітаптардың барлығын

жеке жеке таныстырып өттім. 11-сынып оқушыларға «ҰБТ –ға оқушылардың сенімділігін арттыру» атты кеңестер берілді және «Мен бәрін жеңем», «Сен стрессті қалай женесін» атты видео көрсетілді. Бастауыш сынып оқушылармен құм терапиясы жүргізілді.

9-10 сынып оқушыларынан «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша онлайн сауалнама жүргізілді.

Оқушылардың бір-бірімен қарым қатынасын жақсарту негізінде және де оларды адалдыққа, достыққа, шындыққа тәрбиелеу мақсатында «Менің жана ортам», «Кішкентай көңілді балалар» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг сабаққа барлық 1-сыныптар қатысты. Оқушыларға түрлі тренингтер жүргізілді және оқушылар белсене қатысты.

Оқушылармен «Буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылықтың алдын алу» бойынша оқушыларға кеңес беру мақсатында орта буын оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

9 сынып оқушыларынан кәсіби бағдар, мамандық таңдауға бейімділігін анықтау мақсатында Д. Голландтың «Мамандыққа икемділікті анықтау» тесті алынды. Оқушының кәсіби өзін табу жағдайына психологиялық көмек беру және қызығушылық қабілетін айқындау. Кәсіптік бағдар: кім болғым келеді? «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында психологиялық тренингтер өткізілді.

Болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу.

7-8 сыныптар арасында өмір адам баласына бір ақ рет берілетін қымбат сый екеніне ықпал ету, оқушылардың ойын ашу, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру мақсатында «Өмір қымбатсын маған» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Оқушыларға өмір ұғымын түсіндіре отырып, өмірде кездесетін әр-түрлі жағдайлар туралы ақпарат берілді. Тамаша өмір сүрудің 10 кілті туралы кеңестер ұсынылды.

11 сынып оқушыларынан ҰБТ-ге дайындығына психологиялық көмек мақсатында сауалнамалар алынды. Мазасыздық, қобалжу деңгейін анықтау тесттері алынып, сауалнама нәтижесі бойынша қобалжу байқалған оқушыларға кеңестер берілді.

ИСН тесті алынды 8,9,10,11-сыныптар аралығында алынды.

«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарлама аясында анықталған оқушылармен жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді және әр оқушыны жеке жеке бақылап жүрдім. Сонымен қатар оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтауға байланысты «Айзенк» диагностика 10-11 сыныптарда алынды және сыныптың психологиялық климаты «Дж Мореноның» социометриялық диагностика 5-6 сыныптарда алынды. Кәсіби бағдар Климов «ДДС» диагностика 9-11 сыныптарда алынды және отбасы мүшелерінің қарым-қатынасын «Менің отбасым» проективті әдістемесі 2-3 сыныптарда жүргізілді. «Мемлекеттік емтиханға дайындық кезінде кездесетін қиындықтарды жоюда психологиялық қолдау» тренинг 9-11 сыныптар мен жүргізілді. «Өзіңе сен! Сен ҰБТ-да жеңіске жетесің», «Көтеріңкі көңіл-күй жанғақуат береді», «ҰБТ және Мен», Сенім – менің серігім», Жүйке жүйесіне түсетін күштен арылу атты тренингтер 11-сынып оқушыларымен жүргізілді. Сұраныс бойынша психологиялық кеңестер оқушыларға және ата-аналарға, ұстаздарға кеңестер берілді. Жасөспірімдерге жыныстық тәрбиеге байланысты дәрістер жүргізілді. 6-8 сыныптар арасында «Өмірге деген құштарлығын артыру» тренингі және 5-сыныптардың орта буынға бейімделуіне байланысты әр түрлі тренингтер жүргізілді. Сонымен қатар 6-11 сынып қыздарға салауатты өмір салтын ұстану туралы әңгіме жүргізілді. Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алуы, Интернетке тәуелділік, 11 сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындығы осы айтылған сұрақтар қаралды. Сонымен қатар оқушыларды сабақтарына қатыстым.

Ата-аналармен, оқушылармен, мектеп ұжымымен тығыз байланыста болып, психологиялық қолдау көрсетіліп кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Әр уақытта психологиялық жаднамалар, ұсыныстар беріліп отырылды. Оқушылардың танымдық процестерін дамытуға, бос уақытарын тиімді пайдалануға арналған жаттығулар, тестер жүргізілді. Оқушылар мен ата-аналардан туындаған мәселелері және сұрақтар бойынша жеке кеңестер берілді.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/godovoy-otchet>

Қорытынды: жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай жүзеге асып келеді. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып отырылады. Өткізілген психологиялық шаралар мектеп проблемасымен ұштастырылып отырды.

2022-2023 оқу жылындағы педагог-психологтың жұмысының есебі

Мақсаты:

Білім беру барысында балалардың дамуы үшін психологиялық көмек көрсету арқылы, балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасып, дамуына ықпал жасау.

Міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- психологиялық –педагогикалық зерделеу, психологиялық түзету және дамыту жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық мәселерді шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету.

2022-2023 оқу жылында мектепшілік психологиялық қызметтің жылдық жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Жыл бойы психологиялық жұмыстар төмендегідей бес бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі: <http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/godovoy-plan-pedagog-psihologa>

1- сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне байланысты жүргізілген психологиялық профилактикалық диагностикалық жұмыстары алынды.

Мақсаты: Баланың мектепке дайындығын, яғни есте сақтауын, ойлауын және зейінінің даму барысын айқындау.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау барысында оқушылармен психологиялық, профилактикалық, диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Жұмыс барысында төмендегідей жұмыс түрлері ұйымдастырылды:

- « Керн-Йирасек» тесті;
- Ер баланың суретін салу ;
- Жазба әріптерін көшіріп жазу;
- Нүктелер топтамасы;

Денгейлері	1а		1ә		1б	
Жоғары деңгей	5	33%	9	52%	9	50%
Орташа деңгей	8	53%	8	47%	10	55%
Төмен деңгей	-	-	-	-	-	-

Мұғалімдерге кеңес:

- Жастайынан бастап, логикалық дамуына ықпал ететін тапсырмаларды орындауға, сол секілді ойындар ойнатуға тырысыңыз. Ақыл ойды дамытатын бірнеше тапсырмалар беріңіз.
- Ешқашан балаға бұйрық беру арқылы оқытпаңыз. Бұл еш нәтиже бере алмайды. Баланың әрқайсысымен дос ретінде қатынаста болыңыз, мүмкін сізден көмек керек шығар. Кейбір пәндерді меңгеруде қиындық туып жүрсе көмектесіңіз. Ол сізге сенетіндей болсын.
- Баланы сабақтан кейінгі уақытын тиімді пайдалануы жөнінде ата-анасына түсіндіріңіз. Үй тапсырмасын орындап, демалып, компьютерге отыру уақыттарын белгілесін, үйдегі уақытын тиімді пайдалансын.

Ата-аналарға кеңес:

- Балаңыздың уақытылы ұйықтауға жатуын қадағалаңыз.
- Мектеп туралы жаман айтпаңыз. Баланың көзінше мұғалімдерді сөз қылмаңыз.
- Бала тапсырмаларға, мектептен әкелген кітаптарына сіздің қызығушылық танытып, қадағалайтыныңызды көрсін.
- Өзіңіз оқыңыз ,бала ата-аналарының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінін білсін, көрсін.
- Балаға өз ойын жазбаша жеткізуді үйретіңіз: онымен хат жазып алмасыңыз, бірге хат жазыңыздар. Егер бала сізбен қатты әсер алған оқиғасымен бөліссесе- сол оқиға жайлы әңгіме құрастырып жазуын өтініңіз, ал кешкісін оны барлық отбасы мүшелеріне оқып беріңіз.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі
Мақсаты: 5-сынып оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынасын, пәнге көзқарасын, мұғалімдерге деген көзқарасын анықтау.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде, психологиялық тұрғыда жайлы жағдай жасауына мынадай диагностикалық жұмыстар өткізілді. Мектепке келу мотивациясын анықтауға, жаңа қосылған пәндерге оқушының көзқарасын, сыныптастарымен, сынып жетекшісімен, жаңадан сыныпқа келген оқушылармен, пән мұғалімдерімен, қарым-қатынасын анықтау мақсаттарда, оқушылармен психо-диагностикалар өтізіліп тұрды. (тест, сұрақнама, тренинг жаттығулары, әңгіме) және ата-аналаға онлайн кеңес берілді, оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін талқылап ұсыныс, ақпараттар беріліп отырылды. 5-сыныптардың оқушыларының бейімделуі жақсы сәтті өтті. Бейімделу барысында оқушылардың темпераменті анықталды, сабаққа қызығушылығы бойынша сауалнама алынды.

Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама Н.Г Лусканова бойынша

Денгейлері	5а	5ә	5б
Жоғары деңгей	2	1	2

Орташа деңгей	9	15	10
Төмен деңгей	-	-	-

Сондай-ақ 2-11 сынып арасында «Өзін-өзі бағалау», «Социометрия» тесттері алынды. Нәтижесі сынып жетекшілерге хабарланып, топ ішіндегі балалар мен шет қалған балаларға кеңес берілді. Жаттығу жасалды.

Өзін – өзі бағалау сауалнама қорытындысы:

Сыныптар	Жоғары		Орташа		Төмен	
	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз
0а	7	63%	5	45%	1	9%
0ә	13	86%	1	6%	-	-
0б	7	50%	6	42%	-	-
1а	5	33%	7	46%	1	6%
1ә	8	47%	7	41%	2	11%
1б	9	50%	7	38%	1	5%
2ә	8	42%	5	26%	-	-
2б	11	52%	10	100%	-	-
3а	7	41%	6	35%	1	5%
3ә	4	22%	9	33%	-	-
3б	5	38%	7	53%	-	-
4а	10	71%	2	14%	-	-
4ә	8	61%	4	30%	-	-
4б	10	58%	6	35%	-	-

Түзету жаттығулары жүргізілді. Нәтижесінде сынып оқушылар мен өзін өзі бағақауына байланысты әр түрлі тренингтер , ойындар жүргізілді.

Сәтсіз жанұя балаларымен жұмыс жоспары жоспарланды. Сол жоспармен жұмыстар атқарылуда. Балалардың отбасылық жағдайы және балалардың көңіл-күйлері бақыланып отырылады.

1-11 сыныптың оқушыларының көңіл – күйлері таңертеңгілік уақытта дәлізде бақыланады, эмоциялық жағдайлары анықталады. Сынып жетекшілерімен байланыс орнатылып, әр баланың жағдайы сұралды.

06.02-10.02.2023ж аралығында «Мұңаюға себеп жоқ!» тақырыбы бойынша психология онкүндігі жүргізілді Күннің дәйексөзі: «Көңіл күйіңіз жақсы болса, сіз көп жақсылық жасай аласыз!» Жалпы мектептік жиында психология апталығының ашылуы өтті және бүгін мектепке қандай көңіл күймен келдің?Сауал алынды және оқушылар шынайы жауап берді, көңіл күйлері өтте жақсы екен. <http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/otchet-nedeli-psihologii>

«Біз салауатты өмір салты үшін!» тренинг сабағы

9-11 сынып оқушыларынан мамандыққа икемділіктері зерттелді . Жеке жұмыстар алынды. Мамандық бойынша қызықтырған сұрақтарға жауаптар беріліп, кеңестер айтылып өтілді. Нәтижесінде оқушылар кәсіби бағыт-бағдар алып, болашақтағы қалаған мамандақтырын анықтады.

11 сынып балаларымен ҰБТ-де дайындық кезінде кездесетін кедергілерді жою мақсатында ойын-жаттығулар ұйымдастырылып, дайындық барысында ескеру қажет ережелер туралы айтылды.

Ата-аналарымен жиналыс - әңгіме өткізіліп, кеңестер берілді.

Үйден оқитын оқушылар үнемі назарда. Сондықтан ерекше балалардың үй жағдайымен таныса отырып, ата-аналарына қажетті ақпараттар беріліп, кеңестер айтылды. Баланың көңіл-күйі, сабаққа деген ынтасы, мұғалімдермен қарым-қатынасы бақыланып отырылды.

Сонымен қатар күзгі демалыс барысында ерекше назардағы оқушылардан «Өмір құндылықтары» жаттығу өткізілді. Кеңестер берілді.

Жасөспірімдер арасында суйцидтік мінез-құлықтың алдын алу бойыша іс-шаралар жүргізілді. «Өмірлік құндылықтар» , «өмір туралы» ойларын білу мақсатында «Мен өмірді сүйемін» 7-11 сынып оқушыларынан «Суйцидке бейімділік зерттеу» тесті алынды. Түзету жұмыстары

жасалынды. Осы тақырыпта ата-аналармен де үнемі әңгімелесу өткізіліп тұрады. Сынып жиналыстары мен ата-аналар жиналысында сұраныс бойынша тақырыпқа сай ақпараттар беріліп, ағарту жұмыстары да жүргізілді. Нәтижесінде балалардың бойында өмірге деген дұрыс көзқарас қалыптасып, ата-аналар өздеріне қажетті мәліметтерді алды.

Зорлық –зомбылықтың алдын алу мақсатында балалармен лекция, түсіндіру жұмыстары, сақтану жолдары тақырыбында шаралар өтті. Жасырын сауалнамалар алынды, сауалнама нәтижесі бойынша ешқандай факт анықталмады.

Ата-аналарға қоғамда болып жатқан келеңсіз оқиғалар туралы айтылып, бала қауіпсіздігіне ерекше назар аудару керектігі айтылды. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас бойынша кеңестер айтылды.

Мектеп ұстаздарымен, жас мамандармен олқылықтардың орнын толықтыруда балалардың психикалық қасиеттеріне назар қою, жас мамандарға буллинг, өзін ұстау, балалармен қарым-қатынас бойынша кеңестер берілді.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/godovoy-otchet>

Қорытынды: жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай жүзеге асып келеді.

Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып отырылады.

2023-2024 оқу жылындағы педагог-психологтың жұмысының есебі

2023-2024 оқу жылында мектепшілік педагог психологтың жылдық жоспары құрылды. Жыл бойы психологиялық жұмыстар төмендегідей бес бағыт бойынша жүргізіледі.

1. Психодиагностика
2. Дамыту-түзету / коррекция/ жұмыстары
3. Психологиялық ағарту жұмыстары
4. Психологиялық кеңес беру
5. Әлеуметтік –диспечерлік қызмет

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/godovoy-plan-pedagog-psihologa>

Осы оқу жылында 1- сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне байланысты жүргізілген психологиялық профилактикалық диагностикалық жұмыстары алынады

Мақсаты: Баланың мектепке дайындығын, яғни есте сақтауын, ойлауын және зейінінің даму барысын бақылау.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау барысы оқушылармен психологиялық, профилактикалық, диагностикалық жұмыстар жүргізіледі. Жұмыс барысында төмендегідей жұмыс түрлері ұйымдастырылады.


«Керн- Йирасек» әдістемесі бойынша

Денгейлері	1а		1ә		1б	
Жоғары деңгей	12	57%	12	54%	12	52%
Орташа деңгей	9	42%	10	45%	11	47%
Төмен деңгей	-	-	-	-	-	-

Берілген тапсы

рмалар; Ер адамның суретін салу, жазба әріптерін көшіріп жазу; берілген нүктелерді көшіріп салу.

Мұалімдерге кеңес:



✓ Ж а с т а й ы н а

н бастап логикалық дамуына ықпал ететін тапсырмаларды орындауға, сол секілді ойындар ойнатуға тырысыңыз. Ақыл ойды дамытатын бірнеше тапсырмалар берініз.

- ✓ Ешқашан балаға бұйрық беру арқылы оқытпаңыз. Бұл еш нәтиже бере алмайды. Баланың
- ✓ әрқайсымен дос ретінде қатынаста болыңыз, мүмкін сізден көмек керек шығар. Кейбір пәндерді менгеруге қиындық туып жүрсе көмектесініз. Ол сізге сенетіндей болсын.
- ✓ Баланы сабақтан кейінгі уақытын тиімді пайдалануы жөнінде ата анасына түсіндірініз. Үй тапсырмасы орындап, демалып компьютерге отыру уақыттарын белгілесін.

Ата аналарға кеңес:

- ✓ Баланыздың уақытылы ұйықтауға жатуын қадағаланыз.
- ✓ Мектеп туралы жаман айтпаңыз. Баланың көзінше мұғалімдерді сөз қылмаңыз Бала Бала тапсырмаларға мектептен әкелген кітаптарына сіздің қызығушылық танытып қадағалайтыныңызды көрсін.
- ✓ Өзіңіз оқыңыз, бала ата анасының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінің білсін, көсін.
- ✓ Балаға өз ойын жазбаша жеткізуді үйретініз: онымен хат жазып алмасыңыз, бірге хат жазыңыздар. Егер бала сізбен қатты әсер алған оқиғасымен бөліссе сол оқиға жайлы әңгіме құрастырып жазуын өтінеміз ал кешкісін оны барлық отбасы мүшелеріне оқып береміз.


5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі.

Мақсаты: 5-сынып оқушыларының бір- бірімен қарым -қатынасын, пәнге көзқарасын, мұғалімдерге деген көзқарасын анықтау.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде, психологиялық тұрғыдан жайлы жағдай жасауына мынадай диагностикалық жұмыстар өткізілді. Мектепке келу мотивациясын анықтауға, жаңа қосылған пәндерге оқушының көзқарасын, сыныптастарымен сынып жетекшісімен жанадан сыныпқа келген оқушылармен, пән мұғалімдерімен, қарым- қатынасын анықтау мақсатында оқушылармен психо диагностикалар өткізіліп тұрды (сауалнама, тренинг жаттығулары, әңгіме) және ата аналарға онлайн кеңестер берілді, оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін талқылап ұсыныс, ақпараттар беріліп отырылды. 5-сыныптардың оқушыларының бейімделуі жақсы сәтті өтті.


Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама Н.Г Лусканова бойынша

Денгейлері	5а		5ә	
Жоғары деңгей	6	35%	8	42%
Орташа деңгей	11	64%	11	57%
Төмен деңгей	-	-	-	-




Сонымен қатар қазан айында Филипстің мектептегі мазасыздық сауалнамасы алынды 5-7 сыныптар аралығында.

Сыныптар	Қалыпты жағдай		Орташа көрсеткіш	
	Count	Percentage	Count	Percentage
5а	9	47%	9	47%
5ә	11	55%	7	35%
6а	14	87%	0	0
6ә	13	68%	1	5%
6б	15	93%	0	0
7а	10	66%	1	6%
7ә	14	82%	0	0
7б	17	94%	1	5%



Өзін – өзі бағалау сауалнама алынды, оқушылардың өзін -өзі бағалауларын анықтау мақсатында жүргізілді.

Сыныптар	Жоғары		Орташа		Төмен	
	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз
0а	9	52%	6	35%	1	5%
0ә	11	64%	5	29%	-	-
1а	13	56%	7	30%	-	-
1ә	11	55%	7	35%	1	5%
1б	12	52%	7	30%	-	-
2а	7	46%	5	33%	-	-
2ә	8	44%	9	50%	-	-
2б	9	60%	4	26%	-	-
3а	10	55%	6	33%	1	5%
3ә	9	47%	9	47%	-	-
3б	12	57%	7	33%	-	-
4а	13	81%	2	12%	-	-
4ә	11	64%	6	35%	-	-
4б	8	61%	5	38%	-	-




1-сынып ата -аналар жиналысы болды. Оқушылардың 1-сыныпқа бйімделуіне кеңестер айтылды. Сонымен қатар «Өмір қымбатсын маған» тренингі жүргізілді 7-9 сыныптар аралығында. Сынып жетекшілерге буллинг және кибербуллинг туралы айтылды, буллинг туралы 7-8 сыныптарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Зорлық зобылықтын алдын алуға байланысты ұстаздарға шағын дәріс жүргізілді.

Түзету жаттығулары жүргізілді. Нәтижесінде сынып оқушылар мен өзін - өзі бағалауына байланысты әр түрлі тренингтер , ойындар жүргізілді. Қажетіне қарай психологиялық кеңесте берілді.

Оқушылардың кәсіби бағытын зертеу жұмыстары жүргізілді. Кәсіби тандау туралы Дж. Холланд сауалнамасы алынды.

Бағыты	8а		8ә		8б		9а		9ә	
Реалистік тип	7	43%	17	94%	14	42%	7	30%	5	21%
Интеллектуалдық	5	33%	4	0,4%	10	34%	8	34%	3	13%

тип.										
Әлеуметтік тип.	22	98%	30	53%	24	83%	11	47%	21	91%
Конвенциялық тип	4	25%	12	13%	15	49%	9	39%	5	21%
Тапқыр тип	15	93%	23	23%	21	95%	17	73%	10	43%
Әртістік тип	16	94%	18	18%	16	54%	13	56%	6	26%



"Кәсіби өсу мектебі" бағдарламасы аясында. Білім беру ұйымдарының мамандары үшін эмоционалды күйзелудің алдын алу бойынша тренинг жүргізілді. Мақсаты: Қатысушыларды бірлесе жұмыс істеуге баулу, атмосфераны құру эмоционалдық қауіпсіздік.

«Жетістікке жету өз қолыңда» атты тренинг жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың өзін - өзі анықтай алуына, алдына қойған мақсатына психологиялық жағынан көмек беру, жас жеткіншектердің болашақта тұлғалық дамуына жол ашу.

Мектеп әлеуметтік педагогының 3 жылдық жұмыс талдауы.

Әлеуметтік педагогтың мақсаты: Оқушылардың тұрмыстық жағдайын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың әлеуметтік құқығын қорғау және балалардың дамуына жағдай жасау. Мектеп пен отбасы арасындағы қарым қатынасты дамыту. Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, азаматтық, әкімшілік, отбасылық қылмыстық заңдарды негізге алып, заңға бағынатын азамат тәрбиелеу. Мектептен тыс ұйымдармен өзара қарым-қатынасты үйлестіру. ҚР «Бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы», «Білім туралы» заңдары басшылыққа алынып, бала құқығы мен мүдделерін қорғау мәселесі мектебімізде келесі бағыттар бойынша құрылды:

- Балалардың құқықтары мен заңды мүддесіне байланысты ҚР заңдарын орындау;
- Ата-аналарға, оқушыларға, мектеп ұстаздарына кеңес берілу, тренингтер өткізу, диагностикалық жұмыстар жүргізу;
- Балалардың сапалы білім алуына және дұрыс тәрбиеленуіне әлеуметтік жағдай жасау;
- Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу жұмысы жүргізу;
- Балалардың бос уақытын ұйымдастыру;

Тиісті мекемелермен (жұмыс пен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, балалардың құқықтарын қорғау департаменті, денсаулық орындары, қамқорлық және қорғаншылық органдары, көмекке толмағандардың құқықтарын қорғау комиссиясы) тығыз байланысты болу, бірігіп жұмыс жүргізу.

Осы бағыттар бойынша келесі міндеттері шеше бастадық:

1. Ата анасыз, ата ана қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан балаларды, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды, олар туралы мәліметтер, құжаттар жинақталды.

Міндеттері:

- Оқушылардың қызығушылықтарын және қажеттіліктерін, қиындықтарын және проблемаларын уақыттылы анықтау;
- Әлеуметтік, педагогикалық көмекті және қолдауды қажет ететін оқушыларға уақыттылы көмек көрсету;
- Әлеуметтік ынтаны дамытуға, әлеуметтік бағдармалар және жобалары іске асыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру;
- Сабақтан тыс уақытта оқушының дарыны, ой және дене қабілеттерінің жақсаруына жағдай жасау;
- Жеке тұлғаның мектепте, отбасында қоршаған әлеуметтік ортада психологиялық жайлылық және қауіпсіздік жағдайларын туғызу;
- Оқушыларға көмек көрсету үшін мұғалімдердің, ата-аналардың (оларды ауыстырып жүрген тұлғалар), түрлі қызметтер және органдар мамандарының әрекеттестігін үйлестіру.

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

2021-2022 оқу жылының жоспар бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/8232-20-03-24-19-16-28-2021-god>

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

Мектептің 2021-2022 оқу жылының әлеуметтік төл құжаты құрылды:

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/8562-20-03-24-19-28-35-2021-god>

Жалпы оқушы саны -541

Көпбалалы жанұядан шыққан оқушылар саны-112

Азқамтылған жанұядағы бала саны-36

Жетім балалар саны -0

Мүгедек балалар саны-1

Ерекше білімді қажет ететін оқушылар-4

Тегін тамақ ішетін балалар саны -27

Мектепте тегін тамақтанатын аз қамтылған оқушылар саны және сынып оқушылар саны - 89

1) Оқушылардың құжаттары тексеріліп, көпбалалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Барлық көпбалалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Барлық көпбалалы отбасының саны 45 оның ішінде 112-ге жетті.

1 тамыз және 30 қыркүйек аралығында «Қайырымдылық» акциясы аясында әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушыларға үнемі көмек көрсетіледі. Мектебіміздің аз қамтылған және аса мұқтаж отбасыларынан шыққан оқушыларға демеушілер тарапынан мектепке қажетті көмек көрсетілді. Мектебіміздің оқушыларына оның ішінде Манат Ануар мектеп формасы, Серікқызы Гүлнұр, Мусулманбеков Раяна, Асылбекқызы Мадина, Каюпов Жігер және Каюпова Мөлдірге мектеп құрал-жабдықтары берілді. Демеуші болған: медресе ұжымы.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/8045-20-03-24-19-21-54-2021-god>

Ата-аналар тарапынан жұмыс органдарынан кіріс туралы, жалақы анықтамасы және АСП алатындары туралы анықтамалар тапсырылды. Сонымен қатар ата-аналар тарапынан мектеп директоры атына материалдық көмек қажеттілігі (мектеп формасы, аяқ киім, спорттық киім) 2021-2022 оқу жылындағы өтініштері бойынша аз қамтылған отбасы балаларына жалпы білім беру қоры есебінен 2021-2022 оқу жылының қыркүйек айында 40 спорттық аяқ киім, 40 спорттық костюм, 1 мектеп формасы және 1 қара түсті туфли берілді.

2) Қазан айында көпбалалы отбасынан шыққан балалар аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, қамқорлыққа алынған балалардың құжаттары және әлеуметтік педагогтың құжаттар номенклатурасы қайта қаралып реттелді. Ата-аналарға құжаттардың жетпеген түрлерін қайта жинақтау үшін құжаттар тізімі берілді.

Қазан айында сынып жетекшілерімен біріккен жұмыстың нәтижесінде зерттеу жұмыстары жүргізіліп, сенімхатпен, өгей әкемен, өгей анамен және инклюзивті білім алу санатына жататын тізімі жасақталды.

Зерттеу барысында сенімхатпен, өгей әкемен, өгей анамен және инклюзивті білім алу санатын анықтау, тізімге енгізу, уақытында көмек көрсету, бақылауда ұстау.

Сенімхатпен тұратын оқушылар-8

Өгей әкемен, өгей анамен тұратын оқушылар-9

Инклюзивті білім алу санатына жататын оқушылар -4

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Мектептегі әлеуметтік көмек алуға құқығы бар оқушылардың барлығы мектеп кітапханасының кітаптар қорынан оқулықтармен қамтамасыз етілді.

Бұған қоса, мектептегі (жетім) қамқорлықтағы балалар, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға күніне бір рет 5 күн асханадан тегін ыстық тамақ ішеді. Автобуста жол жүру айлық билетімен көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар қараша, желтоқсан айлары қамтамасыз етілді.

Қараша айларында ерекше білім қажет ететін оқушылар арасында аудандық қол өнер сайысына біздің мектебімізден 1 «а» сынып оқушысы Мизенбаева Асылжан «Ақ орда» макетін және 2 «а» сыныбының оқушысы Қаз Нұртас «Экспо 2017» макетін жасап тапсырылды.

Сайыстың мақсаты: «Дәстүрлі халық мәдениеті және сәндік қолданбалы өнердің заманауи түрлері» дарынды балаларды анықтау және қолдау.

Оқушылармен бірігіп «Халықаралық темекі шегуден бас тарту» күніне стенд жасалды.

Халықаралық темекі шегуден бас тарту күнінің мақсаты - темекіге тәуелділік таралуын азайтуға, темекі шегуді профилактикалау, темекінің адамның, әсіресе балалардың денсаулығына зиянды әсер ететіні туралы қоғамның ақпараттануын арттыру.

Мектебімізде «Мейірімді жүрек» онлайн акциясы жүргізілді.

«Мейірімді жүрек» қайырымдылық акциясының негізгі мақсаты - жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттер мен мейірімділікке, жанашырлыққа, көмекке келуге, қарт адамдарға құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Адамның шын мағынасындағы білімді болу үшін үш қасиет қажет кең көлемді білім, ойлай білу және қайырымдылық сезім» дегендей осы үш қасиетті бойына сіңірген мектеп мұғалімдері оқушылары «Мейірімді жүрек» атты іс - шараға қатысып, белсенділік көрсетті. «Адам баласынан мейірім қашса, жер бетінен жақсылық қашады» деген екен данышпан халқымыз.

Қазіргі жастар тәрбиесінде жүректі ізгелендіру, жүректі нұрландыру арқылы адам жанына әсер ету үрдісін кең қолдану аясымен қол жеткізген жақсылық ізгі істер.

Қамқорлық акциясында байланысты мектеп фойесіне «Мейірімді жүрек» атты іс- шараға орай «Қайырымдылық қор» жинау мақсатында жиналған киім- кешектер мен қажетті мектеп құралдарын азқамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға берілді.

Осындай іс- шараға қатысып, қол ұшын берген мектеп әкімшілігіне, ұстаздарға ризашылығымызды білдіріп, алғыс айтамыз.

Желтоқсан айында «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырып бойынша 7а, ә, б сынып оқушыларымен дөңгелек үстел акт залында өткізілді. Онда балалардың «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» атты әңгімелеу барысында өз ойларын толық және ашық жеткізе отырып, балалар балалық шағын, ата ананың қасында болып, сыртта жора жолдастың арасында жүрсе де ешқандай қысымсыз жүру керек екенін атап өтті. Оларды ешкім бопсалауға, қорқытуға тисуге болмайтынын және де болған жағдайда үлкендердің көмегімен қандай іс - әрекет болмаса да оң жағынан шешуге тырысу керек екенін толық түсініп, айтты.

Желтоқсан айында ыстық тамақпен 61, бірінші сынып оқушылары және азқамтылған 24 оқушы тамақтануда. Тамақтану кезінде брокераждық комиссия мүшелері тексеріп, тексеру актісін толтырды. Осы тексеріс нәтижесі мектеп сайтына жүктеліп отырылды.

Жағдайы төмен отбасы Досболганова Айару, Айяулым, Серікқызы Гүлнұр, Асылбекқызы Мадина үйлеріне барып акт тексеріс жүргізілді. Тексеріс кезінде тұрмыстық жағдайы, балаларының денсаулықтарын бақылады.

7 желтоқсан күні «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына» және «Рухани жаңғыру» бағдарламасына арналған Нұрсұлтан қаласында тегін экскурсияға аз қамтылған отбасынан шыққан 2 оқушы және мүмкіндігі шектеулі 1 оқушы барды. Олар Қаз Нұртас 2«а» сынып оқушысы, Каюпова Мөлдір 8«ә» сынып және Мирабдулла Айсамал 9«а» сыныбынан.

2021 жылдың 13 желтоқсан күні мектебімізде 7-8 сынып оқушылар арасында зиянды әдеттер бойынша «Вейп темекіге қарсымыз» тақырыбында алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын мектеп психологы және әлеуметтік педагог жүргізді. Оқушылар қызығушылықпен тыңдап, ой пікірлерімен бөлісті.

Желтоқсан айының 27 күні №1 мектепте аз қамтылған отбасынан шыққан 2«б» сынып оқушысы Әлібек Жанерке және 4 «а» сынып оқушысы Смакова Аяжан аудандық жаңа жылдық шыршасына қатыстырылды, және сыйлықтар табысталды. 28 желтоқсан күні мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған №4 мектебінде Жаңа жыл мерекесіне 2 «а» сынып оқушысы Қаз Нұртас қатысып, тәтті сыйлықтар және жұмсақ ойыншық қонжық табыстады.

Атбасар ауданында ерекше білімді беру қажеттіліктері бар балаларға арналған 29 желтоқсанда жаңа жылдық мерекелер қарсаңында «Алком» кафесінде жаңа жылдық шырша өтті. Сол шыршаға біздің мектебімізден Мизенбаева Асылжан және Қожақ жарас барып қайтты. Аталған іс- шараның демеушісі «Алтын дән» ЖШС директоры М:К Байзақов. Балаларды Жаңа жылдық мерекемен Атбасар ауданының әкімі А.А Қалжанов, «Алтын дән» директорының орынбасары Ж.Ғ.Докумбаев және білім бөлімінің басшысы Наймушина Н.Г құттықтады.

1 қаңтардан бастап оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды мақсатында мектеп асханасының жұмысының ұйымдастырылуы; оқушылар бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. сыныптар және аз қамтылған отбасы балалары 750 тенге көлемінде тамақтанады. Ас мәзірі әртүрлі және толыққанды дайындалады. Асханада кезекшілік ұйымдастырулы. Оқушылардың өзіне өзі қызмет етуі бәрі қарастырылған. Қаңтар айында тегін ыстық тамақпен 1 сынып оқушылары - 62 және аз қамтылған оқушы саны - 27, барлығы 89 оқушы. Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар Ахметжан Мухамед 5«б» сынып, Ахметжан Али 5 «а» сынып және Баймендина Мерей 4 «а» сынып оқушылары мектепшілік бұйрық негізінде тегін ыстық тамаққа 02-01|11 бұйрық бойынша енгізілді. Айдың 25 де бухгалтерлерге табель тапсырылады. Тамақтану кезінде брокераждық комиссия мүшелері тексеріп, тексеру актісін толтырды. Осы тексеріс нәтижесі мектеп сайтына жүктеліп отырылды.

Инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру бойынша жасақталған іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылуда.

17-21 қаңтар аралығында ерекше білімді қажет ететін оқушылар арасында аудандық өткен «Шексіз шығармашылық бейнеролик» сайысында 3 «ә» сынып оқушысы Қабдрашит Әбділманап өз өнерін ортаға салып, «Отан» Бүркіт Ысқақовтың өлеңі мәнерлеп оқып, Атбасар қаласы туралы бейнеролик түсірді. Барлық бейнероликтер фейсбук, инстаграмм парақшаларына бейнероликтер жүктелді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата- аналарымен үнемі байланыста шығып, балалардың денсаулығы, сабақ үлгерімі туралы кеңестер беріліп тұрды.

Қаңтар айының аяқ кезінде медресеге және аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға рейд жүргізіп АКТ ЖБУ толтырылды. Қаңтарда сыныптарға «Жауапкершілік және оны жүзеге асыру нысандары. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» жайлы құқық туралы насихаттау жүргізілді.

Оқушылардың сабаққа қатысуы және сабақтан себепсіз қалатын оқушылар бойынша 2021-2022 оқу жылы барысында №7 жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылардың сабаққа қатысуы қатаң түрде қадағалануда. Әр күн сайын әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілерінің қатысуымен сыныптар арасында 1 сабаққа дейін рейд жүргізіледі. Рейдтің қорытындысы бойынша, егер себепсіз қалған оқушы болса, міндетті түрде сынып жетекшісі анықтап, кейін ол оқушыдан түсініктеме талап етіледі. Оқушылардың сабақ босатуының негізгі себебі: денсаулық

жағдайына байланысты болып жатады.Әрине олардың анықтамалары бар. Егер оқушы сабақты себепсіз 3-4күн босатса, комиссия мүшелері тағайындалып, оқушының ата- анасымен байланысқа түсіп, акт жасалады. Комиссия мүшелері міндетті түрде мектеп психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі және тәрбие ісінің меңгерушісінен құралады. Осы 2021-2022 оқу жылы барысында төмендегі оқушылардың үйіне барып, ата аналарымен жұмыс жүргізілді.

Ақпан айының 14-15 күндері «Жасөспірім және заң» тақырып бойынша 8,9,10,11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмысы жүргізілді. Онда балалардың «Жасөспірім және заң» атты әңгімелеу барысында өз ойларын толық және ашық жеткізе алды. Сұрақтарға ойлана жауап қайтарды және де оқушыларға зиянды әдеттер бойынша «Вейп темекі, ішімдік, наркомания» тақырыбында алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын мектеп психологы және әлеуметтік педагог жүргізді. Оқушылар қызығушылықпен тыңдап, ой пікірлерімен бөлісті.

Ақпан айында ыстық тамақпен 62, бірінші сынып оқушылары және азқамтылған 27 оқушы тамақтануда. Жалпы алғанда 89 оқушы тамақтануда.

Балалардан бұрын мектеп медбикесі тамақтану кезінде брокераждық комиссия мүшелері тексеріп, тексеру актісін толтырды. Осы тексеріс нәтижесі мектеп сайтына жүктеліп отырылды.

Біздің мектебімізде мүмкіндігі шектеулі 1 оқушы бар. Ол 2 «а» сынып оқушысы Қаз Нұртас Қозыбекұлы. Анықтамасы бар 2 топтағы мүгедек, психологиялық медициналық консультацияның қорытындысы бойынша- F81. 3 психологиялық дамыту тегеші /ЗПР/. Оқушының сабақ кезінде өзінің ұстау тәртібі , сабаққа деген ынтасы бар екені байқалып тұр. Сынып жетекшісі - Дәбиева Нұрсәуле Саттарқызы қазақ тілі, математика сабақтарын қатысып бақылады. Бақылау барысында анықталды: Оқушы мұғалімді мұқият тыңдайды. Басынан аяғына дейін тапсырмаларды орындауға тырысады. Тапсырмаға қызығушылық танытады. Жазбаша жұмысқа деген икемділігі көбірек. Кей кезде үлгере алмайды, үлгермеген жағдайда апайынан сұрайды. Есте сақтау қабілеті орташа, тез ұмытшақ.

Наурыз айының 11 күндері «Бұзушылықтың алдын алу» тақырып бойынша сынып оқушыларына түсіндірме жұмысы жүргізілді. Онда балалардың «Құқықтық бұзышылықтың алдын алу» атты әңгімелеу барысында өз ойларын толық және ашық жеткізе алды. Сұрақтарға ойлана жауап қайтарды және де оқушыларға Әкімшілік құқық, ҚР конституциясының баптары бойынша оқушылар қызығушылықпен тыңдап, ой пікірлерімен бөлісті.

17 наурыз күні 6 «а» сыныбында «Өзіне сен» тақырыбында ерекше білім беруді қажет ететін табысты адамдар туралы сынып сағаты өткізілді. Әңгімелесу барысында оқушыларға ерекше білім беру қажеттіліктері деген термин таныстырылды. Жетістікке жеткен мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірбаянымен танысты. Оқушылар қызығушылықпен тыңдап ой пікірлерімен бөлісті.

Көктемгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында жылғы 19-31 наурыз аралығында мектеп мұғалімдері пәндер бойынша қосымша сабақтар, әртүрлі конкурстарға, олимпиадаларға офлайн және онлайн режимінде қатысу, кітап оқу, ҰБТ ға дайындық, шығармашылық жобалар бойынша жеке ұсыныстар және кеңестер береді. Мектеп инстаграмының беттерінде оқушыларға білім беру ресурстары, виртуалды мұражайларға, электронды кітаптарға сілтемелер ұсыныл бойынша олардың бос уақытын ұйымдастыру жөнінде әңгіме жүргізіліпді.

Сынып жетекшілері оқушылармен және ата-аналармен тығыз байланыста болады, қызығушылықтары бойынша олардың бос уақытын ұйымдастыру жөнінде әңгіме жүргізіліп кеңестер берілуде. Әр сынып жетекші өз сыныптарын аудандық мұражайларға, аудандық кітапханаға апарды. Жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары барлық оқушылары барлық оқушыларды демалыс уақытын жоғалтпауға, зияткерлік қабілеттерін дамытуға, түрлі ғылымдар мен пәндер саласында ой өрісін кеңейтуге шақырады. Балалардың каникулда алған білімдері мемлекеттік қорытынды аттестацияға , ОЖСБ ға жақсы дайындалуға көмектеседі. Көктемгі демалыс аяқталғаннан кейін ең белсенді оқушылары марапатталады.

Ыстық тамақпен 62 бірінші сынып оқушылары және азқамтылған 27 оқушы тамақтануда. Жалпы алғанда 89 оқушы тамақтануда. Балалардан бұрын мектеп медбикесі тамақтану кезінде

брокераждық комиссия мүшелері тексеріп, тексеру актісін толтырды. Осы тексеріс нәтижесі мектеп сайтына жүктеліп отырылды. Айдың 25 күні бухгалтерлерге табель тапсырылады.

Сынып жетекшісінің іс әрекетіндегі әлеуметтік қорғауды кең және тар мағынада қарастырған орынды. Соңғысында бұл іс - әрекет ерекше қиын жағдайда қалған балаларды қорғауға бағытталды. Ондайларға басқаларға қарағанда шұғыл әлеуметтік қамқорлықты қажет ететін көп балалы отбасынан шыққан балалар, босқын балалар, мүгедек балалар, жетім балалар және т.б жатады. Ата аналары балаларына үй жұмысын орындауда көмек көрсетуге бағыт береді. Сынып жетекшісі пән мұғалімдеріне сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруға, жұмыстануға көңіл аударады. Әлеуметтік педагог Жунусова А.М.

Ерекше білім қажет ететін мектебіміздегі 1 «б» сыныпта оқитын Қожақ Жарас және 1 «а» Мизенбаева Асылжанның сабақтарына қатысып оқушылармен бірге жұмыс жасап түсінбеген жерлерді көрсетіп үйретті.

Атбасар көпбейімді ауданаралық ауруханасынан психологы Жаксылыкова Гульзат Сабитовна және мектеп психологы Шахметова А.Н қыз балалардың жеке гигиенасы және жыныстық қатынас туралы 8-11 сынып арасындағы қыздарға кездесу өткізілді.

2 сәуір күні мектебімізде «Дүниежүзілік аутизм мәселесі туралы ақпарат тарату» тақырыбы бойынша 6 «а» сынып оқушыларына сынып сағаты өткізілді. Онда балаларға Аутизм деген не? Жалпы елімізде аутизмге шалдыққан 6 мың бала бар екендігін. Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың 96, 58 % тәрбие, оқыту және түзету педагогикалық қолдаумен қамтылған екендігі. Аутизмі бар балаларды жалпы білім беру процесіне тартуға көп көңіл бөлінеді. Оқушыларға ондай балалар көрсендер мазақтамай, күлмеу керек екендігі айтылды. Оқушылар тыңдап, ой пікірлерімен бөлісті. Қиындық туғызатын оқушылардың бірі Темірханов Мирас 5 «ә» сынып оқушысы. Сынып жетекшісімен, педагог психолог, әлеуметтік педагог отбасының тұрмыстық жағдайын зерттеді, және АКТ ЖБУ толтырылды. Күнделікті оқушыны сабаққа келуін, дайындығын бақылау жүргізілді. Әлеуметтік педагог және педагог психолог сабақтарына қатысты, және де сынып жетекшісімен тығыз байланыста болды. Оқушымен ақыл - кеңес, әңгімелесу, сырласу жұмыстарын жүргізілді. Сынып жетекшісінен ұсыныс айтылды сыныптың қоғамдық жұмыстарына белсенді түрде араластыру және мектепшілік іс- шараларға қатыстыру оның жағымды жақтарын ашу сонымен қатар сыныптастарының алдында оқушыны қолдау қажет.

«Қамқорлықтағы асырап алған балалардың, жетім балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру»

Мектеп лагері - белсенді демалыс аймағы, насихаттық, дидактикалық, сөздік мектеп әрекетінен өзгеше әртүрлі қоғамдық мәні бар бос уақытты өткізу орны.

Балалардың сауықтыру лагерлері - балалар өз мүмкіндіктерін, бос уақытында жеке басына қажетті дене және әлеуметтік қажеттіліктерін жүзеге асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі. Бір жағынан, жазғы лагерь - жасы, жынысы және даму деңгейі әр түрлі балалардың бос уақытын ұйымдастыру формасы, екінші жағынан бұл – сауықтыру, көркемдік, техникалық, әлеуметтік шығармашылықты дамыту кеңістігі.

Мақсаты:

-Қамқорлықтағы асырап алған балалардың, мүгедек балалардың жазғы демалысын тиімді пайдалануына және сауықтырылуы мен демалысы үшін қажетті жағдайлар жасау, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру;

-Балалардың денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

-Әр күнді бағдарлама бойынша ұйымдасқан түрде өткізу;

-Лагерьге балалардың уақытымен, толық келулерін қадағалау;

-Балалардың ойын алаңындағы иертенгілік, дене жаттығуларын, қимыл қозғалыс ойындарын бақылауға алу;

-Саяхат және жорық кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталуын еске алу, бақылау, бақылау;

-Лагерь жағдайында бірыңғай тәртіпте салтанатты жиындар өткізу;

-Сурет,қолөнер тақырыптарында шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында көрме,сайыс,байқаулар ұйымдастыру;

-Ұлттық ойындар,логикалық және спорттық ойын түрлері арқылы баллардың қызығушылығын арттыру.

«№7 жалпы білім беру орта мектебі» КММ сі жанынан ашылған «Батыр» жазғы сауықтыру лагері 2021-2022 оқу жылынан бастап 2 аусыммен (әр ауысым 12 күн) баланы құрайтын мектеп оқушылары үшін күндізгі уақыттағы сауықтыру лагері жұмыс жасайды. Онда бастауыш сынып оқушылары,оның ішінде көпбалалы,ата - анасы мүгедек,аз қамтылған отбасы,үздік оқушылар,сәтсіз отбасы,намаз оқитын оқушылар,жартылай жетім және оралман отбасы балаларын лагерьге тарту міндетті болып саналады. 2021-2022 оқу жылында 3 ауысымға толықтырылып,жазғы сауықтыру лагері жұмыс жасайды.

Лагердің барлық бөлмелері бірінші қабатта орналасқан. Орындар жасылдандырылған,өрт қауіпсіздік сигнализациясы іске қосылған. Спортзалда ойынға қажетті барлық ойын-құралдармен қамтылған.

Әр күн оқушылардың уақыттарын көңілді өткізуіне арналған іс- шаралар жоспары құрылып,белгілі тақырыпта ұйымдастырылды. Әр ауысымда іс -шара жоспарларын жасауда психологиялық педагогикалық,экологиялық,дене шынықтыру,азаматтық патриоттық және көркемдік әдептілік қызметіндегі талаптар негізінде жасақталады. Іс- шара барысында ойындар, сайыстар, әдеби кештер, кездесулер, саяхаттар, көрмелер және т.б түрлі іс- шаралар ұйымдастырылды. Мектебіміз «Табиғатпен үндес» мектеп болғандықтан лагерь балаларын еңбекке баулу мақсатында мектеп ішіндегі гүлдерді суару, шаң тозалардан тазалау және мектеп ауласындағы ағаштар мен гүлдерді баптау сияқты жұмыстар да жүргізіледі. Сонымен қатар, лагерь балалары мектеп жанындағы жылыжайдың өнімдерін өздері жинап, өздері тұтынады.

Күтілетін нәтижелер:

-Балалардың денсаулығын нығайту;

-Мектеп оқушыларының дене шынықтыру және спорт сабақтарына қызығушылығын дамыту;

-Қарым қатынас,мәдениет,демалудың әлеуметтік тәжірибесін кеңейту;

-Қоғамдық пайдалы еңбек дағдысын қалыптастыру;

-Қоршаған орта бөлшегі ретінде өзіне саналы қарауды қалыптастыру;

-Тарихи жерлер жайлы мәлімет алу,жергілікті жердің жазушыларының өскен ортасы және туған жерімен таныса отыра,өз Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Биылғы 2021-2022 оқу жылының жазғы демалысында лагерь балаларымен квест ойынын,фантазиялық ойындарды, «Кәсіпкер боламын» ойынын және ұлттық ойындарды насихаттау барысында ойындарды іс-шара жоспарына сай орындалуын қамтамасыз ету.

Оқушылардың сабаққа қатысуы және сабақтан себепсіз қалатын оқушылар бойынша 2021-2022 оқу жылы барысында №7 жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылардың сабаққа қатысуы қатаң түрде қадағалануда. Әр күн сайын әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілерінің қатысуымен сыныптар арасында 1сабаққа дейін рейд жүргізіледі. Рейдтің қорытындысы бойынша,егер себепсіз қалған оқушы болса, міндетті түрде сынып жетекшісі анықтап,кейін ол оқушыдан түсініктеме талап етіледі. Оқушылардың сабақ босатуының негізгі себебі: денсаулық жағдайына байланысты болып жатады. Әрине олардың анықтамалары бар. Егер оқушы сабақты себепсіз 3-4 күн босатса,комиссия мүшелері тағайындалып, оқушының ата - анасымен байланысқа түсіп, акт жасалады.Комиссия мүшелері міндетті түрде мектеп психологы,әлеуметтік педагог,сынып жетекшісі және тәрбие ісінің меңгерушісінен құралады. Осы 2021-2022 оқу жылы барысында төмендегі оқушылардың үйіне барып,ата аналарымен жұмыс жүргізілді.

2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жылдық есебі

Жұмыстың мақсаттары: баланың бейімдеуінде, әлеуметтігінде, интеграция мен әлеуметтік қорғауында жетік әлеуметтік-педагогикалық көмегін көрсету.

Міндеттері:

1.Оқушылардың психологиялық, медикалық ерекшеліктерін зерттеу.

2.Оқушылардың қызығушылық пен қажеттіліктерін, қиыншылықтары мен жанжал оқиғаларын, мінез-құлықтарындағы ауытқуын анықтау.

3. Оқушыларға уақытылы әлеуметтік қорғау мен қолдау көрсету: балалардың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау үшін құқық нормаларын қолдану.

4. Оқушылардың психологиялық қолайлығын және қауіпсіздік жағдайын құруына көмектесу, олардың өмірі мен денсаулығының сақтауын қамтамасыз ету.

5. Мұғалімдермен, ата-аналармен, әлеуметтік қызмет мамандарымен, жұмыспен қамту отбасылық және жастар қызметі, қамқорлыққа мұқтаж ететін, физикалық мүмкіндігі шектеулілермен, сонымен қатар экстремалды жағдайларға түскен оқушыларға көмек көрсетудегі қайырымдылық ұйымдармен және т.б қарым қатынас.

2022-2023 оқу жылының жоспар бойынша келесі жұмыстар атқарылды

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/2894-20-03-24-19-17-36-2022-god>

2022-2023 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік төлқұжаты

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/4945-20-03-24-19-29-26-2022-god>

Мектеп бойынша жалпы оқушылар саны жыл басында – 554 оқушы болды. Оның ішінде:

- Аз қамтылған, жағдайы төмен жанұя балаларының саны - 22 бала /13 отбасынан

- Толық емес отбасы саны - 60;

- Көп балалы отбасы балаларының саны -139 бала, 55 отбасынан ;

- Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған бала саны - 0;

- Толық емес отбасы анасымен немесе әкесімен тұратындар саны - 60

- Сенімхатпен тұратын - 13

- Үйде оқитын оқушылар саны –1

- Медреседе тұратын оқушылар - 4

- Мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны - 0;

- Өгей ата-ана анасымен тұратын оқушылар – 17

- Ыстық тамақ ішетін оқушылар - 17

Аз қамтылған отбасыларынан шыққан - 17 оқушы, 1 сынып - 53 оқушы. Осы балалар үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. Тамақтану мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі және кестесі бойынша жүргізіледі. Ыстық тамақтың сапасы және ұйымдастырылуын бақылауды бракеражды комиссия жүзеге асырады. Мектебімізде ыстық тамақпен - 70 оқушы қамтылған. Күнделікті балалардың тамақтануы қадағаланып айдын соңында табель толтырылып есепшіге тапсырылады.

Қыркүйек айында жұмыс жоспарына сәйкес сынып жетекшілер арасында әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың үйлеріне рейд ұйымдастырылды.

Қазан айында сынып жетекшілерімен біріккен жұмыстың нәтижесінде зерттеу жұмыстары жүргізіліп, сенімхатпен, өгей әкемен, өгей анамен және инклюзивті білім алу санатына жататын тізімі жасақталды.

Қайырымдылық ізгіліктің көрінісі. Жақсылық жасаушының жолы ашық демекші 1 тамыздан 30 қыркүйек күндері «Мектепке жол акциясы» өтті

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/3215-20-03-24-19-23-12-2022-god>

Шығармашылық байқау «Инклюзивті білім» тізімде тұрған 2 «А» сынып оқушысы Мизембаева Асылжан қатысты. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды қорғау күніне» арналған «Жүректен жүрекке» мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекелік шара жоғары деңгейде өткізілді. Сонымен қатар 21 қазанда «Қыздар мен аналар арасында түсіністік» конференциясы өткізілді. Мақсаты: ана мен қыз бала арасындағы байланысты жандандыру. Ерекше балалар арасында аудандық қолөнер сайысына 7 сынып оқушысы Аманғазы Айбек қатысты.

Мектебімізде «Халықаралық темекі шегуден бас тарту» күніне арналған стенд жасалды.

Мақсаты: Темекі шегудің таралуын азайту, халыққа адам денсаулығына темекінің зияны туралы ақпарат беру.

«Мейірімді жүрек» қамқорлық акциясының негізгі мақсаты - жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттер мен мейірімділікке, жанашырлыққа, көмекке келуге

тәрбиелеу.Қамқорлық акция жақсы деңгейде өтті. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сабақ үлгерімі қадағаланып, сабаққа қатысу жыл бойы ұйымдастырылды.

5-11 сынып арасындағы оқушыларға Балалардың Конвенциясы туралы, бала құқықтары туралы мәлімет берілді.

12 желтоқсанда «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар бір-бірімен қазіргі кездегі зорлық-зомбылық туралы ойларын талқылады және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айтты. Оқушылар өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істеуге бармауға, адамның бойындағы қасиеттерді сақтауға, әдепті де, тәртіпті болып өсуге ой қозғады.

Желтоқсан айында аздамтылған отбасынан 3 «Б» сынып оқушысы Серікқызы Гүлнұрдың және 4 «Б» сынып оқушысы Қуанышпек Нұрислам үйіне барып, жағдайлары бақыланды. Жағдайы төмен отбасыларға және қауіпті топ отбасына мектеп тәрбие- ісі меңгерушісі, сынып жетекшісі, психолог және әлеуметтік педагогпен бірге тұрмыс жағдайын зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Аудан әкімінің ұйымдастыруымен өткен жаңа жыл мерекесіне аздамтылған отбасынан 6 «Ә» сынып оқушысы Мусулманбекова Эльмира, Серікұлы Думан, мүмкіндігі шектеулі 1 «Б» сынып оқушысы Аманбек Ердаulet, 3 «А» Қаз Нұртас және 7 «Ә» сынып оқушысы Аманғазы Айбек барып, көңіл күйлерін көтеріп, сыйлықтар мен тәттілер алып қайтты. Мереке көңілді өтті.

Сонымен қатар, мектеп оқушыларына тамақ бекітілген ас мәзірі бойынша режимге сәйкес белгіленген уақытта дайындалып берілді. Ас сапасы нормаға сай. Асхананың жалпы санитарлық-гигиеналық тазалығы жақсы. Мектеп асханасы талаптарға сай жұмыс жасайды. Асхана қызметкерлері санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтайды. Мектеп медбикесі Г. Сейсенбай асхана қызметкерлері медициналық тексеруден уақытылы өткен және денсаулықтары күнделікті тексеріліп, арнайы журналға тіркеліп отырады. Азық-түліктердің сертификаттары бар. Өнімдерді сақтау нормалар сақталған. Асханада әзірленген тамақтар мен тағамдардың сапасы күнделікті тексеріліп, арнайы брокераж журналына тіркеліп отырады. Асхананың ыдыс - аяқтары уақытылы тазартылады. Асхана заттары, ыдыс-аяқтар түгелдей қызыл бояумен белгіленген. Оқушылардың мектеп асханасында тамақтану сапасы жақсы. Мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен 70 оқушы қамтамасыз етіледі.

Оның ішінде:

1 сынып-53 оқушы.

Аздамтылған отбасыларынан шыққан балалар - 17 оқушы тегін ыстық қамтамасыз етілді.

Көпбалалы отбасынан- 10 оқушы.

Оқушылардың мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамтылуы оқушылардың жалпы санының 13,2% құрайды. Күнделікті балалардың тамақтануы қадағаланып айдың соңында табель толтырылып есепшіге тапсырылды.

Оқушы мен құқық бұзушылықтың алдын-алуға байланысты мектеп психологімен бірлесе отырып бірнеше сауалнамалар алынып, жұмыстар жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Сауалнама негізінде - оқушы мінез-құлықтарында шамалы өзгеріске ұшыраған. Ол балалармен әңгіме жүргізілді. Ата-аналар ескертілді.

Балалардың арасында зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» атты буклеттер дайындалды. Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық, буллинг және кибербуллинг туралы мағлұматтар беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту, зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру.

Бұл буклеттерді оқушылар сынып жетекшілерімен бірге жасады. 5-11 сынып оқушыларынан зорлық-зомбылықпен күресу туралы сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде оқушылар өзара зорлық-зомбылық жасамайтыны анықталды.

Мектептің әлеуметтік паспорт туралы нақтылау бойынша ПМПК , мүмкіндігі шектеулі балалар саны бойынша 5 бала, 7 «Ә» сынып оқушысы Аманғазы Айбек кетті. Сонымен 4 бала тізімде тұр.

5-11 сынып оқушыларынан зорлық-зомбылықпен күресу туралы сауалнама алынды.

«Жасөспірім және заң» 8-11 сыныптарда сынып сағаты өткізілді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың сабақ үлгерімі қадағаланып, сабаққа қатысу жыл бойы ұйымдастырылды.

5-8 сыныптар арасында профилактикалық-салауатты өмір салтын насихаттау және зиянды әдеттерден алдын алу бойынша сынып сағаттары және құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес отырысы өтті.

Аутизм мәселелері жөнінде бүкіл әлемдік ақпарат тарату күніне арналған жұмыс жоспары бойынша 03.04-28.04 аралығында келесі іс-шаралар өткізілді: Аутизм спектрінің бұзылуы туралы ақпараттық стенд жасалды. Аутизмнің шығу тарихы» тақырыбына сынып жетекшілер 5-11 сыныптарда сынып сағаттар өткізілді. Мақсаты: оқушыларға аутизм туралы ақпарат беру. Сонымен қатар, педагог-психолог «Аутизм жайлы не білесіз?» тренингін өткізді. Мақсаты: Аутизм туралы оқушылардың білімін арттыру.

1-4 сынып арасында «Балаларға жарқыраған күн,көк аспан сыйлайық» сурет салу көрмесі ұйымдастырылып, жоғары сынып балаларына әлеуметтік педагог «Аутизм -бөлек әлемі» баяндамасын оқып, балаларға аутизм туралы мәліметтер берді.

Мақсаты: «Өз әлемінде өмір сүретін балалар» туралы ақпарат беру.Сонымен қатар аутизм туралы балаларға буклет таратылды.

Азқамтылған отбасы балаларына «Ишим» лагеріне тегін жолдамамен бару ұйымдастырылды. Аудандық «Ишим» лагеріне мектебіміздің азқамтылған отбасынан 2 «Ә» оқушысы Есенбаев Темирлан және 3 «Б» оқушысы Серікқызы Гүлнұр барып демалып қайтты.

Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылының бірінші жарты жылдығының есебі

Мақсаты:

Баланың қоғамдағы жеке басының әлеуметтік бейімделуі.

Міндеттері:

Балалар мен жасөспірімдердің үлгерімін арттыру және әлеуметтік бейімделу бойынша мектептің барлық мамандарының қызметін үйлестіру.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.

1. Бақылаудың әртүрлі түрлерінен тұратын оқушыларды, балалардыәлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.
2. Оқушыларда салауатты өмір салты туралы білімдерін қалыптастыру, оқу еңбегі процесінде оқушылардың шаршауының алдын алу.
3. Жоғары сынып оқушыларының білім беруді жалғастыруға деген ынтасымен танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.
4. Балаларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-ақпараттық көмек беру.

2023-2024 оқу жылының жоспар бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/3271-20-03-24-19-18-38-2023-god>

2023-2024 оқу жылдың қыркүйек айында сынып жетекшілері сыныптарының әлеуметтік паспорттарын толтырып тапсырды. Сыныптардың әлеуметтік паспорттарын талдап, жеңілдетілген санаттар анықталып, мектептің әлеуметтік паспорты құрылды.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/9886-20-03-24-19-30-13-2023-god>

Оқушыларды, отбасыларды жеке әлеуметтік психологиялық педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру бойынша сүйемелдеу қызметі туралы бұйрық бекітілді.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/psihologicheskaya-deyatelnosty>

Оқушыларды аз қамтылған отбасылар тізіміне қосу жөніндегі алқалы орган құру туралы бұйрық бекітіліп, оқушылардың жеңілдікті санаттарын тегін тамақтандыруды ресімдеуге құжаттарды жинауға көмек көрсетілді.Қамқоршылық кеңес мүшелері ата-аналар тапсырған құжаттарды тексеру нәтижесінде жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан оқушыларды мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұсынды.Тізім бойынша аз қамтылған оқушылар ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі анықталды

<file:///C:/Users/Жанат/Desktop/Қамқоршылық%20кенесін%20күру%20туралы%20бұйрықтар%20мен%20хаттамалар.html>

Айына бір рет брокераж комиссиясының мүшелері ыстық тамақ ұйымдастыруын, тамақ сапасын бақылап, тексеру ақтын жасап отырады. Ас <http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/akt> Апталық ас мәзіріне сай тамақтың сапасын мектебіміздің медбикесі бақылап отырады және бақылау тағамы күнделікті желілерге жүктеледі.

<https://www.instagram.com/p/C31u9ZeNQnF/?igsh=MWx2dW9zb2t0OG1hYQ==>

Сынып жетекшілерімен тәуекел топқа жататын оқушылардың үйіне барып, тұрғын үй тұрмыстық жағдай актісі жасалды.

«Мектепке жол» акциясына аса мұқтаж көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға демеушілер көмегімен, «Ақ ниет» фонды, «Халық банк» материалдық көмек көрсетілді. Демеушілер мектеп формалар, спорттық киімдер, спорттық аяқ киімдер, оқу құралдарын, рюкзактар алып берді.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/5602-20-03-24-19-23-57-2023-god>

Қазан айында сынып жетекшілерімен біріккен жұмыстың нәтижесінде зерттеу жұмыстары жүргізіліп, сенімхатпен, өгей әкемен, өгей анамен және инклюзивті білім алу санатына жататын тізімі жасақталды.

